


ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ, «ТҰРАН- АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ

А.Р. Тасмағамбетова
Н.М. Адамқұлов

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМІ МЕН ҚОЛӨНЕР ТАРИХЫ

Оқу құралы



Алматы 2023

УДК 391/395 (075.8)

ББК 85.126я73

Т 22

Пікір жазғандар:

Самуратова Т.К., п.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

Исанов Б.И., п.ғ.к., Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры

Казанған Т.М., п.ғ.к., Қазақ технология және бизнес университетінің доценты.

Т 22 Тасмағамбетова А.Р.

Қазақ ұлттық киімі мен қолөнер тарихы: Оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2023. – 112 б.

ISBN 978-601-214-216-7

Аталған оқулықта «Қазақстанның мәдениет тарихы» пәнінің мәселелері жан-жақты қаралған. Тақырыптық мәселелер қазақ киімі және қолөнер тарихын даму үрдісін түсіну және зерттеу, дизайнның қазыргі замандағы өрбу жағдайларын талдауда жастардың эстетикалық ой-өрісінің қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Оқу құралы жоғары оқу орнының студенттеріне, магистранттарға, оқытушыларға және өнертанушылар мен өнер саласындағы мамандарға арналған.

УДК 391/395 (075.8)

ББК 85.126я73

Баспаға «Туран-Астана» университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған.

ISBN 978-601-214-216-7

© Тасмағамбетова А.Р.

© Адамқұлов Н.М., 2023

© «Отан» баспасы, 2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1 ТАРАУ. ҚАЗАҚ КИІМДЕРІ	
1.1 Көшпенділер өркениетінде – қолөнер саласы.....	7
1.2 Қазақ киімдерінің этимологиясы.....	9
1.3 «Қазақ әйелі» концепциясіне қатысты киім атауларының лингвомәдени мәні.....	19
2 ТАРАУ. ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР	
2.1 Ұлттық киімдер түрлері.....	29
2.2 Басқа ұлттардың салттары мен киімдері.....	41
2.3 Бүгінгі күн талабына орайластырған киімдер тобы.....	42
2.4 Тігін түрлері.....	56
2.5 Кесте түрлері.....	58
2.6 Жәдігер қолөнері.....	59
3 ТАРАУ. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	
3.1 Ұлттық киімдердегі ою-өрнектің мәні.....	70
3.2 Ою-өрнек арқылы іске асырылған қолөнер бұйымдары.....	83
ГЛОССАРИЙ	97
ТЕСТТІК ТАПСЫРМАЛАР	99
ТЕСТ ҚЫЛТТЕРІ	110
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	111

КІРІСПЕ

Қазақ киімі кез келген ұлттың киім өнерімен тайталасқа түсе алатын, тіпті, оқ бойы озық тұратын ғажап мәдени мұра. Өйткені, қазақ киімінің тарихы тым тереңде, ықылымдардан сыр шертер өткен замандарымызда жатыр. Жахандану дегенді желеу етіп, әлемді жауламаққа ұмтылған батыс елдерінен өндірілетін киімдер бүгінде аса бағалы саналса да, қазақ киімі түрлі өрнектермен, алтынмен, күміспен күтпеліп, аруларымыз бен сұлуларымыздың үстінде көлбеңдеп, қызымыздың да, кең даламыздың да көркін асырған кезеңде, сол батыс жұрты киім туралы түсініктен ада күйінде, беліне жапырақ байлап жүрген жабайы жұрт болатын...

Киім адамның талғамы мен мәдениетін көрсетіп қана қоятын фактор емес. Киім қоғам дами бастаған кезден адамдар үшін белгілі бір мұқтаждықтарды шеше алатын маңызды рөл атқарды. Бастапқыда адамдар суықта қорғану үшін өздері азық еткен аң терілерін денесіне жауып жүрсе, уақыт өте келе бұл терілерді өңдеп, пішіп, түрлі киімдер жасауға қол жеткізді. Жылдар өте келе олар киім тігетін маталарды да ойлап тапты. Мұның нәтижесінде адамдар тәнін жабуды, мезгілге орайластырып киінуді меңгерді. Адамдардың алғашқы өмір сүру қоғамы дегенімізде біз Шығыс мәдениеті жөнінде, Ұлы көшпенділер өркениеті жөнінде сөз етіп отырмыз. Оның ішінде өз ұлтымызда бар.

Қазақ киім-кешегінің өзіне тән даму жолы мен тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан, Сақ, Андронов мәдениетінен басталады. Андронов мәдениеті – б.з.д. екі мың жылдықтың соңғы жартысы мен бір мыңжылдықтардың басында Батыс Сібір мен Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті.

Ал, б.з.д. VII - III ғасырларда сақтар негізінен Оңтүстік Шығыс және Орталық Қазақстан жерлерін мекен еткен. Сақ тайпалары мәдениетін (массагет, яксарт, дай, сармат, ари, фарат, көмар, асқатаф, исседон, асси, хазар т.б) секілді тайпалардың құнды деректері мен ежелгі заманда жазылған көне гректердің ғұламалары қалдырған жазбалардан, парсы тарихшыларының күнделіктерінен көреміз. Олар өз жазбаларында сақ тайпаларының әр мезгілге арнайы киім киетінімен қатар, қыз-келіншектерінің киімдері туралы да тамсана жазады.

Ол жазбаларда грек тарихшылары сақтарды «азиялық скифтер» деп, ал, парсы тарихшылары «сақтар» деп атаған. Мұнымен қоса, қазақ киім кешегінің тарихы алыста жатыр деген сөзіміздің дәлелі ретінде елімізде жүргізілген археологиялық зерттеулер негізінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілерін де мысал етіп айта аламыз.

Еңбегімізді жазу барысында үңілген ғылыми-тарихы құнды деректер негізіне назар салсақ, қазақ халқының киім-кешек өнері ежелгі замандардан бастау алып, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар

өнерінің ықпал әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән бір жүйеге түскенін көре аламыз. Мұның мысалы ретінде Үйсін мәдениетінің жәдігері ретінде табылған зираттағы батырлар мен оларға қоса көмілген киімдер мен алтын адамның киімін айтсақ та жеткілікті.

Ежелгі ғалымдар Геродот, Ктесий, Страбон секілді ұстаздардың сөзбегіне жүгінсек, өз заманында өмір сүрген сақтар мен массагеттердің киімдерінде айрықша салтанат пен өзгеге ұқсамас айшықтар болғаны жөнінде ерекше тоқталады. «Олар киген тақиялардың төбесі доғал емес, үшкір болды, етіктерінің барлығын былғарыдан басады, сырт киімдерін түрлі оюмен, орнамен, кестемен көмкеріп, батырлар мен жауынгерлердің киімінің етегіне аңның бейнесін, құстың бейнесін кестеледі», - деп жазады.

Ал, Геродоттың айтуы бойынша, «сақтар ұстаған найзаның, садақ ұшының гүна емес, үлкен талғам мен үлкен байлықтың иесі болған олар киген киімдерінің жалпақ белбеуі мен бастарына киген дулығаны да алтын мен күмістен соқтырады».

Сақ дәуірінде пайда болған киім-кешектердің алғашқы элементтері мен үлгілерін өліміздегі барлық аймақтағы тігіншілердің киім тігу өнеріндегі белгілерінен көруге болады. Сақ мәдениеті тек жалпақ қазақ даласына ғана емес, Сібір мен Қара теңіз жағалауын мекендеген тайпалар мәдениетімен де ұштасып, олардан да керекті элемент-қорек алып, жүрдек далағана. Сақтар мәдениеті осылайша, Венгриядан Қытайға дейін, Сібірден асып, орыс елінен асып, Үнді, Қытай, парсы елдеріне таралды. Ал, беріде бұл мәдениеттің мәйегін тараушы ретінде Ұлы Жібек жолы айрықша рөл атқарды.

Үй кәсіптерінен Андроновшылар үй тіршілігіне қажетті нәрсені өздері жасады. Жіп піру, тоқу, теріні өңдеу, киімді түрлі-түсті жіппен әдіптеп, бәрін игерген. Матаға қажетті жіпті мал жүнінен игерген. Тоқыма станогы, ұршақ болды. Олар өкшесіз аяқ киім киген, жүннен тоқыған, теріден тіккен құлақшан киген. Әйелдер көбіне ұзын жеңді етегі жер сығған жүн көйлек киіп жүрді. Әшекейлік бұйымдардан сырға, салыаншақтар, моншақтар таққан.

Андронов, сақ мәдениеті дәуіріндегі жауынгерлер мен батырлар киімінде жуан және жіңішке сызықтар болды. Бұл үрдіс сақ жауынгері алтын адамның киімінде де бар. Бұл сол кездегі тігіншілер тудырған даламыздың алаңтығын, шексіздікті, кеңдікті көрсететін символы еді. Ал, қыз-келіншектерінің көйлегінің етегін кемпірқосақ түспен әдіптеді. Бұл жауыннан кейінгі кемпірқосақты бейнелеу символдық мәннен туындап еді. Мұндағы сары бояу күнді көрсететін. Күн көшпенділердің сенімі мен тірегі тектес еді. Ал, жасыл түс бояуы нәп пен молшылықты бейнеледі. Осы секілді көптеген бояулардың өз мәні болды.

Қазақ жері – бағзы замандардан талай мемлекет салтанат құрып, дәурен кешкен, Күлтегін ескерткішінде айтылғандай, дүниенің төрт

бұрышын алған, дүниенің төрт бұрышы соларға қараған, азды көп қылған, кедейді бай қылған, тату елге жақсылық қылған, хандары алтын сарайларда тұрған, алтын тақта отырған, алтыннан киім киген, өздері түгіл ат әбзелдерін алтынмен аптаған ержүрек елдің алтын бесігі. Ұлы Еуразия кеңістігі, оның ішінде қазақ даласы сан ғасырлар бойы жойқын соғыстар майданына да айналған. Талай талауға да, тонауға да түскен. Салтанатты сарайлар қирап, жермен-жексен болған, бабалар жасаған асыл мұралар талапайға түскен, сөйтіп тарихымыздың талай-талай жарқын беттері, құнды деректері мүлде өше бастаған, ұмытылып, елдің санасынан, жадынан шыға бастаған.

I ТАРАУ. ҚАЗАҚ КИІМДЕРІ

1.1 Көшпенділер өркениетінде – қолөнер саласы

Қазақтың ұлттық киімдері, қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына.

Қазақтың ұлттық қолөнер мәдениетінің тарихында зергерлік қолөнер шығармашылығы айрықша орын алады. Осы қолөнер шығармасында халқымыздың көркем шығармасы мен материалды құндылықтарының деңгейі, тапқымы, мұраты толық және айқын көрсетілген. Қола, күміс, алтын және тағы басқа мәңгі сақталатын құнды материалдар ғана ежелгі күшпен біздің күнімізге дейінгі халықтық өнердің дамуының үздіксіз жолын қадғалашуға мүмкіндік береді.

Аты шыққан А. Қастеев мұрағатының қорында қазіргі таңда 5 мыңнан аса экспонаттары бар және ол халықтық заманға сай сәндік-қолданбалы қолөнер шығармаларына бай бар екендігін айтады. Оның ішіндегі екі мыңнан аса экспонаттары XIX-XX ғасырдың қазақ зергерлік бұйымдар үлгісі.

Қазақ киімі тұрасында сөз өткенде, біз қандай да бір даму сатысына көшсе бұрын өзіміздің салтымыз бен санамызға жүгінуіміз керек. Сол, өзінен дәстүр бізді қандай жақандану болса да аман алып шығарына өзіміздікіміз. Осы ретте ең арғысы қазақтың өз қолынан шыққан табиғи жүннің өзі, жүннен істелген заттың өзі тәрбиеден аса зор орын алады. Ертеде, біздің аналарымыз бен әжелеріміз бала туылғанда жөргек ретінде тек жүннен ірілеткен жіптен тоқылған жаптық жасайды екен. Бұл малдың етін жеп, жүнін, терісін киім өткен ұлтымыздың төл дәстүрінен алынған нәрсе. Бала өсе келе, жүннен тоқылған жөргектің орынына елгіріден жасалған бөстекке немесе тулаққа ұйытатын үрдіс болған. Бұдан шығатын қорытынды: халқымыздың төл әдебі мен санасынан ауытқымау деген озық ұғым.

Өз дәстүрімізге сай жүннен жасалған көрпе төсек жасасақ, өзіміздің салтымыз бен дәстүрлерді сақтап қалар едік.

Ертедегі уақытқа назар салса, олардың дәстүрі мен мәдениеті жауынгерлік рухтың талаптарымен өте үндесін дамыды. Еуропа халықтарындағы қорқынылғын көбіні көшпенділер туындатты. Олардың ұғымындағы «Баба Яга» түркілердің «Баба» сөзінен шыққан. «Баба Яганың» үйі көшіп, қонып жүреді, көшпенділер де көшіп, қонып, үйлерін өз жанында ұстайды. «Баба Яганың» қолында әрдайым қаруы болады, көшпенділер де қолына қамшы ма, қылыш па, найза ма... сондай бір заты

болады. Бұл көшпенділерден қорқу мен жасқанудан туындаған қиялдың жемісі еді.

Сол секілді Еуропалықтар «Шошақ бөріктілер», «Сыңар емшектілер» секілді т.б. адам сенбес ғажайып, жан түршіктірер адамдар туралы аңыздар айтылғанда зәре-құты қалмай қорқатын. Олардың қорқынышты образ ретіндегі тағы бір персонажы «Жалғыз көзді» дәу. «Жалғыз көзді» дәу көшпенділер садақшыларының бірі. Себебі, көшпенділердің жасағындағы садақшылар дәл көздеп үздіксіз ата беру үшін бір көздерін ұдайы байлап алатын немесе осы кәсіпті шебер меңгеру мақсатында бір көзін ағызып тастайтын да қатал үдріс болған. «Кентавр» ұғымына келер болсақ, ат үстінен ешқашан түспегесін, одан ауып құламағасын, «денесі жылқымен тұтасып кеткен» көшпендіні еуропалықтар кентавр деп атады. «Шошақ бөріктілерге» келсек, шошақ бөрік дегеніміз-ол «дулыға». Түркі халықтарына дәстүрлі шошақ бөрік кию бұрыннан бар әдет. Ал, «сыңар емшектілер» деп аталғандары жауынгер қыздар, яғни, амазонкалар еді. Оларды дайындауда садақ тарту кезінде кедергі келтірмес үшін бір емшегін кесіп тастайтын болған.

Бұл көшпенділер қауымының даңқы мен алып өркениетін дәлелі. Бір кезде жер мен көктің тәңірісіндей болған Көктүріктер деп аталатын таңғажайып ел болған...

Көшпенділер киім, кешектері мен қолөнері туралы көптеген ғылыми жұмыстардың да жазылғаны ақиқат. Өткен ғасырлардың еншісіндегі Шоқаннан бастап, кешегі Ө. Жәнібеков ағамыз ою, өрнегіміз бен ұлттық киімдеріміз барысында орасан зор еңбек жазып қалдырды. Ұлттық киімдеріміз туралы жазылған сәнгер С. Асанованың еңбектері бір төбе. Өйткені, сән әлемі мен ұлттық киімдерімізге деген қызығушылық бұл саладағы зерттеулердің кең қанат жаюы, бүгінгі сән тұрғысына деген жаңаша көзқарас барлығы қосыла келе, ұлттық қолөнерімізді айрықша тармақтарға бөліп талдау қажеттігін айқындап берді. Осыған байланысты қолөнердің түрлі тармақтарын талдап, ғылыми бөліктерге сай келетін үлгілерін арнайы зерттеу мәселесі туындады.

Көшпенділер өркениетінде – қолөнер саласы әлі де зерттеу көздері толық ашылмаған, тың тарап. Ұлттық қолөнер бұған дейін тек, жалпылама атауларды түсіндіру мен түрлі суреттер мен фотоларды көрсету негізінде ғана болып келген болса, осы кітап бұл саладағы айрықша жаңалық. Өйткені, осы ғылыми зерттеу дүйім көшпенділер өркениетінің тарихына, этнографиялық жағдайына, киім атауларының этимологиясына да жан жақты үңілді. Негізінде барлық киімдер мен киім атауларының қолдану ерекшелігін айқындатады, көшпенділер мәдениетін көрсетеді. Осындай түбегейлі зерттеуден соң ғана көшпенділер мәдениетіндегі ұлттық қолөнерінің қолданыстық сипаты ашылмақ. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық қолөнерімізді ғылыми аспектіде қарастыру бүгінгі күннің басты талабы.

1.2 Қазақ киімдерінің этимологиясы

Қолөнердің шығу төркіні мен атауларының төркіні барысында да, ол атаулардың этимологиясы турасында да көптеп айтуға болар еді. Киімдер атауларының тек киімдік қолданыста ғана емес, шешендік сөздер мақсатында да қолданғанын көреміз. «Жауын жаумай шапаны су болып жүр» ұғымы тәріздес көптеген тілдік тіркестеріміз бар. Осы орайда этнос туралы небір құнды дерек-мағлұматтармен толықтырып, мазмұн, тақырып ауқымын кеңейтіп, мән-мағынасын тереңдете түсетін тілдің дерек көздеріне ауыз әдебиетінің ішінде фольклор шығармалары жатады. Ауыз әдебиетінің өзге жанрлары тәрізді олар халықтың ерте заманғы тұрмыс-тіршілігінің куәсі, өмір айнасы болумен қатар, таза көркемдік қасиеті мен дүниетанымдық ерекшелігі тұрғысынан да ерекше бағалы. Ал, ауыз әдебиеттегі көптеген сөздер киім, кешек атауларымен үндесіп жатыр.

Қазақ халқына тән киім кешектер барысын сөз еткесек ұлтымыздың ескі салтанат пен салт, дәстүрімізге қатысты өз мәнері бар киімдері мен олардың арнайы ою мен өрнекке бай екенін де көреміз.

Осы ретте, қазақ қызы мен кезек келінінің киімін көріп шетелдіктер таңданыстан білдіреді. Сондай той салтанатындағы атаулы киімнің бірі де, бірегейі де сәукеле деп аталады.

Сәукеле – бойжеткен қыздың ұзатылу тойында киетін сәнді бас киім. Сәукелені той өткен соң жаңа түскен келін бір жыл уақытқа дейін киіп жүретін болған. Сонымен қатар, сәукелені қыз-келіншектер түрлі жиын, тойға киетін үрдіс бар. Сәукеленің бір айтарлығы, оның биіктігі мен көрінісіне қарап, қалыңдықтың тегі кім екенін, әкесі қай дәрежедегі байлықпен иесі екенін анықтайтын болған.

Сәукеле негізінен тәж, төбе, құлақ бау, артқы бау, қиық бау, желбегей деген бірнеше бөліктен тұрады. Ал, еліміздің кей оңірінде құлақ баудың орысша алтын мен күмістен ұяны желбегей тігіп шыққан төмен түсіретін үрдіс те бар. Ұзатылатын қыз – қалыңдық киетін гүршілтік киім. Оның алтыннан не сом күмістен құйылған төбесіне үкі тағылып, маңдайына жақұт қондырылады. Екі жақсауына моншақтан салпыншақ өріледі, төбесінен жерге дейін төгілген ақ желек жабылады.

«Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды» дейтұғын қазақтың танымында қыз бала он бес жасқа жеткен мезгілден-ақ, қызын ұзатып, онегелі жермен құда болуды көксейді. Орыс жұрты 13 деген саннан қорықса, қазақ үшін бұл сан жақсы ырым. Өйткені, он үш жаста балиғат болса, он үште отау иесінің шағы. Сондықтан да кей мезетте он үштен бастап құда түсу жоралғылары жасалатыны белгілі. Ал, бала пайда болмай тұрғанда құда болайық деп байлам жасасағын құдалықты қызыл құда, іште жатқан нәрестелерді айттыруды құрсақ құда, бесікте жатқан

балаларды атастыруды бесік құда десе, қызы он беске жетіп, күйеу келтіріп, қыз ұзатқан жұрттың қуанышында шек болмаса керек. Сонымен, «ақ жүзі он төртінде толған айдай» бойжеткен ұзатылатын болды (бұған дейінгі салт пен дәстүр бір төбе). Бойжеткеннің көйлегі, қамзолы, кемер белдігі, бастысы басында қалындық екенін айғақтайтын сәукелесі болуы тиіс.

Сәукеле - ұзындығы он қарысқа дейін биіктей беретін әшекейлі қалындықтың бас киімі. Мұның әр қарысы қымбат бағалы тастардан құралады. Айталық, бірінші қарысы күмістен, екінші қарысы алтыннан, үшінші қарысы гаухардан деген сияқты. Сонысына қарап, яғни сәукеленің биіктей бергеніне қарай қыздың бағасы да арта беретін болған. Қазақ байлары арасында қызының сәукелесін 100 жылқыға жасағандары да кездескен. Ал, қоңыртөбел дәулетті, кедей, кепшіктің қыздары сәукелесін қымбат маталармен әшекейлеген көрінеді.

Сәукеле туралы сөз қозғасақ, қалындыққа бұл бас киім кигізудің ұлттық сән екендігінен де бұрын, әуелі салт екенін айтуы керек. Қазақтың қыз ұзатар тойында айтылатын жар-жар жырында:

«Қара мақпал сәукеле,

Шашың басар, жар-жар»,-деп келуі мұның айғағы. Ұлы шаңырақ көтеріп, той жасайтын қазақтың салт дәстүрлерінің түрлері көп. Соның ішінде қалындыққа сәукеле кигізудің орны бір бөлек. Себебі, сәукеле әйел киімдерінің ішіндегі ең асылы ғана емес, оның жұбайлық өміріндегі елеулі кезінің естен кетпес ыстық сәті. Ол бұлғақтап өскен оң жақтағы және ақ босаға аттар арасындағы қимас та қызықты кездің ескерткіші. Бұл аз болса келіншекке сәукеле кигізудің өзі бір ерекше салтанат. Бұған құда құдағилар шақырылады. Шашу шашылады. Ақ бата арналады. Сәукеле байғазысының бағасы да олқы болмайды. Сәукелелі келіншек ажарлы да базарлы көрінеді. Оны жұрттың бәрі көруге ынтық. Оның көрімдігі де соған лайық болу керек. Жас отау, сәукелелі келіншек, ойын сауық, көңілді күлкі жаңа өмірдің бақыт есігін ашқандай әсер етеді.

Сәукеле бас киім ғана емес қазақ сән салтанатының, салт дәстүрінің мәдени мен шеберліктің озық үлгісі, өнер туындысы. «Алтынмен апталып, күміспен күптеліп» дегендей, ол інжу маржан, гаухар, лағыл, жақұт сияқты асыл тастар тізбегімен әрленіп, әшекейленеді. Негізі мақпал, барқыт сияқты қымбат маталардан тігіліп, бұлғын, құндыз терілерімен жиектеліп, оқмен оюланып, түрлі түсті моншақтармен шашақталып, көркем жіптермен кестеленіп, алдыңғы жағы көзді тастармен қапталып, түрлі тағым, алтын, күміс теңгелермен безендіріледі, төбесіне үкі тағылады. Сәукелені әшекейлеу үшін оның тысының сыртына зер жіптен тоқылған оқаларды белдеулеп басады. Оның етегін мақпал не барқытпен көмкереді. Ал, маңдай тұсына зер не жібек шашақтың ұштарын тағады. Шашақтың сәукелеге жалғасқан тұсын асыл тастан көз орнатқан алтын,

күміс түйреуіштермен бекітеді. Сәуеленің ең сыртынан әшекейлі жібек матамен төгілтіп жауып қояды. Ол көйлектің етегі секілді жерге сүйретіліп жүреді. Көрсө көздің жауын алатын осы бұйым тек келіншек сәні ғана емес, той салтанаты мен құдалар беделін де көтере түсетін ерекше көрініс.

Қазақ қызының сәукелесі әдетте тоғыз қарыс немесе жеті қарыс болып келеді. Мұның әр қарысы әр түрлі қымбат таспен безендіріледі. Сәукеле қарысының жоғарылығына қарап, қыз құны да арта түскен. Ертеректе ел ішінде арнайы сәукеле тігумен айналысушылар да болған. Олардың қолынан шыққан сәукеле құнының ең төмені бес үйір жылқы болса, XIX ғасырдың аяғына жартысында өмір сүрген Кіші жүздің Байсақал атты байының қызының сәукелесін Кенесары ханның ағасы Саржан төре бес жүз байғұлға бағалаған.

Сәукеленің негізгі бөліктері – тәж, төбе, құлақ бау және артқы бау. Сәукеленің төбесі қиықтанып келеді. Оның төбесінде тәж деп аталатын жағдайдай дөңгелек айдыры болады. Маңдайына тағылған шашақталған өрнектер шекелік деп аталады. Ол барған жерінің ұрпағын көбейтсін, өсіп-өсетін деген игі тілекпен жасалған. Сәукеле шекелігіне көбінесе жылан басынан бейнесін салып, күмістен өрнектейді. Күміс тазалықтың, ал жылан бас бейнесі тіл-көзден сақтау және жылан дұшпанына сұсты болып көрінуге әсерін тигізеді деген мағынада жасалады. Яғни, пәле-жаладан төтенше келген қауіп-қатерден сақтау мағынасын білдіреді.

Сәукеленің төбесіндегі кінкентай тақия қалыңдықтың балалық шағымен қоштасу белгісі ретінде жасалды. Ал екі самайдан төмен түсіп тұратын құлақ баулар құрбыларымен қоштасу белгісі ретінде жасалады. Сәукеленің артқы бөлігіне, яғни желкелігіне, тағылған әшекей қалыңдықтың кейінде қалған туған-туысын, ел-жұртын ұмытпау белгісі ретінде тағылады. Халық ұғыманда, үйлену салт-дәстүрімізде сақталған «қиснетті бие киім» сәукеле жетілік әлемнің нышанды белгісі болып табылады. Сәукеленің төбесіне қаданған үкісі, «Өмір ағашы – бәйтеректі», ал сәукеленің өзі «Жер кіндігі – Көк төбені» бейнелейді.

Ерте кезде қалыңдықтың мінез-құлқын да осы сәукелеге тағылған әшекейге қарап білетін болған. Оған су моншақ, ақ моншақ сияқты жеңіл әшекейлер тағылса, ашық қыздың, ал бағалы, ауыр тастар тағылса, ұстамды, салмақты мінезді қыздың сәукелесі екенін білген. Сәукеленің жоқтығы өз кезегінде кедейліктің, жоқшылықтың нышаны ретінде саналды. Осы жайында С.Е.Толыбеков: «Кедейліктің бірінші белгісі – қалыңдықтың басында конус формалы, әртүрлі бағалы тастармен безендірілген үкі қауырсындарымен әшекейленген барқыттан тігілген – сәукеленің жоқтығы», – дейді.

Сәукеле – киізден ұшты етіп жасалып, іші-сырты шұғамен, терімен қапталады, алтын-күміс, інжу-маржан тастармен әшекейленеді. Тіл-көзден

сактау үшүн ең ұшына бір шок үкі қауырсындары, астына тізеге түсіре бау-бау інжу-маржандар қадалады [1].

Егер әйел бала тумай жатып қайтыс болса, сәукеле төркініне қайтарылады.

Халқымыздың ежелгі салтында қыздың сәукелесін тігу, оны безендіруге ерекше көңіл аударған. Сәукеленің сыртқы көрінісінен құдаласқан адамдар бір-бірінің тұрмыстағы ауқатын таныған [2].

«Сәукеле ұзатылған қыз әкесінің тапсыруы бойынша алдын ала дайындалады. Алтын, күміс әшекейлері, гауһар, інжу тастары мол сәукелелердің құны тіпті қымбат болады. Негізгі айырмашылық – олардың әшекейленуінде ғана» [3].

Қырғыз тілінде және кейбір түркі тілдерінде аталған термин, негізінен, «қалыңдықтың бас киімі» мағынасында жұмсалады. Қырғыз тілінде: шөкүле «богато украшенная конусообразная шапка молодой женщины» [4].

Е.Жанпейісовтың пікірінше, сәукеле лексемасы екі толық мағыналы сөздің бірігуінен тұрады: сәу және келе. Ғалым сәу компонентін көне түркілік сау «дені сау, бүтін, жақсы» [11].

Сағ «таза», сағ көңүл «ақкөңіл адам», сағ жағ «сары май» [6] татар тіліндегі сак «бүтін, тұтас», чуваш тіліндегі сыва «дені сау», сыха «бүтін» және осы мағыналарда татар тіліндегі сау, сак сөздерімен, түрік тіліндегі сағ «дені сау, тұтас» мағыналы [7] сай «таза, жұқа» [8].

Түрікмен тіліндегі сай «дені сау, күшті, көрнекті» [9]. Қырғыз тіліндегі сай (тұлпар туралы) «ерекше, атакты» [10] создермен байланыстырады. Сөйтіп, профессор Е.Жанпейісов жоғарыдағы сак ~ сағ ~ сау түбірлерімен қазақ тіліндегі сәукеле сөзінің түбірі сәу, қырғыз тіліндегі шөкелө сөзінің түбірі шө генетикалық жағынан төркіндес екенін көрсетеді. Ғалым сәукеле сөзінің екінші компоненті парсы тілінде және көпшілік түркі тілдерінде, негізінен, «бас киім» мағынасында қолданылатынына тоқтала келіп, жалпы түркілік сәу (сау) және парсылық күла (күлә ~ кела ~ келе) сөздерінің бірігуінен жасалған деген қорытындыға келеді. Сонда бірінші сыңары сәу «бүтін, тұтас, біртұтас» мағыналы сөз болса, келе деген екінші сыңары «конус пішінді бас киім» мағынасын білдіреді [11].

Сәукеле – қымбат, бағалы тастармен көркемделген, үкінің әдемі қауырсындарымен безендірілген конус пішінді бас киім. Оның қазақтың отбасылық ғұрпында символдық, сакральды мәні ерекше.

Сәукеленің тігілуі туралы ғалым Ө.Жәнібек былайша жазады: «Сәукелеге ұқсас баскиімдерді археологтар ерте ортағасырлық мүрделерден де кездестірген. Үйлену салтына арнап, қалыңдықты жасандырғанда, әдетте оның басына маңдайлық, желкелік жанамалар

кыстырылатын қаңқа ретінде, биіктігі 20-30 см-дей келетін, бағалы аң терісімен көмкерілген «сүйір бөрік» кигізетін де, үстіне сәукеленің өзін қондыратын болған. Сәукелеге міндетті түрде жұқа ақ желек ілетін болған. Ол беташар айтылғанда қалыңдықтың жүзін, бүкіл денесін жауып, төгіліп тұратындықтан, қыздың дене пішімін өте нәзік, сымбатты етіп көрсететін [12].

Қыз төркінінің тұрмысын танытатын әшекейлі, қымбат тасты сәукелені тігу үшін ертеде қаншама пұл, малдың құны керек болған. Қазірде халық ауында кең тараған әндердің бірінде «сәукелесі тұрады бес жүз жорға» деп айтылу да сәукеленің құнын танытатындай. Сәукеленің негізі –оның төбесі. Төбесін талдырма етіп қозы жүнінен арнайы басқан ақ киізден жұрпаң ұстатқан немесе алтын, күміс, меруерт, маржанмен, асыл тастармен әрнестеп, алтын жіппен әшекейлейді [13].

Қызылдық киімінің қатарында күйеу киімін де айта кеткеніміз жөн. Бұл тойдың әрін кіргізе түсер дәстүрге мұрындық болатын, ата-баба салтынан бір шарасы.

Күйеу киімі – қызылдық күйеуі болатын жігіттің өзге жігіттерден айнықталып тұруы үшін ғана емес, той сәні үшін де ерекше костюм. Күйеу киіміне қатысты сюжет «Абай жолы» романында бар. Алдынан шыққан жетпістер мен жас қыз келіншектер күйеуді киімінен танып алады. Сондықтан күйеу басқа жігіттерден салт бойынша ерекше киінеді. Бөркіне үкі тастап, қызыл шапан, биік өкше етік киеді. Бөркін көзіне түсіріп төмен қарап, кіншілік көрсетіп тұрмаса айып төлейді немесе сөзге, күлкіге ұшырайды. Сол бетімен қыз келіншектердің ортасына түскен күйеу небір аяқты аяқ қалыңға төзеді. Оның мінген атын «күйеу атымен күл тасы» дегендей ауыл балалары мініп алып қызыққа бөленеді. Бұл да ауыл салты.

Сонымен қатар, киімдер барысы еліміздің әр түкпірінде түрліше деп атауға не: «Түніменен “сөкпір теке” деп жүргенде, құжантық ілінбес шарқатыңа.» [14]. «Қара кемпір арқасындағы ішіне түйе жүн салып сырғанан пүлін жадағайын баласының аяқ жағында бір уыс боп бүрісіп жапқан келінінің шығына жапты.» [15]. «Көбілекнің шыққаны несі?! Шығына жадағайын іліп шықса қайтеді екен? [16] «Ашық омырау, қынама бел қара мауыт бешпет, шашақты тақия ауыл арасының қазағы емесін танытады». «Қыз жамбылшын шығына жеңіл іле салып үйіне қайтпақ ниет білдірді.» [18]

“Парсыша – қазақша түсіндірме сөздікте” шарқат сөзі – бас орамал, жаулық деп түсіндірілген. Н.Ильминский сөздігінде шарқат сөзі үлкен “қызыл шәлі” деп сипатталады [13].

Ә.Нұрмағамбетов шарқат сөзі шор – “төрт”, қат – “жақ”, “бүйір” мағынасында жұмсалатын екі түбірден біріккенін айта келіп, қазақ тіліндегі мағынасын “төрт жақты, төрт бүйірлі” деп түсіндіреді. Яғни, заттың формасы атауға негіз болған деп санайды.

Кәзекей/ кәжекей сөзінің түп-төркіні туралы Ә.Нұрмағамбетов былай дейді: “Сөз төркінін мон, ол тілі дерегіне сүйене отырып табуға болатын тәрізді. Монғол: қамзол – ханта аз, ал бешпент – хасаг ханта аз, хасагдах – қысқару, ықшамдалу. Осы деректерге табан тіреп, мына жорамалдарға келуге мүмкіндік бар: Біріншіден, «хасаг» сөзі «қысқа» мағынасын берсе, ол «хантаза» тұлғасымен тіркесіп (хасаг хантаз) – қысқа қамзол дегенді білдіреді. Сөз тіркесінен құралған киім атауы монғол тілінен түркілерге өткеннен кейін бері келе тіркестің соңғы сыңары түсіріліп, алғашқысының өзі-ақ қамзолдың түрін (қысқа түрін) білдіретін дәрежеге жеткен болу керек. Оған -ей жұрнақтарының көмегі де әсер етуі мүмкін: хасап ханатаз «хасақ», «кәсәк», «кәзекей», «кәзекей». Бұл тіркестің екінші бір өзгеру жолы мынадай да болуы ықтимал: «хасаг ханта» «аз хасаг хан» (тааз), «хасаг хан» «хаса» (г) «хан хаса хан» «қазақан» «кәзәкәк», «кәзеке» (н) й» «кәзәкей». «Хасаг Ханта аз» тіркесінің өзгеру жолының соңғы варианты ойға қонымды, шындыққа жақын көрінеді [19].

«Сондай сабырлы кісі екен, екінші тақасын енді қаға бастаған алдындағы жігіттің шоңқайма етігін алдына қояды да баласына назарын салып үнсіз қарайды» [20].

Тақа сөзі «Қазақ тілінің сөздігінде»: 1. Аяқ киімнің табанына байлайтын жылқының төрт не екі тұяғы. 2. Аяқ киімнің өкшесі, өкшелігі, – деп сипатталған [21].

Тақа сөзінің екінші мағынасы бүгінгі таңда батыс өңірінде сақталған, ал басқа өңірлерде тақа сөзінің баламасы ретінде өкше сөзі қолданылады. Алайда дифференциация принципін басшылыққа алып, аяққа қатысты өкше сөзін қолданып, аяқ киімге байланысты тақа сөзі қолданылғаны жөн деп ойлаймыз. Сол себепті тақа сөзін әдеби тілге енгізуге әбден болады деп есептейміз.

Жегде сөзі Алматы, Талдықорған, Жамбыл облыстарында, Қостанай облысында жейде түрінде айтылады. Қазақ тілінің материалдарына сүйенсек, йгі сәйкестіктері тілімізде бар құбылыс. Яғни бұл сөздің көне тұлғасы батыс аймақтарда сақталғанын көреміз. Сонымен қатар М.Қашқари сөздігінде де бұл сөз иагде тұлғасында кездеседі. Бұл сөзді де әдеби тілге қабылдауға әбден болады. Себебі “ерлердің көйлегі” деген ұғымды бір сөзбен – “жейде” деп айтуға болады.

Маңғыстау қазақтары киім-кешектерінің басқа жердегі қазақтармен жалпы бір тетелес болғанына қарамастан жергілікті ерекшеліктері де бар. Мұнда ұлттық киімнің ең көне түрлері көбірек сақталған. Себебі Маңғыстау қазақтары киімдерінің ұлттық ерекшеліктері көбірек сақталған. Сол себепті С.Руденко адай киімдерінің әлімдердікінен көп өзгешеліктері бар екенін көрсетеді [22].

Қай аудандағы қазақтың шапаны болмасын оның барлығында да шапанға шабу қояды да оны барлық жерде шабу деп атайды. Жең түптері кең келеді де, оны жеңтүп, ойынды, қолтырмаш деп атайды. Барлық жердегі қазақтарда шалбарға ау салады, қолтыққа қолтырмаш салады [23].

Шапандар көбінесе қайырма жағалы, тік жағалы болып, сырт тұрпаты бешпентке ұқсайды. Р.Карутц маңғыстаулықтардың шапандары татар бешпенттеріне ұқсас болатынын айтады [24].

Маңғыстауда қойдың не түйенің жабағысынан күпі немесе шекпен тыста шидем күпі, оңін сырғына қаратып қой терісінен тігілетін тон, құшан терісінен тігілген жарғақтар т.б. болатын. Тондар “қаптама”, “камзолша” болып екіге бөлінген. Қаптамасы суыққа сырттан киетін тон. Камзолшасы етегі тізеден жоғары келетін тон. Қозының қырқылмаған терісінен өңсең тон, ал қырқыланнан қырықпа тон киілген. Тонның белі таралып тігілетіндері “қынамай”, қынамайтындары “қаптал” деп аталады [25].

Маңғыстау қазақтарының аң терісінен тіккізетін шошақ төбе бөріктері мүлдем өзгеше. Бөріктің іші елгіріден немесе аң терісінен жасалатын да, матамен тыстап етегін қайырып қоятын. Бөрікті жазда киелі. Шошақ төбе бөрік бұрынғыда болған. Бөрік пен тымақтың негізгі аяны түрлері “адай тымақ”, “адай бөріктер” болып есептелген. Мәселен, жонбушы қазақтың қай жер, қай рудан екенін бас киімі арқылы аңай ажыратуға болатын [25].

Ерлер киетін етіктің бұдан басқа да түрлері болды. Мәселен, саптаманың бір түрі биік тақала шоңқайма етік. Мұның өкінесі биік болғанымен өкше сірісі аласа, түмесағы үшкір, қонышы тізеден аспайды. Аңға киілетін қайсы түмесақ жұмсақ етік салт атпен жүруге қолайлы /бір тақа/ жеңіл етіктер де жиі кездеседі. Елкі терісінен иленген жұмсақ былғарыдан – мәсі, сауыр былғарыдан кебіс тігетін. Кедейлер жұмсақ сары былғары етік шапата немесе табанша, шоқай, шәрке киді [26].

Маңғыстаудағы қазақ әйелдерінің бас киімінде ерекшеліктердің бары байқалады. Бас киімдер бірнеше түрге бөлінеді. Олар: телпек /тақия/, бөрік орамал, жаулық, кимешек, күндік, сәукеле, шәлі т.б. Әйелдер жалаңбас жүрмеген. Қыздардың киімдері әйелдерден тек басындағы қызыл түсті шәлі орамал арқылы ажыратылған [28].

Қыздар жазда төбесіне үкі, жағалай моншақтар қадалған телпек киіп немесе қызыл орамалдар тартса, қыста түлкі бөрік киетін. Бөріктің негізін киізден, астары мен тысын матадан жасайтын. Төбесі дөңгеленіп бөлек пішіледі де жалпақтығы төрт елідей киіз цилиндрдің бір жағына жапсырыла тігілетін. Мұндай бөріктің жазық төбесі түсті матамен тысталатын да іші астарланатын, ал етегі сырт жағынан түгелдей құндыз

яки сусар немесе түлкі терісімен қапталатын да, “құндыз бөрік” немесе “сусар бөрік” деп аталатын.

Тұрмыстағы әйелдің негізгі бас киімі кимешек және шаршы жаулық /күндік/. Ру-ұлыстық ерекшеліктер кимешектің пішілуінде, әшекейленуінде және шаршыны басқа орау әдісінде де байқалады. Мәселен, адай кимешегі мен жаулығы басқа өңірдегі бас киімдерден ерекше болған [29].

Біздің қазақ жырында:

Сарының басы сары дала, үкі-ау,

Сауыққа шығар біз бала үкі-ау, деген ән жолдары бар. Өйткені, үкі қазақ киіміне ең бір қастерлі де, әсем түрі ретінде тағылады. Осындағы үкі-ау – кәдімгі үкі құс. Қазақ үкінің қанат-жүнін қасиеттеп, оны киелі дүние санаған, сол үшін қыздардың тақия бөркіне, балалардың көйлек, камзолына қадап, жас баланың бесігіне байлап қоятын болған. Бұл жерде сол «үкілі тақия, бөрік» мағынасында айтылып отыр. Өйткені оң жақта отырған қыз енді үкілі тақиясын тастап, еріксіз сәукеле киеді, бұрын көріп, білмеген жат жұртқа келін болып түседі, міне, ұзатылғалы отырған қыздың үкі-ау деп қайта-қайта айтып, қайталауының бір мәнісі сол [30].

Үкінің осы сакральды мәні туралы қазақтардың дүниетанымын зерттеген Ғ.Ақпанбек былай дейді: «Қазақ қыздарының тақиясына тағынатын үкі қауырсыны аспан – көктің, яғни үстіңгі әлемнің көрінісінің белгісі болып шығады. Ал әшекейге үкі қауырсынын қолданудың өзіндік себебі бар. Таңдай өрнекті сарғылт түсті үкі қауырсыны қарағанда жағымды әсер етеді. Сонымен қоса, үлпілдеген үкіде үлбіреген кескінге әр беріп, сымбаттандыра түсетін ерекше өркендік қасиет бар. Үкінің қарағанда көретін жігілігі, дыбыс шығармай ұшуы, басқа құстардан ерекшелігі де, оны қасиетті деп есептеуге себеп болса керек» [31]

Қазақ халқы туғанда «ит көйлектен» бастап, өлгенде «ақыретке» дейін денесін киім-кешекпен қымтап, адам өмірі үшін аса маңызды киімнің жасалуына үлкен мән берген. Оны қажетіне тұтына білуінде этностың талғамы мен танымы өте жоғары болған. Мысалы, қамқа – қазақ тұрмысында кеңінен қолданылған материалдың бірі. Оның жалпытүркілік ежелгі мәдениетке тән екенін көне түркі сөздігінде көрсетілгенін байқауға болады: qamqı – қамқа, шелковая материя. [32]

В.Радлов сөздігінде: қамқа [alt. telil. kir. kkir.] қамқа, китайская шелковая материя деп берілген. Қамқа (п) (кәмха). Алтындаған, күмістеген жіппен тығыз етіп тоқылған жібек мата. [33]

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қамқа сөзінің екі түрлі мағынасы берілген. 1. Алтындатқан яки күмістеткен зерлі жіппен тоқылған жібек мата. 2. Қара түсті, терісі қымбат, көбіне суда өмір сүретін аң. Осы жерде «қамқа терісінен жасалған тон» деген мағынада қолданылып тұр.

Көптеген киім-кешек атауларының аты жасалған (тігілген) заттың (материалдың) атымен аталуы – тілімізде жиі кездесетін, заңды құбылыс. Қамқа тон – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ең әдемі, жылы, қымбат бағалы тонның бірі. Қамқа тонның осындай бағалылығын мына деректен көруге болады: «Оны бұрын хан, би, бай, мырза, ханша сияқты ауқатты, белгілі адамдар мен әйелдер ғана киген. Киімнің бұл түрлері ондатр, күндыз, бұлғын, манат, т.б. бағалы аң терілерінен түгі сыртына қаратылып, астарланып тігіледі. Иін әбден қандырып, қынаға бояп, аң терілерімен жиектен, қой терісінен қамқа тон тіккізген. Уәли хан (1741 – 1821) өлгенде оның қамқа тонын Айғаным ханша (1783– 1853) ханның сыйлас замандасы Байдыла биге кигізген»[34].

Шаныма тасқан шаш теңге,

Төтеле өскен жас жеңге,

Үзілген теңге шаныбас,

Сөйлей бір жеңге табылмас (Сыңсу)

Кейде ақша теңгелерін өзара үзбелеп алақан жасап, олардан бұтақталған теңгелер тізбегінің баулықтарына меруерт, маржан, жарықаралық тастар өткізін те шолпы жасайды. Бұлар кейде көп саныншақта болып, кейде бір-екі теңгелерден ғана құралады. Басқа күрделі, салмақты шолпылар көбінесе шашбаудан бөлек жасалып табылатын болса, теңгелі шолпылар үнемі шашбаудың екі ұшына бекітулі жүреді[35]. Бұл қыздың жүрісі сымбатты, әдемі болсын, басын тік ұстауға үйрету үшін керек. Қазақ қызы негүрлым шолпыларының сыбдырын шығармай жүрсе, соғұрлым оның жүрісінің сымбаттылық дәрежесі анықталады.

Қазине сәмсізі кидім қыялмаған.

Жананда жатыр жылысам жайырмаған.

Бар ма екен қыздан сорлы бұл жалғанда.


Топырақ туған жерден бұйырмаған (Сыңсу).

Қазине – қазіргі тілімізде қолданыстан шығып қалған, мағынасы күңгірттенген сөздердің бірі. Хезине – қазына. Сөздіктерде араб сөзі хазине – «мүлік, жиһаз, байлық» мағынасында беріледі. С.Мұқанов «қалыңды – жұқалы етіп тоқитын маталар «қазине» деп анықтама береді» [36].

Сонда қазине матаның түрі екен, бұл жерде осы «матадан тігілген киім» мағынасында қолданылып тұр.

Сонымен, үйлену, қыз ұзату ғұрыптарына байланысты өлеңдерде символдық мәнге ие ұғымдар көп. Олар фольклор поэтикасында тұрақты формулаға айналған. Этнографиялық, мифоғұрыптық деректер арқылы сакральды сөздердің мазмұнын, астарлы мағыналарын аңғаруға болады.

Қазақ киімдерінің этникалық жағына үңілсек, баланы қырқынан шығару үрдісімен байланысып жатқан да ғұрыптық түсінік бар. Бұл жерде екі



дүниенің арасын ажыратып тұрған әлдебір шегараны көріп отырмыз. Адам баласы туғанда осы шегарадан бері қарай өтеді; ол өзінің о дүниелік киімін («ит көйлегін») шешеді (яғни, о дүниенің күзетшісі болған итке береді, «ит жанын» қалдырады, ит кейпінен адам кейпіне ауысады), оның орнына бұл дүниенің киімін (адам көйлегін) киеді. Өлгенде осы процесс кері бағытта жүреді: өлген адам бұл дүниенің киімін шешіп, оның орнына о дүниелік (кебін, ол да – «ит көйлек») киімін киіп, әлгі шекарадан кері қарай өтеді, итке айналады[37].

Бесік жыры – сәби жүрегіне алғашқы рухани нәр беретін бірден бір қазық. Бесік жырында ел тұрмысының көріністері мол-ақ. Ондағы «жілік шағып берейін», «байқұтанның құйрығын жіпке тағып берейін», «қой тоқтысын сой, бөпем», «қуырдығына той, бөпем», «үстіне тоқым жабайын, астына терлік салайын» «быламыққа май құйып, төңкерме ғып берейін» т.б. толып жатқан этнографиялық детальдар мен баланы жақсы көру, еркелету, айналып-толғануға байланысты айтылатын неше түрлі балама, теңеулер табиғатынан қазақы тұрмыстың иісі аңқып тұрады. «Қозы жүнді көрпешім», «қойдың жүні қалағым», «көлге біткен құрағым», «жапанға біткен терегім», «жағамдағы құндызым», «әуедегі жұлдызым», әлди, әлди тайлағым, өрістегі шандағым», «құлынтайым», «серке балам», «от басындағы айнағым, сүт бетіндегі қаймағым», «алты қарын майымыз, жеті қарын жентіміз» тәрізді айшықты сөздер төрт түліктің еті мен сүтін тамақ, жүні мен терісін киім етіп, ең табиғатты кең жайлап, аңшылық, саятшылық құрған өмірден туған өрнектер.

Балаға байланысты иткөйлек ғұрпының да маңызы зор. Мысалы, иткөйлек ғұрпының болмысы нәресте дүниеге келгеннен кейін қырық күн өткеннен соң баланы қырқынан шығарады. Оған әйелдер жиналып, үлкен тегешке қырық қасық су құйып, теңгелер салынған суға нәрестені шомылдырады, содан соң қарын шашы мен тырнағы алынады. Осы уақытқа дейін, яғни қырқынан шыққанша киген итжейдесіне түрлі тәтті-дәмділер түйеді де, бір иттің мойнына байлап қоя береді. Қазақ фольклорисі Е.Тұрсынов «Ит жейде» салты туралы мынадай мәлімет береді: «У казахов, киргизов, узбеков и татар существует обычай, непосредственно указывающий на былую роль собаки как тотема – родоначальника: новорожденному надевали рубашечку, которая называлась «ит жейде», «ит көйлек», «эт күлмәк» («собачья рубашка»); по прошествии сорока дней «собачью рубашку» снимали, наполняли сладостями и подвязывали к шее собаки на радость детворе, которая гонялась за нею, расхватывая лакомства», - деп жазады[38].

Біздің бала туыпты,
Ит көйлегін жуыпты.
Бәйтерекке жайыпты,

Байдың қызын алыпты.
Әй-әй бөпем, әй-бөпем.

Осы бесік жырындағы ит көйлек ұғымы нәрестенің дүниеге келгеннен бастап киген көйлегі туралы былай дейді: «Дүниеге келген нәресте қырқынан шыққанға шейін «ол әлі туған жоқ, әлі о дүниеде өмір сүруде. Қырық күн толғанда нәресте шынымен де туады, бұл дүниеге келеді. Осы тұрысқа иттің қағыстырылуы жайдан-жай емес, өйткені:

1. ит – әлі тумаған адам жанының тұлғалануы; 2. ит – о дүниелік күзетші; 3. ит – олған адамның жанының кейпі.көйлегі» деп аталуы да, осы көйлектің ит мойнына байлануы да осы бір-бірімен айырып алғысыз үш түсініктің этнографиялық көрінісі болып табылады», – дейді С.Қоңдыбай.

Жоғарыда көрсетілген бағалау қатынасы алдыңғы балалары шетінеп, бала тұрмыш жүрген ата-аналардың балаға ит көйлек кигізу ритуалында да көрініс тапқан. Бұл ритуал басқа да түркі халықтарында әр түрлі формада бар. балаға итке ас беретін ыдыста немесе иттің тұратын орнында күнделетінін, яғни мағияның бір көрінісі деп те атауға болады. Елшілердің пікірі бұл ритуал жамандық иелерін алдау мақсатында баладан күшікке (итке) уақытша айылуының символдық формасы дегенге сәйкес.

1.3 «Қатақ әйелі» концепциясына қатысты киім атауларының мәдени мәні

Бұл тарауында тек "қатақ әйелі" концепциясінің аясына кіретін кейбір киім үлгілеріне ғана қысқаша тоқталдық. Мысалы, қазақ қыздары мен тұрмысқа шыққан әйелдерінің бас киімдері мен шаш үлгілері қатты ерекшеленген. Этнографиялық деректерге қарағанда, әйелдер шашын қос өрім етіп өреді де, ол екеуінің ұштарын біріктіру үшін шашбау тағады. Шашты олай өру - әйелдіктің белгісі, бұл - бүтіннің жартысы болғанды білдіреді. Ал қыздар шаштарын бір өрім етіп, ұшына шолпы тағады.

Киім кию үлгісі мен киім арқылы қазақ әйелінің киім кию ерекшелігі ғана емес, кейде қажетсіз жерде жайбасарлық пен соғылаңсақдық танытатын қазақтың бейғамдық болмысын, ұлттық психологиялық ерекшелігін де астарлап бейнелеуге болатыны байқалады.

Бойжеткен қыз бен тұрмысқа жаңа шыққан жас әйелді, дүниеге сәби әкелген ананы, өмірден көргені мен түйгені мол салықалы бәйбішені ата-бабаларымыз, ең алдымен олардың бас киімінен ажыратқан. Қыздар бастарына үкілі тақия, кәмпәт бөрік киген. Қазақ әйелдерінің баскиімдері практикалық қызметінен өзге әйелдердің отбасылық жағдайының көрсеткіші болып табылған. Олар тұңғыш баласы, кейде екінші баласын туғанға дейін желек киген. Қазақ әйелдері тұңғыш баласын туған соң

оның басынан желегі алынып, кимешек кигізіледі. Оның шылауышына төбелдірік, маңдайына бергек, түйреуіштер қадайды. Бірнеше балаға ана болған орта жастағы әйелдер көзге түсерліктей әшекейі жоқ шалаң кестелі кимешек киіп, ақ жаулық (шылауыш) тартады.

Қоғам алға жылжып, заман өзгеріп, материалдық және рухани құндылықтар өзгерген сайын қазақ әйелдерінің киім үлгілері де ауысып, соған сәйкес киім киюге деген көзқарас та өзгеріп отыр. Қазіргі таңдағы әйелдердің киім кию үлгісінен оларға тән әлеуметтік, жасына байланысты ерекшеліктерді ажыратуға болмайды. Әйтсе де, көбінесе ауылдық жерлердегі жиын-тойларда тұрмысқа шықпаған әйел затының орамалсыз, жалаңбас жүруі, ал келіндердің орамал тартуы, жасы келген әйелдердің жаулық тартып, кейде кимешек киюі қалыпты жағдай болып есептеледі

"Қазақ әйелі" концепциясына қатысты зергерлік бұйымдардың сакральды мәні. Зергерлік лексиканың этномәдени мәні зерттеуші Р.Н.Шойбековтің еңбектерінде арнайы, жан-жақты қарастырылғандықтан тек "қазақ әйелі" концепциясына қатысты зергерлік атаулардың сакральды мәнін ашуды ғана мақсат еттік[39].

Соның бірі ретінде қазақ қыздары мен әйелдері бұрынғы кезде шолпы мен шашбауды бұрымы тарқатылып кетпеу үшін таққан. Халық ұғымында "адам жанының бір ұшы шашында" деген түсінік бар. Соған байланысты "тарағанда түсетін шашты кез-келген жерге тастауға болмайды, оны адам баспайтын жерге көміп тастау керек" деген ырым-тұйымның бар екені белгілі. Ал енді осы халық санасындағы кодталған ақпараттың кілтін ашу үшін белгілі бір білім аясы керек. Оның кілтін төмендегі прецедентті мәтін арқылы ашуға тырыстық: "Әйел баласы шашын беталды тастамас болар, - деді Айша. - Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары шырылдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген исін танып қояды екен де : "Анамыз тозақ отына түсіп кетті- ау!" деп шыр айналып, шырылдайды екен. Тозақ отынан анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен (Ш. Мұртаза. Ай мен Айша). Осы түсінікке байланысты аналарымыз шаштарын әр жерге тастамай, түскенінің әрбір талын жинап, мұқият орап, адам баспайтын жерге көміп отырған және аталған ырым-тұйымның мән-мағынасын қыздары мен келіндерінің құлағына жалаң, құрғақ сөзбен емес, ұлттық ұғымға жақын осындай аңыз-әңгімелермен құйып отырған.

Барлық халықтарда сырға әшекейлік зат болуымен бірге оның иесінің қоғамдағы орнының көрсеткіші, магиялық қорғаушы зат ретінде қолданылады. Сондай-ақ сырғаға қатысты түрлі көзқарас пен бірбіріне кереғар нанымсенімдер де кездесетінін жоққа шығаруға болмайды. Ежелгі Римде бір құлақтағы сырға құлдық белгісі саналған. Одан бұрынырақта бойжеткен қыздар мен әйелдердің, сондайақ қарақшылардың сырғасында

айтарлықтай айырмашылық болған. Сырғаны бәлежаладан, ауру-сырқаудан сақтандырушы зат ретінде бағалап, оны көздің көру қабілетін арттырады, теңізшіні суға кетуден сақтайды деген сеніммен таққан. Ал Бирмада таққан дәмелі король ұрпақтарының құлағы міндетті түрде тесіліп, сырға салынатын болған.

Қазіргі кезде сырға өзінің мифтік маңызынан айрылып, тек әшекей зат, әсемдіктің құрамдас бөлігі болып қалғаны белгілі. Ежелден дененің ашық жерлерін - аяқ-қол, саусақ, мойын, құлақ, мұрын сияқты дене мүшелерін қатты заттардың көмегімен қорғау қалыптасқан. Бұл жүзік, балдақ, сырға, білезік, моншақ, алқаның пайда болуына апарып соққан. Олар сыртқы дұшман күштермен күресте жәрдемдесетін магиялық қорған болып есептелген. Қазіркешерлері әрбір тастың өзіне тән қасиеті, ерекшелігі, кереметі бар екенін білген. Олардың біреуі адамға құт әкелсе, енді бірі тіл-көзден сақтайды, ал кейбірінің тіпті құрғақшылықта жанбыр шақыратын, т.б. қасиеттері бар екен. Орта ғасырларда емші, дәрігерлер алтын, нефрит, маржан тастарын жұту өмірге қауіп төндірмейді, қайта оны ұзартуға септігін тигізеді деп есептеген. Сонымен бірге әлгі тастарды жұтқан адамның өлгеннен кейін денесі іріп шірімейді деген сенім болған. Қазіргі таңда мойындалып, сәнге айналған астрология ғылымында да "әрбір жұлдыз өзі өзіне сай келетін тасы бар әшекей тағу керек, қасиеті белгісіз тастар тағылған әшекей адамға бақытсыздық әкеледі, денсаулығына зиян келтіреді" деген түсінік қалыптасқан.

Сонымен бірге «ала жіп» ұғамына қатысты бір пікірді айтуды жөн көрейік. Ала жіпке байланысты тағы бір дерек, Лұхман хакімнің айтуы бойынша, өмірде оң жұп болады. Солардың бірі ақ пен қара. Есілген жіптің бір қабаты ақ, екінші қабаты қара болып келеді. Жіптің екі қабаты ажырамастай даясып, көзек алмасып, тығыз өріліп отырады. Бұл тоқтаусыз ауысып келіп отыратын күн мен түннің белгісі. Сонымен қоса жалпы өмір, тіршіліктің инара түспалды бейнесі болып саналады. Сондықтан да қазақ халқы ала жіпке ежелі деп қарап, айрықша мән берген.

Ел ауылында «Жыланнан қорыққан ала жіптен аттамас» деген сөз бар. Ала жіп жылан сияқты болғанмен, адам көріп, біле тұра одан сескенбесе керек. Ендеше бұл сөздің тағы да басқа білдірер ойы болса керек. Шындығында да солай. «Жыланнан қорыққан ала жіпті аттамас» деген сөздегі ой-тұжырым сонау Мысыр елінің көне тарихынан елес береді. Перғауындардың биік белгісінің бірі айрықша жасалған таяқ болған. Оның басы жеті орам ала түсті, есілген (ширатылған) ала жіп тәрізді. Ала таяқ ерекше қасиетті және қара қылды қақ жарған әділеттіліктің бейнесі деп танылады. Үстемдік белгісінің екіншісі – перғауынның бас киімінде болатын жыланның мүсіні. Қараған адамның бойын қорқыныш билейді, яғни үрейленеді. Сонымен «жыланнан қорыққан ала жіпті аттамас» деген, құдайдан (әмірші-патшадан, перғауыннан) қорыққан қылмыс жасамайды,

әділеттілікті бұзбайды деген сөз деп пайымдауға болады. «Біреудің ала жібін аттамау» деген сөз көпшілікке түсінікті, кісіге қиянат жасамау мағынасында қолданылады.

Мәселен; тымақ сөзін алайық. Тымақ сөзінің түсіндірме сөздіктегі мағынасы – аң терісінен жасалған, суықта киетін бас киім.

Басында көкшіл сұрғылт жібекпен тыстаған жұқа қара елтірі тымағы байқалады.

Ал енді осы атаудың қатысымдық актідегі қолданысына назар аударып көрейік: «Бұл – Бөжей. Өзгелердей емес, әзір қыры сынбаған күйде, өз еркімен шығып келеді. Бас киімі – пұшпақ тымағы да өзінде.» (М. Әуезов Абай жолы)

Автордың бұл сөйлемінде тымақ атауы «Бөжей образын, оның бас киіміне тән суретті» беріп тұр. Алдыңғы мысалдағы тымақ жұқа қара елтірінен жасалған жай ғана қарапайым зат болса, екінші мысалдағы бас киім қолданыс барысында, нақты коммуникация жағдаятында мазмұндық өзгеріске ұшыраған атау. Мұндағы тымақ жеңілмеген қайратты ер адам образын ашудағы маңызды құрал болып тұр. Ал мына мысалда кейіпкердің өз жасына тән образын беру үшін қолданылып тұр:

«Бесбайдың басында тымақ жоқ».

Жазушы жалпы белгілі оқиғаға қатысты «жеңілу» немесе «жеңіске жету» секілді мағынаны беру үшін бас киім атауын өте орынды қолданған. Кейіпкердің бас киіммен суреттелуі – жеңіске жетудің, ал тымақсыз, яғни бас киімсіз болуы – жеңілгендіктің белгісі ретінде символды түрде ұсынылған. «Сый-қошөмет» семасы: «Айғыз бен Нұрғанымға қарап: - Базекеннің үстіне шапан, камзол, басына тымақ кигізіңдер, – деді.»

Киім атауларының негізгі аталымдық қызметтерімен қатар, күнделікті өмірде белгілі дәрежеде дәстүрлік, ғұрыптық салт-санадан хабар беретін символдық та мәні бар. Қазақтың құрметті қонағына деген сый-құрметі осы мысалдан, яғни Базекенге шапан жауып қайтару, ерекше сый жасау дәстүрінен аңғарылып тұр.

Талдау барысында тымақ атауының әр түрлі қолданысын қамтитын мынадай семалар анықталды: жеңілу; жеңілмеу; шақыру құралы; көнелік; сый-қошөмет белгісі; тағзым ету, ілтипат көрсету; мезгілдік; маусымдық; байлық-дәулеттілік белгісі; салт-дәстүрлік; қолданылу орны; қаралы көш.

Бұл атаудың жиі қолданысқа түсуінің, тілдік қарым-қатынаста белсенді қолданылуының өзіндік себебі бар. Ол қазақ халқының ұлттық дүниетанымымен, менталитетімен байланысты. Қазақ халқы жалпы бас киімді киелі санаған, оны баспаған, біреуге бермеген. Сондықтан да бұл атаулардың қолданыстық ерекшеліктері көбінесе ұлттық, дәстүрлік, киелілік ұғымдарымен астасып жатады.

Мысалы: а) баяндау мәнінде: «Солардың артынша Найман тымақты қалың топтар қауырт көріне бастады.»

Баяншыдан шыққан хабар – қалың топтың көрінуі. Бұл хабарды нақтылап тұрған – баяндау. Мұнда белгілі бір рудың адамдары көрінгені жайлы мәлімет қабылдаушыға «найман тымағы» тіркесі арқылы жеткізіліп тұр.

ә) талдау мәнінде:

Кямтолы, ақ көйлегі бұның да барлық бой тұлғасына жарасып тұр. Тек басындағы бөркі ғана келмейді. Көнелеу, сарғыш құндыз екен.»

Айтпалмақша ойдың түйіні бас киім атауы арқылы жеткізіліп тұр. Баяншы өзіндік көзқарас-пікірін «көнелеу, сарғыш бөрік» тіркесі арқылы бөліп ажаратқан, талдан жеткізіп отыр.

б) сипаттау мәнінде: «Үстінде ұзын, ақ сарғыш қытайы жібек бешпеті бар. Жаңғы жаңға киім бұл күнде толған денесін аса айқын көрсетіп тұр. Күрең барыс желетке мен ақ көйлек кең бешпет өзінше бір келісті көрнек, жарастық бергендей.»

Осы үйлесімділіктің, қонымдылықтың белгісін білдіріп тұрған, сипаттап көрсеткен – түрлі киім атаулары, олардың бәрі бойжеткенді сипаттап тұр.

2) Бұйрықсөз (директива). Баяншы қабылдаушыға әсер ету мақсатында айтылады. Бұл тонка тиіп, тілек, өтініш, тыйым, ақыл, бұйрық, нұсқау және тағы да басқа сөйлеу әктілерінің түрлері жатады.

Мысалы: а) талап-тілек мәнінде:

«Сәнін бұдан бөлей араластатын ортаңа кимешек-желектің керегі не, қалай дейсің? – деп, Абай күле қарап еді. Әбіш өзінің бұрыннан байлап қойған жайының үстінен дап түскен әкесіне ыраза болды. Үндемей күліп, бас иді де шығып кетті.»

Бұл сөйлеу әктісінде баяншы көзқарасын жеткізіп тұрған жайттар – әр ортаға және жасқа сәй киіну үлгісі, орындылық, жарасымдылық, үйлесімділік мәселесі. Сөйлеу әктісінің мақсаты баяншының тілегін, ниетін, қабылдаушыға жеткізу болғандықтан, ол ықпал етуші күшке ие. Мұның сипаты сөйлеуші мақсатымен тығыз байланысты. Ойткені кез келген сөйлеу әктісі сөйлеушінің тіл арқылы өз интенциясын жеткізуі болып табылады. Сөйтіп, бұл мысалда баяншы тілегінің орындалғанын қабылдаушының үнемі мақұлдауынан аңғаруға болады.

ә) бұйрық мәнінде:

«Киімді қалың жамылып, тымақ киіп, мына ыстық шайдан бір-екі шынаяқ ішіп бүркеніп жата қал! – деп мәслихат берді.»

Жеткізілмек ойға негіз болып тұрған – киім атауы. «Аңшылыққа шығып, сырқат күйде Тоғжан үйіне түскен Абайға айтылған «қалың киім», «тымақ» сауығудың – бірден-бір жолы.

б) тілек-өтініш мәнінде:

«Енді тымақты баса киіп, қымтанып алыңыздар!» (М. Әуезов. Абай жолы)

Аталған сөйлеу актісінде коммуниканттарға баяншы алда болатын жайсыз ауа райы жайлы хабар жеткізіп отыр. Осы ситуациядан шығар жол – тымақты баса киіп, қымтану.

«... бүйтіп тамақ, ұйқы, жалқаулық үшеуін қатар мінген жұрттын ақсақалының олжасы – «азусыз ат, жағасыз шапан» деп бишаралардан айыпқа алған арық тай, алты көз ләңке, жастарының олжасы – түн жамылып жетелеген біреудің тоқтысы, асы иә сиыры, болыс, би, ауылнайларының олжасы – момыннан ауыстырып алған он-он бес тиын, бәрінің айтқаны – өгірік.бүгінгі болыс, би, ауылнай һәм елу басы ескі тондағы бит қой. Шаруа қылсаң жаз шығады, халық пайдасын қуған ағани болсаң, ескі тонды сілкіп-сілкіп суға ал!» (М. Әуезов. Абай жолы)

Бұл жерде келтірілген мысалда киім атауы орынды теңеу тауып, шебер қолданылып тұр. Тон ескі заман және ескі замандағы мықтылар мағынасында қолданып, нақты тікелей киімнің атауы деген мағынадан ауытқып тұрған жоқ. Сөз семантикасына негіз болып тұрған уәж – тонға биттің түсуге бейім болатындығы. Сол негізде ескі тондағы биттің – ескі мықтылардың жаңа заманда да биліктен кетпей отырғандығы осы сөйлемнен көрініс тауып, сөз мағынасы өзінің тура мағынасынан алшақтап, қатысым негізінде қолданылған семантикаға ие болып, астарлап жеткізу мақсатында тілдің коммуникациялық мақсатына бағынып тұр.

«Оразбай Абайға қосылып күліп қалған көп жұрттың үнін естіп, әлдебір сертті ішінен айтып кете барды. Сәмен жастау, ызасы қатты буып жүрген, Оразбайдың анық қанды көйлек, қарашоқпар сыңары болатын. Абай бұл уақытта бала сияқты емес. Жас бозбалаша киінген. Қара мақпалмен тыстаған түлкі тымағы бар. Үлкендер пұшпақ тымақ кесе, соңғы жылдарда бозбаланың көбі осындай түлкі тымаққа ауысқан еді. Үстінде тиін ішіктің сыртынан киілген, жағасы қайырма қара барқыт қаптал шапаны бар. Құла түсті ықшам тігілген шапан. Аса ұзын жең емес. Кең қолтық, ұзын жең үлгіні осы Қарқаралы қазағы ғана киеді. Олардың жағасы да Тобықты үлгісінен басқаша, Тобықты тымағы Қарқаралынікіндей төрт сай емес, алты сай болатын. Абайдың кигені өз елінің тымағы. Белінде кісе белдік емес, жасыл түсті кәріс белбеу. Бұ да – анық бозбаланың белгісі.» (М. Әуезов. Абай жолы)

«Қара жылтыр кебіс Үмітей сұлулығын айырықша бір көпті баян еткен қосымша тәрізді.

Жаулықтар аппақ, қос етек шұбалаң көйлектер, қынай бел камзолдар, неше алуан бояумен ақ үйдің сыртын, көгал дүниесін өзінше шұбарта сәндендіріп, нақыстап тұр.» (М. Әуезов. Абай жолы)

Келтірілген мысалдардағы «қос етек шұбалаң көйлектер», «қынай бел камзолдар» тіркестері арқылы «нәзік жынысты қыздар» ұғымы беріліп тұр.

«Өңіңең тон, шекпен кигендер екен.» Бұл мысалда киім атаулары арқылы қоғамдағы жоғары топ өкілдері «бай- манаптар» деген ұғым беріліп, жатушы тілінде көркемдеу құралдарының орнына қолданылу негізінде қатысымдық мақсатта жұмсалған тон, шекпен сөздері «қоғамдағы жоғары топ өкілдерінің» бейнесі мағынасында қолданылған.

Енді осы аталған тұжырымдар негізінде киім атауларының әр лексика-семантикалық топтарынан мысалдар келтірсек: «Басында кәмшат бөркі бар, құлығында үлкен күміс сырғалары ырғалған, шағи шапан киген, ұшы бойы қыз келді.» «Есік алдында кәмшат бөрікті, үкілі, үлкен шапаны, өңіңең әсем, сәнді бойжеткендер тұр. Осы қыздар ортасында үлгісімен, киім сәні ерекше бөлінген, қара кәмшат бөркін шекесіне таман еткен бір қыз бар.»

Бірінші мысалдағы «бөрік» лексемасы мынадай семалардан құралады:

Бірінші сема – ядро: бас киім атауы; Екінші сема – даралаушы сема: кәмшат терісінен жасалған; үшінші сема – даралаушы сема: қыздарға тән бас киім.

Екінші мысалда бірінші сема – ядро: бас киім атауы; екінші сема даралаушы сема: кәмшат терісінен жасалған; үшінші сема – даралаушы сема: үкілі бар; төртінші сема – даралаушы сема: қыздарға тән; бесінші – шеткергі сема (әдемілік, жарасымдылық).

«Ана жолда алғашы үш жылқы еді. Мынада бір кілем, бір тонын арттырып, бес жылқы қып алап отыр.» Сөйлемдегі тұрмыстық атаулар кілем мен тон сөздерінің шеткергі семалары жетекші сипатқа ие. Яғни олардың негізгі мағыналарына қосымша

«Қазак, нәпәй байларының кигендері өңіңең мәуігімен тыстаған жасыл, көк, қара ішіктер, көбінің сүйетіні тамақ ішік болса керек, сол көбірек. Бірен-сирен ғана жанат ішік киген.» Мысалда келтірілген сырт киімдер ішіндегі тамақ ішік деген түрдің «жасалған материалы» семасы басқа ішіктерден басым болып тұр. Оның бұл қасиеті қажеттілігімен байланысты. Тамақ ішік жанат ішікке қарағанда жиі қолданылады және мол сұранысқа ие.

«Малға боккен, киім-бұйымға бөленген мырзасымақ, байсымақтың бөрінің ажары болымсыз, жұпыны киімді болса да, халықтан шыққан Базаралы қасиет ұлындай.»

Келтірілген мысалда қоғамдағы жоғары топ өкілдерінің киіміне тән «барлық, байлық белгісі» семаларының бәсеңдеуі әсерінен кедей топ өкілдерінің киімдеріне тән «жұпынылық», «жүдеулік» семалары айқындалып тұр.

«Әй, Ырғызбай, мынау елді көрдің ғой!.. Өліспей беріспейді. Мен солай ет дедім. Тек соқтығып көр, арындаған Ырғызбай, артың ашылады. Басыңа қызыл тақия киіп, бөксеңе шақпақ таңба соқтырып қайтасың.»

Бұл жердегі енгізілген сема – жазалану семасы.

«Ал бұлардан бес есе, он бес есе артық боп жыртық шекпен, тозған тон, көн етік киген өңшең жүдеу, әжімді, ашаң жүзді қалың ел де қаптап келеді.»

Бұл жерде «жыртық шекпен», «тозған тон», «көн етік» тіркестері арқылы кедей адамдар «қоғамның төменгі топ өкілдерінің бейнесі» семасы актуалданып тұр.

«Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөркі, білек толған неше білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты.»

Бұл мысалдағы киім атауларының шеткергі семалары – «таңсықтық», «таным емес дүние» деген семалар. Осы семалар оқиғаны суреттеу барысында жетекші орынға шығып, сөз мағынасының «таным емес дүние», «таңсықтық» семаларының актуалдануына тікелей әсер етіп тұр.

«Судыраған қара жібек биқасаптан әдемі жеңіл шапан киген. Басында жап-жаңа қара кәмшат бөрік. Мойнында әсемдеп ораған құбылма түсті торғын шәлі.»

Қыздар, әйел адамдар – қашанда сұлулықтың, әдеміліктің символы. Олардың жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы, сөз мәнері тіпті, киімдерінің өзі – осының айқын дәлелі. Аталған мысалда кездесетін киім атауларының шеткергі семасы «әдемілік», «жаңа киім», «әсемдік» семаларымен актуалданып тұр.

«Жылқышылар арасында Тәкежанның жалғыз ұлы Әзімбай бар еді. Өз қолында сойылы жоқ, киімі де өзгелерден бөлек. Түлкі тымағы бар. Томар бояумен боятқан жаңа сеңсең ішігі бар.»

Оқиғаның мазмұнын беруде киім атауы шешуші рөл атқарып тұр. Басты кейіпкердің бейнесін беруде оның қолданатын бұйымдары санамалана беріліп, кейіпкердің жиынтық бейнесін қалыптастырған.

«Анна Митрофанованың иығына қалың қара жібекпен тысталған бұлғын ішік жамылған.»

Қазақ халқының қонақжай, меймандос халық екені ежелден белгілі. Олар әр уақытта өзі қадір тұтқан адамына сый-сыяпат жасап отырған. Бұл – қазақтың қалыптасқан дәстүрі. Осы салт-дәстүрді жүзеге асыруда киім атаулары маңызды рөл атқарған. Міне, осының көрінісі мысалда анық аңғарылып отыр. Мұнда киім атауының шеткергі «сыйлық» семасы актуалданып тұр.

«Параның алды етіп, әр болыстың өзі болмаса да қасындағы жүйрік-шешен билеріне жиі-жиі сыйлар жасайды. Түлкі аяқтан, тамақ ішіктен және тігіншіге тіккізген шапан-шапқыт бешпеттерден де алуан түрлі киімдер кигізетін.»

Халықта сый-сыяпаттың түрі көп. Бұл қолданыста тұрмыстық лексика бисқана сипат алып тұр. Мұндағы ішіктер, шапан-тондар, бешпеттер болыстарға берілетін параның басты бұйымдары ретінде жағымсыз реңктік мағынаға ие болып, қарапайым халық пен болыстар арасындағы қарым-қатынастың ерекшелігін аңғартады.

«Бөкейдің екі қызы да бастарындағы бөркін тастап, қара салыны шорт байлашып алыпты.»

Қазақ халқы түр-түске ерекше мән берген. Бұл мәселе киіммен де тығыз байланысты. Әр жасқа, әр түрлі жағдайға лайықты түсті таңдай білген халқымыз қара түсті қайғының, орны толмас қазаның белгісі ретінде түсінген. Келтірілген мысалда қара түсті киім атауы «қайғы белгісі» семасының актуалдануына ықпал етіп тұр.

«Социалық пен діндарлық тонын жамылып келген бұл жолғы қылмыс ете қылмыстардан өзгеше. Бұл киімінерлердің басында сәлде, қолында тәубегі, аузында «таһмнті».

Келтірілген мысалдағы социалық пен діндарлық тоны – тіркестері арқылы қылмыстың ерекше түрі «аңқау елге арамза молда болған» адамдардың оңсыз әрекеттері суреттеліп тұр. Сөйтіп, осы бір образды тіркес сөздің ауызшады мағынасының актуалдануына негіз болып тұр.

«Таңытпай тайып жүру керек. Ел агасы халық ортасына келген қасқырмен алыспа болса, абағанда не болады? Әр заманның өзінде бір азыл шығалы дөмен не өді? Абайды жақсы деп жүрмісің? Ол – жақсылық деген жалған тон киген, бұл заманның ағыны.»

«Жақсылық деген жалған тон киген» деген сөйлем арқылы берілген «аңбаған, азыл адам» семасы сөз мағынасының актуалдануына тікелей әсер етіп тұр.

Бар әлемге әйгілі жазушы, сөз шебері және өз жерінің патриоты, абыттанушы М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының көшпенді өмірінің кең байтақ даласындағы көрінісін көркем суреттеп, «қазақ әйелі» концепциясың лингвомәдениеттік тұғырдан сипаттап, оның қазақ халқының діліміміне сай жоғары орнын бейнеледі.

Бақылау сұрақтары

1. Сәукеленің тігілуі туралы ғалым О. Жәнібеков қалай жазады?
2. Қазақ қыздарының сәукелесі әдетте қанша қарыс болап табылады?
3. Сәукеленің негізгі бөліктері.
4. Сәукеледе маңдайына тағылған шашақталған өрнектерінің атауы, және оны не үшін жасаған?
5. Қалындықтың желкелігіне әшекей қандай ырыммен тағылған?
6. С.Е. Толыбеков сәукеле жайлы не дейді?
7. Қандай жағдайда сәукеле төркініне қайтарылады?
8. Тонның белі тартылып тігілетіндері.
9. Теңгелі шолпылар шашбаудың қай жеріне бекітіледі?
10. Қазақ халқы қара түсті ненің белгісі ретінде түсінген?

Қосымша әдебиетер тізімі

1. Сәндік қолдаңбалы өнердің бір түрі-кілем өнері // Қазақстан жоғары мектебі №3.
2. Эстетикалық тәрбие беруін негізі - әсемдікті қабылдау // Ұлт тағлымы № 3.
3. Байділдаұлы Ш. Қазақтың ою-өрнектері: альбом. 1-кітап.
4. Ақайқызы З. Сырмақ: [жасалынуы туралы] // Қазақстан әйелдері.- 1997.-№6.
5. Асанова С. Сымбат: Қазақтың ұлттық киімдері.- Алматы: Атамұра, 1995.
6. Байбосынова Н. Өнерінді тану - өзіңді тану// Ақжелкен.- 2001.-№1.
7. Жүннен жасалатын бұйымдар / Құраст. К. Мұқанов. -Алматы: Қайнар, 1990.

2 ТАРАУ. ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР

2.1 Ұлттық киімдер түрлері

Ұлттық киімдердің көптеген түрлері өзінің көркемдігімен, әсемдігімен, және де ыңғайлы, ықшамдылығымен замана белестерінен асып, күні бүгінге дейін қолданысқа ілесіп келеді. Қазақ ұлтының ұлттық киім кешегі көшіп қонған дала көшпендісінің тынымсыз тіршілігіне, ауа райының түрлі шамағайыптары: боранға, жауынға, аптап ыстық пен үскірік аяға ыңғайлы етіп тігілген. Және де халқымыз мұндай киімдер тігу барысында сән мен салтанатқа да ерекше назар бөлген. Соншалықты мықты да ыңғайлы киім сонысымен қатар сәнді, өрнекті болып көмкерілген.

Халқымыздың дәстүрлі ұлттық киімдері: іштік, сырттық, біркіер (тобын, тойға киетін киімдер), жыл мезгілдеріне қатысты, жас ерекшеліктеріне қатысты. Ерлер киімі, балалар киімі, әйелдер киімі болып түрлі түрлі мәнмен тігілген. Ал, осынау күнделікті киетін жылқы кайыруға, отбасы ішінде, үй ірсеңді киетін киімдер өте қарапайым және ыңғайлы болып тігілсе, жиып, тойға, сән-салтанатқа арналып киелетін киімдер негіз таптаммен ішіліп, ерекше сәнді тігіліп, қымбат тастармен, інжу, маржан секілді моншпақтармен көмкеріліп, жібек, алтын, күміс жіптерімен әдіптелген.

Қазақ халқында мата шығаратын өндіріс болған жоқ. Олар түрлі жүндерден жіп тіру арқылы шапаналар мен шекпендер жасады. Ақ түйенің жүнінен тірген жіптен тоқалған түйе жүн шекпендер кезінде бай, бағдалардың шағынан түспейтін болған. Ал, қыл, келіншектің көркіне көрік қоятын сәнді маталардың жеткізушісі қазақ даласын басып өтетін Ұлы Жібек жолының көруендері болды. Олардың Мысырдан, Бағдаттан, Сирийдан, Қытайдан әкелген пүліш, барқыт, дүрия, мауыты, масаты, маржан, жібек, атлас, барша, секілді маталарынан түрлі сәнді киімдер тігілді.

Сырт киімдер тобы

Қазақтар сырт киімнің денін өзге елдер жасаған өндірістен алмай, өз қол еңбектерінің нәтижесінде, табиғи шикізат көздерін өңдеуден бастады. Тігін шеберлері өз қолданбалы өнерлері арқылы, киім тігуге төрт түлік мал мен көшпенділердің негізгі күнкөріс көзі болған саятшылықта қолға түскен аң терілерін өңдеу арқылы тапты. Тіпті, әр аңның терісінен әр түрлі киім тігетін де дәстүр болған. Айталық, қырдың қызыл түлкісінен, алғайдың ақ түлкісінен ішін барқыт немесе мауытымен астарлап түлкі тымақ тіксе, бұлғынның терісінен бұлғын ішік, қар барысының терісінен барыс ішік, қасқыр терісінен қасқыр ішік, түлкі ішік секілді түрлі сырттық киімдерді туындатты.

Ішік – қазақтың ұлттық киімдерінің бірі. Оны елтіріден, сеңсеңнен, әр түрлі матадан тігеді. Сырты матамен тысталады. Ішік тігілетін терінің түріне қарай: елтірі ішік, сеңсең ішік, қасқыр ішік, түлкі ішік, пұшпақ ішік, орман ішік, жанат ішік, бұлғын ішік деп аталады. Ішік тігетін теріні шөлмайынан, көк етінен арылтып алған соң ашыған айран жағып иілейді. Тері әбден иі канғанда ирек ағашпен тарап, қолмен уқалап, керіп, созып жұмсартады. Ішікті жөрмеп тігеді. Және тігістерінің бәрі терінің тақыр жағына қарайды. Жұқа терілерді мата жіппен тіксе, ал, қалың терілерге жүн жіп пайдаланады. Ішіктің іші дайын болған соң оның тақыр бетіне бидай шүберек көктейді де, барқыт, шұға, пүліш сыяқты қалың тыстық маталармен тыстайды. Қасқыр ішікке қасқыр, не түлкі терісінен, сеңсең ішікке елтіріден, басқа түрлеріне құндыз не бұлғын терісінен жаға салынады.

Ішік екі маусымда киуге арналған жылы киім. Мысалы, қасқыр ішік, түлкі ішік, бөкебай ішік, қарсақ ішік, бұлғын ішіктер қыста пұшпақ ішік, орман ішік, жанат ішік, елтірі ішіктер қара күзде, көктем айларында киуге арналған. Сеңсең ішік, қасқыр ішіктерді ерлер, қалған түрлерін әйелдер мен бойжеткендер киген.

Сондай сырт киімнің бірі шапан.

Шапан – қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрлі киімі. Шапан тігілу әдісіне қарай сырмалы шапан, мақталы шапан, қаптал шапан, тік жағалы шапан, қайырма жағалы шапан, шабу шапан, жарғақ шапан секілді болып бірнеше түрге бөлінеді. Сырмалы шапан – қалың матаның арасына жүн салып, сыңар астарлап немесе қос астарлап тігілетін шапан. Мақталы шапан – тігілу жолы сырмалы шапанға ұқсағанмен, мұнда астарына жүн емес, мақта салуымен ерекшеленеді. Жарғақ шапан - әдетте мұның жылуы аз болғанмен, сәні мен өрнегі басым болып келеді. Бұл шапанды құлынның терісін сырып, жұқартып жасайды. Және жігіт, бозбалалар түрлі той, жиында киеді.

Шапан – Орта Азия халықтарының ұлттық киімі. Ол негізінен тік жағалы, ішінара қайырма жағалы да болады. Қыз, келіншектерге арналған қималы шапанды түрлі масатыдан тігіп, жағасы мен жеңіне, екі өңіріне зер ұстайды. Түйме орынына астыл тастардан орнатылған күміс қапсырма, ілгек тағады. Қазақ халқының арасында сыйлы адамдарға сыйлық ретінде шапан кигізу дәстүрі кең таралған.

Қазақ сырт киім ретінде киген киімнің бір түрі шекпен деп аталады.

Шекпен – тек қана түйенің жүнінен тігілгендіктен бағалы да, қымбат. Еліміздің кез-келген өңірінен түйе малы табылмағандықтан да, шекпен тігілетін жіпті иіру көп әйелдің қолынан келмегендіктен шекпен құны жоғары болған. Мұны жасаудың машақаты да мал. Күзеп алынған түйе жүнін шаң мен тозаңнан арылтып, қолмен майдалап түтіп шүйке жасайды. Бұл шүйкелерді ұршыққа іліп жіп иіріп, терме тоқитын өрмек аспабында

мата тоқылады. Иірілген жіпті екі ағаштың арасынан ыспалап өткізіп, оның буылтықтарын кетіріп, қайта өңдейді. Шекпен терме бау тоқитын ормекпен тоқылады. Тоқылып болған кездемені кәдімгі матадан, шекпен етіп пішеді. Шекпенді жазда киеді. Оған қара барқыт пен не болмаса басқа тыстық матадан қаптал жаға, дөңгелек жалпақ жаға салып, етек, жеңін сондай магамен көмкеріп, әдіптейді.

Шекпеннің ең әдемі түрін шидем шекпен дейді. Шекпен хандар киген ақ шекпен, қоңыр шекпен, тайлақ шекпен, шидем шекпен болып бірнеше түрге бөлінеді. Хандар киген ақ шекпен – бір қылауы жоқ ақ түйенің, ботаның жүнінен тігілсе, қоңыр шекпен – қарапайым қоңыр жүннен жасилады. Тайлақ шекпен – түйе малының жасы тайлақтың жүнінен жұмсақ, жеңіл етіп тігіледі.

Шидем шекпен – жауын-шашында су өткізбейді. Сондықтан ол, сулық есетінде де, жайылымда да кие беруге жарамды бес аспап киім. Тіпті, жауын жауған сайын түгі жылтырап, қалыңдай береді.

Қазақ ауық өткізбес үшін, қыстың ызғарына төтеп беру үшін суық маусымдарда тон киеді.

Тон – қарапайым да, ханның да үстінде болатын киім. Әдетте ол ешкінің, ешкінің, құланының терілерінен тігіледі. Тон болар терінің жүні қырықпай, астарында сикталатын болғандықтан, мұны өңдеу біршама қиын және салмағы ауыр. Сондықтан да шеберлер тонды қой, ешкі секілді терінің салмағы жеңіл түліктің терісінен тігетін болған. Тон әдетте, бүрме тон, сеңсен тон, орман тон, тайжақы тон, қамқа тон, барша тон секілді болып көп түрге бөлінеді. Тайжақы тон – тай мен жабағы терісінен тігілетін тон болса, сеңсен тон – етегі ұзын, қымтағанда кісіні екі орайтын көп болып пішіледі. Қойшылар мен көшпенді қарпайым халық киетін тондардың көбі қой терісінен тігілген.

Тон – қазақтың ұлттық киімдерінің бірі. Тон тігетін тіріне ең алдымен шөлмайынан арылтады. Одан соң оны күбіге салып, не ашық күйінде илейді. Терінің иі әбден қанған кезде жүн жағын жуып тазартады да, тақыр бетіндегі қалдығын қырып тастайды. Осыдан кейін оны уқалап жұмсартыды. Қой мен ешкінің терісінен тон тіккенде жүні ішіне қарайды. Оның тақыр бетін бояумен, қарағайдың қабығы және раугаштың ніліне бояйды. Бұл тонның сырты кірлемейуі үшін керек. Тонның қазақ даласына тараған негізгі үлгісі болған. Оның бірі, тік тон. Екіншісі, бүрме тон. Екі тонның да өңірі мен артқы бойы шапан, күлі сыяқты тұтас пішіп алынады. Ал, бүрме тонның екі өңірі мен артқы бойы кеуде және етектері бөлек пішіледі. Оның кеудесі мен етегін қусырады да, одан соң етегін кеудесіне бүріп қондырады. Етегі кеудесіне қарағанда кең етіп пішіледі. Тонның беліне бүрме шығатындықтан, оны бүрме тон деп атаған. Бүрме тон тік тонға қарағанда сәнді болады. Тонға елтіріден, сеңсеңнен, кейде ақ терісінен жаға салып, етегі мен өңірін жеңінің ұшын елтірімен

жұрындайды. Құлынның терісінен тігілетін тонды тайжақы деп атайды. Тайжақының тігісі ішіне қарағанымен, терісінің жүні сыртына қарайды. Ол сәнді болуы үшін құлынның жалын тонның арқасын, екі жеңнің үстіне келтіріп тігеді. Оған астар салынбайды. Астар салған, арасына мақта не жүн тартқан тайжақыны әдетте тон орынына кие береді. Тонның ең қымбаты қамқатон.

Қамқатон – екі түрлі жолмен тігіледі. Оның бірі қамқа деп аталатын жылтыр қамқа жүнді, аңның терісінен түгін сыртына қаратып тігіледі. Екіншісі алтын күміс жіптерден, зерден тоқыған матадан тігіледі. Бұл тонның екеуі де аса бағалы.

Күнделікті тұрмыстағы жұрттың жаппай суықтан қорғанатын киімі күпі деп аталады.

Күпі – матамен тысталып, ішіне түйенің, қойдың жабағы жүні салынып тігілетін сырт киім. Күпі өте жеңіл және жылы болады. Күпі ерлерге де, әйелдерге де, балаларға арналып тігіледі. Ерлердігіне қарағанда әйелдер күпісі өрнекті болып келеді: жағасын кестелеп, жеңін құндызбен көмкереді. Күпі шапан секілді екі өңірі мен артқы бойы, екі жеңі мен жағасы бөлек пішіліп тігіледі.

Күпіні ұлттық сырт киім. Ол әсіресе, жаздықүні мен күзгі қарасуықта киуге қолайды. Күпіге тартатын түнді жылы суға жуып кептіреді де, бетіне бидай шүбірек салып көктейді. Күпінің сыртынан барқыт, мәуіті сыяқты мықты да, қалың, әрі кір көтеретін бір түсті мата пайдаланады. Күпінің ең алдымен тысын пішіп алады да, оған жүнді салып, бидай шүберекпен бірге көктеп тігеді. Күпінің тысын машинамен не, қолмен, ал, арасына салған жүнді бидай шүберек жағына келтіріп, жіңішке шуда жіппен, не жуан мақта жіппен тігеді. Одан соң оның тысын кигізіп, айналдырып, біртегіс жүргізеді. Күпіге көбінесе матадан жаға не тікжаға салынады.

Күрте – жеңсіз жеңіл киім. Онда жең де, жаға да болмайды. Күрте екі өңірі мен артқы бойдан тұрады. Ұзындығы шалбардың ышқырынан аспайды. Күртені мақта не жүн тартып та, теріні матамен тыстап та тігеді. Астарына кез келген мата жарайды. Әйелдер киетін күртеге атлас, шағи секілді жібек тектес маталар, ал, ерлер киетін күртеге барқыт, мәуіті секілді мықты да, қалың бір түсті мата пайдаланады. Тері күрте тігу үшін суыр, борсық, қарсақ, түлкі секілді аңдардың терісі мен қозының, лақтың елтірісі, кейде тіпті қойдың терісі қылшығынан тазартылған ешкі түбіті пайдаланылады. Ісмер ең алдымен күртенің тысын өлшеп алады да, одан соң ол матаға шақтап теріні пішеді. Ол үшін теріні алдымен құрап, күрте шығатындай етіп алады. Оның тігісін тақыр жағына келтіріп, жөрмеп құрайды. Пішілген теріге жұқа матадан бидайшүберек көктеп, терінің өзін жеке тігеді. Одан соң сыртын матамен тыстайды да, шүберекті тысына айналдыра жапсырады. Күртені мақта не жүн салып тіккенде ең алдымен

тысы мен астарын пішіп алып, астарлық қиындының үстіне мақтаны не жүнді біркелкі етіп тартады. Ең соңында күртенің ені мен артқы бойын құрайды. Күртені айналдыра басқа матамен, кейде сол тыстық матаның қиығымен әдіптейді.

Күрте – жылы да ықшамды киім. Күртені жейде не көйлектің сыртынан, бешпеттің ішінен киеді.

Қолғап – қолға киілетін киім. Ол қолды суықтан, жұмыс кезінде жарақаттанудан сақтайды. Қолғап тігілуі, тоқылуы үлгісіне қарай бес саусақты, үш саусақты, тұйықбас, ал, тігілетін материалына қарай жарғақ қолғап, тоқыма қолғап боп бөлінеді. Тері қолғап қойдың боялған терісінен тігіледі. Егер тегі боялмаса онда оның сыртынан матамен тыстайды. Тері қолғапты көбінесе тұйықбас етіп, жарғақ қолғапты құр теріден астар етіп, көбінесе бес саусақ түрінде тігіледі. Тоқыма қолғап түйенің, қойдың жүніне, ешкінің түбітінен тоқылады. Тоқыма қолғап бес саусақты да, үш саусақты да, тұйықбас та болады. Қатты қайырым жұмыс істейтін адамдар жылы да, тұйықбас тігілген жұмыс қолғабы қолданылады. Қолғаптың ең байырағы түрінің бірі күсбегілер қойына киген биялай. Биялай – түйенің мойнақ терісінен, бұғы, бұлан секілді аңдардың, өгіздің терісінен сірдей тігіледі. Бүткіттің тегеуріні басқа теріні тесіп кетеді. Биялай да қолғаптың басқа түріне жатады.

Көйлектер мен бешпеттер тобы

«Адам көркі – шүберек» дейтін қазақ қызы мен келіні, анасы салтанатын, көркіні арттыру үшін түрлі киімдер формасын ойлап тапты. Табиғи сұлулығын көркейтеу үшін боз биенің сүтіне шомылып, өзін аутқан, шашын бес күн тарап, он күн өрген әйел затының киімі де сәнді, өрнекті болды. Талғампаз шебердің қолынан шыққан киім қыз, келіншектер сұлулығын одан әрмен асырды. Ұлы Жібек жолын бойлап керуен тартқан жәрменкелердегі маталар түрлі көйлектер болып, алып қазақ даласынан ар тарапана кетті. Ұлттық киімдердің ішінде қыз-келіншектерге ерекше сән бергені көйлек.

Көйлек атаулы өзінің мағынасына, тігілуіне орай, тойда, мерекеде, көшкенде, ритуалды жиындарда киетін болып бірнеше түрмен аталады. Қос етек көйлек, күпкей көйлек, барша көйлек, бес етек көйлек, шашақты көйлек, шетірмекті көйлектер айрықша сәнді, тігілуі де, пішілуі де өзгеше болып келеді. Қос етек көйлек – басы артық сән салғанаты жоқ, қос етекті қарашайым тігіледі. Күпкей көйлек – етек, жеңі өте ұзын, белі бүрмелі етіп тігіледі. Ұшынан бүрмелі етіп тігілген жең, ерекше төгілген мол етекті, кең жайыла салған дөңгелек жағалы болып келеді. Қазақ қызының сымбатын аша түсетін бұл көйлекті ұзатылатын қыздар киген. Шашақты көйлек – етек, жеңінің ұшына бірнеше қатар етіп, кейде иректетіп шашақ салып, тік жағаның ұштары тілікше нәзік шашақпен сәнділіп тігілетін көйлек. Шашақтар жібек немесе зер жіптермен жүргізіледі.

Жоғарыда сөз еткеніміз қыз, келіншектердің көйлек түрлері. Ал, жасы ұлғайған, орта жастағы әйелдердің көйлектері түрі мен түсі жағынан да, сән үлгісі жағынан да қарапайым болып тігіледі. Сондай-ақ, жас адам киетін жейделер жас ерекшеліктеріне қарай түрленеді. Жасы үлкен ер адамдар жейделерінің жеңі ұзын, жағасы тік немесе қайырма болып келетін қарапайымын кесе, жігіт, бозбалалар жейдесінің өңірі кестелі, жағасы өрнекті болып келеді.

Көйлек сыртынан киетін түрлі киімдер бар болса, ең көп қолданысқа енгені – қамзол.

Қамзол – көйлек сыртынан киілетін киім. Олар барқыт, мақпал, пүліш, масаты секілді қымбат маталардан тігіледі. Көбінесе, атлас, шағи, торғын, сыяқты маталармен астарланып, екі өңірі етегін айналдыра оқа басып, зерлейді, кейде, құндыз бен түлкінің қара пұшпағымен әдіптейді. Бойжеткен қыздар мен жас келіндер киетін қамзол өте сәнді болып тігіледі. Оның екі өңіріне алтын, күміс жалатқан қозалар мен тиындар, шарбақ түймелер мен меруерт, маржандар, кейбір жерлерде күміс теңгелер іледі.

Қамзол – әйелдер ұлттық киімнің бір түрі. Қамзолды еліміздің кей жерінде көзекей деп те атайды. Қамзолда жең де, жаға да болмайды, екі өңірі тек тыс пен астардан тұрады. Оның астары үшін қымбат мата пайдаланып, екі өңірі бір бірінен сәл жетпей тұрғандай етіп тігіледі. Желкесінен бастап, екі етігі мен өңіріне бай қыздары алтын оқа тігіп киген. Жастар киетін қамзол өте сәнді болады.

Ішік - сырты матамен тысталып, түрлі аңның терісінен жүнін ішіне қаратып тігілген қысқы сырт киім.

Қазақтың от басы, ошақ қасында жүрген, бай есігінде қызметте жүрген жұмыскер әйелдерінің көктем мен қыста сырт киім есебінде киген тағы бір киімінің аты – нымша.

Нымша – өте қарапайым, кез келген қалың матадан ішіне қалың етіп мақта сыру арқылы тігіледі. Жағасыз, етегі қысқа, өңірі түймелі болып келетін шаруа әйелінің киімі. Тұрмыстық қолданысқа байланысты қазақтар нымшаның бірнеше түрін тіккен. Олар: има, келепан, сұр, жадағай деп аталады.

Има – нымша секілді сыртын матамен қарпымай, ішкі астарын мақтамен көмкергенмен, сыртын биязы жүннен тоқыған сырт киімнің жеңіл түрі.

Келепан – көктемде төлдеген қозының күзде қырқып алынған жұмсақ жүнінен иіріп жасаған, балаларға арнап тігілген етексіз, жеңіл сырт киім.

Сұр – елтірінің бір түр. Бұл киім негізінен халықтың әлеуметтік жағдайы жоғары, бай тобының еншісіндегі киім саналған. Тіпті, мырза, бағландар елтіріні өңдеу арқылы «алтын сұр» деп аталып сәнге енген

киімді таңдаған. Ал, біз сөз етіп отырған сұр киімі толық өңделмеген, қарапайым теріден жасалған жеңсіз, етексіз жеңіл сырт киім.

Жадағай – сырт киімнің өте қарапайым түрі. Бұл негізінен көшпелі қоғамда шаруалардың киімі боп танылған. Өйткені, жадағайдың астарына мақта салынбайды, тек, қатты да, қалың матадан етексіз, жеңді етіп, өңірі түймелі етіп пішіледі.

Жарғақ шалбар - иленіп, оңделген теріден тігіледі. қызғылт түске боялып, түрлі-түсті өрнек салынады. Бұл сенді киімді кезінде батырлар, бектер мен билер, сая-серілер салтанатқа киген.

Қызылдық шпан - қызылдың сырт киімі. Асыл матадан алтын жіппен зер салынып, өрнектеліп тігіледі. Етегіне өсімдік тектес өрнектер көстелінеді.

Оқалы немесе терлі шпан – қымбат матадан жағасы мен өңіріне зер салынып, аркасы мен етек жеңі оқалы жіппен өрнектеліп тігілетін сырт киім. Аркасына күн тәріздес дөңгелек өрнек, өң бойына өсімдік тектес өрнектер салынады. Ертеректе мұндай шпандарды хан – сұлтандар, ауқатты адамдар киетін болған.

Жарғақ шалбар. Иленіп, әбден оңделген жұқа теріні қазақтар «жарғақ» дейді. Қызғылт түске боялып, түрлі – түсті өрнек салынған жарғақ теріден тігіген шалбарды «жарғақ шалбар» деп атаған. Бұл сенді киімді кезінде батырлар, бектер мен билер, сая – серілер салтанатқа киген.

Қысқа – шпанға қарағанда ықшама, қысқа, қобінесе жеңсіз немесе қысқа жеңді болып келетін әйелдің сырт киімі. Салтанаттарға киілетін қыздар аса қымбат маталардан белі қыналып, оңірі мен етегі түрлі өрнектерімен көстелініп өрнектеледі.

Саят дәстүр сабақтастығы барысында той мен қалыңдыққа қатысты тағы бір арнайы тап киім өңір киім деп аталады.

Өңір киім – ұлттымызға тап дәстүрдің бірі. Жас келін босаға аттаған соң өзге абыскандарының үйіне өсік аша барғанда келінге арнап өңір киім деп аталатын киім кийіледі. Мұнда ықшама бәйбішелер келеді. Ниеттері келінге шашу шашып, құтты болсын айту. Шашудың сыртында өңір әкеледі. Өңір киім, бұйым деп ең құрығында терме бау немесе орамал, жаулық, түрлі мата, жас тосақты басқалар басынбасын деп бүркіт тұяғы, үкі сымалдылар іледі. Бұлардың бәрі отау үйге қажетті, оңін ашатын нәрселер. Мұны келін киген шпаншаның, шамшаның, қынама бел бегпеттің өңіріне іледі.

Бас киімдер тобы

Қызықтың сәйгерлік өнерінде назардан тыс қалған киім түрі мен қолданысқа енген факторды табу қиын. Шеберлер класы барлық түрлі қамтығанымен қоймай, өзге де ұлттардың киім тігудегі мәнерімен де жете танысып отырған. Мұндай, өзге ұлттар киімдерінен кіріккен сән элементтері әр рудің өз сәнінен де көрініп қалады. Оң саусағынан зер

төгілген шеберлер сырттық киімдер, көйлек, көншек атаулымен қатар, бас киімге де ерекше назар аударған.

Дәстүрлі бас киімдер – қазақ хандығы құрылған ХҮ ғасырлардан бастап ұлттық мәнге ие бола бастады. Тіпті, халық бір бірінің бас киіміне қарап оның қай тектегі, адам екені мен дәулетінің қай дәрежеде екенін айыра алатын болған. Тігілу түріне орай олар бірнеше түрге бөлінеді: Айыр қалпақ, бөрік, кәмшат бөрік, алтын бөрік, қалмаржан бөрік, тымақ, күләпара, сәукеле, тақия, қасаба, жаулық, күндік, кимешек, күндік, қарқара болып түрліше арталады.

Айыр қалпақ – бай манаптар мен билер екі шеті айыр болып келген айыр қалпақ киген. Оның бір шеті байлық, екінші шеті билік деген мағынаны білдірген. Олар қымбат матадан, төбесі төрт бөлікке бөлініп, беті өрнектеліп тігілді. Айыр қалпақтың ақ киізден сәндеп тігілген әрі жеңіл, әрі ыстықта күн өткізбейтін, ал, суықта жылы ауаны ұстап тұра алатын етіп тігеді.

Айыр қалпақ – ерлердің киізден тігілген жеңіл бас киімі. Айырқалпақ жұқа етіп басылған ақ киізден тігіледі. Ол негізгі екі бөліктен құралады. Олар – қалпақтың төбесі және етегі. Кейде бұларды қайырмасы деп те атайды. Қалпақтың төбесі төрт сайдан тұрады. Шебер пішілген төрт қиынды киіздің арасына қара барқыттан сызық салып қайырып тігеді. Сонда қалпақ төбесі күмбез тәріздес болып шығады. Қалпақтың етегі жалпақтығы төрт елідей етіп, дөңгелектеп, қиып алған ақ киізден жасалады да, оны жоғары бөліктің (төбе етегіне) сызық салып қондырады. Сәнді болу үшін қалпақтың қайырмасының астыңғы жағы кейде қара барқытпен көмкеріледі. Қалпақтың төбесіне қара не, басқа түсті шашақ тағып, төбесінің төрт сайы әртүрлі жібек жіппермен кестеленеді. Ақ киізден тігілген айыр қалпақ әрі жеңіл, әрі салқын, әрі сәнді болып келеді. *Айыр қалпақ* – аса қымбат матамен тысталып, ішіне жұқа киіз немесе қалың мата салынып сырылып тігілетін ер адамдардың бас киімі. Сыртында өсімдік тектес өрнек салынып, алтын жіппен зерленеді. Оны ертеде, негізінен, хан – сұлтандар салтанатқа киетін болған.

Бөрік – ер адамдардың өте ертеден келе жатқан дәстүрлі бас киімінің бірі. Олардың төбесі көбіне алты немесе төрт қиықтан тұрады. Тігілу тәсілі мен қолданған терінің түріне орай: құндыз, тиын, тышқаннан тігілгендері құндыз бөрік, сусар терісінен тігілгені сусар бөрік, жанат терісінен тігілгені жанат бөрік, елтірі тересінен тігілгені елтірі бөрік, түлкі тересінен жасалған түлкі бөрік, кәмшат бөрік, елтірі бөрік деп аталған.

Бөрік – қазақтың ертеден қалыптасқан ұлттық бас киімі. Оны бағалы аң терісінен және жас төлдің елтірісінен тігеді. Оның жаздық және қыстық түрлері болады. Терінің түріне қарай бөрік әр алуан аталады. Мұны ерлер де, әйелдер де киеді. Бөріктің төбесі көбінесе алты сайлы қиық, төрт сайлы болып келеді. Оны тіккенде алдымен өлшеп алып, жұқа киізден

пішеді. Әр сайдың төбеде түйісетін ұштары үшбұрыш тәрізді, етек жақтары тіктортбұрыш болады. Осы қиындылардың бір бетіне шүберектен астар, екі арасына жұқа матадан бидай шүберек салып, жиі етіп сыриды. Одан соң жеке жеке сайларды бір біріне өрістіріп, ішінен де, сыртынан да жормен тігеді. Оның сыртын асыл матамен, барқытпен, пүліш, қамқиен тыстайды. Бөріктің іші сай болса, тысы да сонша сай болады. Бұлай кейін бөріктің төбесінің етегін жәй матамен астарлап тігеді де, төменгі жағын төрт елідей терімен қылшығын сыртына қаратып, көрсереді.

Бұрын қыздар киетін, төбесіне үкі, жібек шашақ тағып, зер жіппен, жібек жіппен кестелеткен меруерт, маржан тізбелер, алтын, күміс түйме қалған. Кейде бөріктің етегін жауып тұратындай етіп, айналдыра жібек не зер шашақтар ұстаған. Бөрікті қазақ халқы секілді қарақалпақ, башқұрт, татар, ұйғыр тағы да басқа халықтар киеді.

Тымақ – ер адамдардың бас киімінің ел арасынан кең тараған түрі. Ол өте ыңғайлы, жылы, құндыз, бұлғын, қасқыр, сусар, жанат, түлкі, суыр, өкіліні аңдардың терісі мен құлын, бұзау, қозы мен лақ секілді түліктің алаңына. Тымақ – малшы-шоншардың, аңшы-саятшылардың сүйікті бас киімі.

Малакай – ерлердің салқын мезгілде киетін бас киімі. Оны құндыз, бұлғын, жанат, түлкі, қарсақ, суыр секілді тағы да басқа аңдар мен құлын, қозы мен дастың өлтірісінен тігеді. Малакай маңдайдан, екі құлағы мен төбесінен және артқы құлағынан тұрады. Малакайдың төбесін екі түрлі тастымен пішеді. Біріншісін төрт не алты сай етіп пішіп алады да, бірістіріп құрайды. Оның сайларының түйісетін ұштары үшкір болады да, етек жағы тіс төрт бұрыш тәріздес болып келеді. Содан кейін оның етегін тіктортбұрыш етіп қиып алып, қусырып тігеді. Оған дөңгелек төбе қондырылады. Малакайдың маңдайы оның екі құлағының арасына дәл келетіндей төрт бұрыш пішінде болады. Артқы құлағының биіктігі маңдайдың биіктігінен сәл кемдеу, кейде бірдей етіп алынады. Оның ұшындығы екі құлақтың арасына дәл сынып, тұрарлықтай болуға тиіс.

Малакай тіккенде теріге өлшен пішінген астарға мақта не жүн тартып, екінші бетіне бидай шүберек салып сыриды. Мұның сыртынан терімен тыстап, астары мен тері тысын бір біріне тігіп жапсырады. Тігіп болған соң қалыңа киетін кереді. Малакай әрі жылы, әрі сынайы бас киім. Қазіргі кезде көптеген сән үйлері өте сәнді малакайлар тігуде. Малакайды ерлермен бірге әйелдер де киеді.

Құлақара – ер адамның бас киімі. Бірақ, ел арасында көп қолданысқа ене қоймаған киім. Мұны көбіне бозбала, жігіттер киеді. Тігілуі де өзгеше, сән, салтанатқа, жылы, тойға киетін етіп өрнектелген, желкесінде желбегейі бар, сәнді болып тігіледі.

Әйелдер бөрігі – пішіні жағынан ер адамдардыкіне өте ұқсас. Тек, өрнегі мен эшекейінен айыруға болады. Кәмшат бөрік - қыз балаларға арналып тігілген, құндыз терісімен жиектеледі. Алтын бөрік – алтын жіппен өрнектеледі. Қалмаржан бөрік – түрлі қымбат тастармен, маржан моншақтармен көмкеріледі. Ал, бөріктің жоғарғы жағы қыжым, пүліш, мауыты, жібек, шибарқыт секілді маталардан тігіледі.

Жаулық - әйелдер бас киімінің орамалға ұқсас түрі. Жаулықты көбіне орта жастан асқан әйелдер қолданады. Жаулықтың түрлі-түсті емес, тек ақ түсті матадан тігіледі. Жаулықты кимешектің сыртынан тартады. Жаулық көлеміне қарай күндік жаулық, қарқара жаулық болып бөлінеді. Қарқара жаулығы әйелдер келбетіне ерекше нәзіктік берсе, күндік жаулықты әжелер күннен көлеңкелеу үшін маңдайынан түсіріп тартатын болған. Жаулықты ақ жібектен немесе ақ жібектен тігеді. Жаулықты кимешектің сыртынан тартады. Оны тарту тәсіліне қарай түрліше атаған. Жаулық тұтас енімен алынады, кейде ен жарма ен болады. Шеттерін жіңішкелеп бүгіп тігеді. Қарқара тартқанда әйелдер жаулықтың бір үшін желке тұсына келтіре сәл шығарып қояды да, қалған бөлігін кимешектің сыртынан айналдыра шашағын көрсетпей, жауып тұрарлықтай етіп орайды. Жаулықтың ұзындығына байланысты қарқараның биіктігі де әртүрлі болып келеді. Күндік жаулық кимешектің сыртынан жартылай оралып тартылады. Күндік жаулық тартқан әйел күнге қарсы жүргенде күндіктің маңдайындағы үш бұрышты қаттаманы еңкейтіп түсіріп қояды. Оның желе тұсында қарқара жаулығанан гөрі ұзындау, етегі әйелдің арқасын жауып тұрады. Күндік жаулықты үш бұрышты қаттама шыққан жерінен және әйелдің желкесіне келетін тұсынан түйреуішпен түйреп бекітеді. Еліміздің әр өңірінде әр түрлі жаулық салу үлгісі бар.

Кимешек - егде әйелдер киетін бас киім. Көкіректі жауып тұратын тұтас матадан тігіледі. Жағы, өңірі оқаланып кестеленеді. Төбесіне сендік үшін күндік сияқты ақ мата оралады.

Тақия - биіктігі 10-15 см. мөлшерінде дөңгеленіп тігілген, қыздар киетін үкілі тақия. Жиегіне ою салынып, түрлі асыл тастармен көмкеріледі. Бұл кей жерлерде ерлердің жеңіл бас киімі деп саналады. Тақияның түрі мол. Олар: тегіс төбелі, биік төбелі және үшкір төбелі тақия. Ерлер киетін тақияда теңге, моншақ, тана болмайды. Оның есесіне олар «мүйіз», «ат ерін», «шырмауық» сияқты өрнектермен кестеленеді. Түрлі тігістермен әдіптеп сырылады. Тақияны пүліш пен қыжымнан, астарын жібек пен сәтеннен тігеді. Биік төбелі тақия мен тегіс бөбелі тақияның тігілу бірдей. Ал, үшкір төбелі тақияны тіккенде оның етегін, жалпақтығын үш елідей етіп, тік төртбұрыш етіп қиып алады. Оның төбесі үш бұрыш формалы, төрт не алты сайдан құралады. Алдымен, оларды тігісін ішіне қаратып құрайды да, сайлардың етегін тақияның етегіне қондырады. Тақия мыжылмай, өз формасын сақтап тұруы үшін оны

астары мен қос астарын беттестіріп, жиі етіп сыриды. Одан соң тысын жауып, шетін басқа түсті матамен әдіптес көмкереді. Сайлардың және тақияның төбесі мен етегінің қоспа тігістері білінбей үшін сол тігістерді бастыра жібек жіппен әдіптеп, шалып тігеді.

Аяқ киімдер тобы

Көшпелі қазақ халқының тұрмысында ежелден бері етікшілік өнері кең дамыған. Ісмердің етікші деп аталу себебі, ұлттық аяқ киім галереясынан бүгінгі сандалдарға ұқсайтын ашық, самурайларға тән сүйретпе, арыс жұртына тән бауы бар башпақ секілді ілмелі ашық аяқ киімдер болмағандығынан туындаса керек. Өйткені, көшпенділер жұрты ардайып ат үстінде болғандықтан етік секілді жабық, қонышты аяқ киімдерді тандады. Сондықтан да, аяқ киім шебері бір ауыздан етікші деген атқа ие болды.

Аяқ киім тігуге қажетті көп, былғары, қайыс, ұлтан, сірі, төз, тарамыс секілді заттарды әдетте аяқ киім тіккізушінің өзі табады. Тек, ағаш шегемен, кенкен қайыс кесіндісін, ұсақ шегелерді, түрлі қалып түрлерін етікшінің өзі алып жүрген. Етікшінің тұрақты қонысы болмаған. Ол кез-келген байлық ауылына барып, ұшылатын қызының аяқ киімдерін тігемекке айлап, кейде жылдап тұрақтан іс тігетін болған. Ауыл адамдары да осы кезде етікшіге барып, өз қалауына аяқ киім жасағады.

Ер адамдарға арналған етіктің бірнеше түрі бар. Жаздыкүні киетін жеңіл етіктер көп теріден немесе қайыстан жалаң қабат етіліп тігіледі. Ат үстінде жүретін етіктердің көбінің басы қайқы, ішіне қаратып тігілген ұлтаны жұмсақ болып келеді. Мұндай етіктерді қайқайма етік, қайқы бас етік деп атаған. Бұларға өкше салынады, табаны жұмсақ болады. Ал, қонышына түрлі өрнектер мен кесте салынады.

Сантама етік – қазақтың ұлттық киімдерінің ертеден келе жатқан түрі. Сантама етіктің ішіне тізеден асып, етіктің сыртына шығып тұратын киіз байпақ салынады. Кейде киіз байпақтың орынына шұлғау оралады немесе мәсі киіледі. Сантама етік ішінен киілетіндіктен олардың қонышы ұшып, кең болады. Сантама етігінен кие бойы далада болатын қойшыға, аңшыға өте қолайды. Сантама жылқының, сиырдың терісінен иілген былғары мен көннен тігіледі. Ол түзу табан және қисық табан болып келеді. Өкшесі аласа, қонышы тізені жауып тұрарлықтай ұзын болады. Ал, басының ойындасы қонышының ойындасына дәл келтіріп, тігісін ішіне қаратып, қос тарамыспен тігеді. Басын қондырған соң қонышын қусырады. Етіктің қонышын қусырғанда етік жылы болу үшін тегістің арасына жіпке былғары таспадан сыздық салып, қос тарамыспен жиі етіп тігеді.

Етіктің басы қондырылып, қонышы қусырылып болған соң етікті қалыңқа тартады. Ол үшін ең алдымен қалыңқа өлшеп, іштік ұлтан қиып алып, оны ағаш шегемен қалыңтың табанына бірнеше жерден шегелеп

бекітеді. Етік басының сірі өкше деп аталатын бөлігіне жұқа былғарыдан астар салып, қайыңның тозынан не қатты сіріден қос астар салып, қабаттап, қайып тігеді. Бұдан соң етіктің басын қалыпқа кигізіп, жіңішке тарамыспен оның шетін іштікке айналдыра көктейді. Етіктің табанынан суық, ызғар өтпеу үшін ішкі ұлтан мен сыртқы ұлтанның арасына бірнеше қабат көн

салады. Қол ұлтан салынып болған соң сыртқы ұлтанды шегелейді. Ұлтан қопарылмау үшін етіктің үзеңгілігіне дейінгі бөлігіне шеге екі қатар қағылады да, үзеңгілігінің тұсынан бастап, өкшесіне дейін бір ақ қатар қағылады. Саптама етіктің өкшесі аласа болады. Саптама етікті әдетте кең етіп тігеді. Күннің райына қарай етікті бір байпақпен де кие береді.

Байпақ – жылылық үшін етіктің, мәсінің ішінен киетін, киізден тігетін аяқ киім. Қыста киетін байпақтың киізі қалың, ал, жазда киетін байпақтың киізі жұқа болады. Байпақ тігудің екі тәсілі бар. Оның бірі табанын бөлек салып, ұлтарып тігу. Екіншісі, тұтастай қусырып тігу. Байпақтың тігісі аяққа батпау үшін оны сыртынан тігеді. Тігуге тері немесе қой жүнінен иірген шуда жіпті пайдаланады. Жүннен тоқылатын байпақтардың қонышы қысқа болады. Ерте кезде оны шұлғау орынына, киіз байпақтың ішінен киу үшін де пайдаланған. Қазіргі кезде бәтеңкенің, қысқа қонышты етіктің, мәсінің ішінен киеді. Байпақ түйе жүнінен, қой жүнінен, ешкінің түбітінен тоқылады. Мұндай байпақтар әрі жеңіл, әрі жұмсақ та, жылы болады.

Шоңқайма етік – сән үшін киілетін биік өкше етік. Оны сері жігіттер жиын, тойда киген. Шоңқайманы таза құрымнан, былғарыдан тігеді. Шоңқайма етіктің қайқы тұмсық, көк сауыр, таптаурын секілді түрлері бар.

Ұлтымыз жәй етіктерді ірі қара малдарының терісінен тіккен. Тігісін ішіне қаратып, табаны түзі болып келетін қарапайым етіктердің пішіліуі де, тігілуі де оңай. Мұндай етіктерді малшылар, шопандар киген. Оларды атқа мінуге қолайлы, жеңіл, табаны жұмсақ түрлерін жұмсақ табан деп атайды. Иге салып, түгін түсірген ірі қара терісінен тігілген түрін көн етік деп атайды. Бұл етіктер тау, тасты, орман-тоғайлы жерлерге лайықталған, табаны да, өзі де жұқа, жеңіл, сондықтан олар аңшы-саятшылардың ыңғайлы аяқ киімдерінің бірі. Сондай-ақ, үй ішінде, ауыл арасында киетін жеңіл аяқ киімнің бір түрі – мәсі. Мәсінің сыртынан киетін, қонышсыз аяқ киімді кебіс, кей жерлерде ластық деп атайды. Кебіс мәсіні шаң мен тозаңнан, ығалдан қорғаған. Ал, орыстың киізден басқан пимасы тәрізді, ұлтымыз бұйық деп аталатын киіз байпақтың бір түрін тігетін болған. Бұйықты көшкен кезде жылылық сақтау үшін етіктің сыртынан киетін болған.

Ал, әйел адамдардың және балалар аяқ киімдерінің түрлері де көп. Олар көбіне сәнді болып келеді және нәзік өрнектермен әдіптеледі.

Әйелдердің жаздық аяқ киімдерінің қонышы қысқа, кейде қонышсыз болып тігіледі. Әйелдер мәсісін шегірен сыяқты былғарыдан, қонышының сыртынан терінің қылшықты бетін шығарып немесе басқа терімен көмкеріп, кестелеп тігеді. Бойжеткен қыздар мен жас келіншектердің келістері үшкір тұмсықты, биік өкшелі болып келген.

Мәсі - өңделген жұқа теріден қонышына ою салынып, табансыз, ұлтансыз, негізінен үйде киілетін жеңіл аяқ киім. Мәсі тазалық үшін аса қолайлы. Аяқ киімнің бұл түрі ежелгі заманда пайда болса, күні бүгіндері де сән мен қолдныстан қалмай келеді. Кебіс – табаны қалың, өкшесі биіктеу, сыртына түрлі өрнектер салынып тігілетін, месінің сыртынан қиыға ариштан аяқ киім.

Қазақтың ұлттық киімдерінің қай-қайсында болмасын ата-бабалар рухы сақталып қалғандай. Олардың сән-салтанатына қарап, Ұлы даланың бар баяуын көргендей, жыраулар жыры, семсер шулы, қалыңдықтың таныуы құлаққа келгендей аңғап ыстық пен қақаған аязды дене сезінгендей болады.

3.2 Басқа ұлттардың салттары мен киімдері

Түркі ұлысының бірі ретінде, қазақтың ұлттық киімінен ұқсастықта дақылдан татар мен башқұрт киімдері туралы да біршама айтқалы отырыңыз. Өйткені, өткен ғасырдың басында, қазақ қоғамында башқұрт, татар әйелінің ролі басым болып еді.

Татарлар мен башқұрттардың ең жақсы көретін мейрамы – көктемгі әйел жұмыстарынан кейін, маусымнан алғашқы жартысында пішін шабуға дейін өтетін сабантой болып табылады. Мерекеде ұлттық ойындардың бір катары – күреш бәйге, би ойындары. Ол уақытта дәмді тағамдар – чак – чак, кабартама, түрлі широттар, дара көжесі дайындалады. Сабантойда арқашанда көп әндер айтылып, билер биленеді. Егтілік пен шапшандықты қажет ететін әйел өлеңдер сайысы өтеді.

Күнделікті татар ер адамдарының киетін киіміне тік жағалы жейде жатады. Жейде сыртынан қамзол киеді. Ерлерінің сырт киіміне – жилен, ол күлді біртүстес матадан тігіледі. Жылтыр қара түсті матадан тігілген киімді жилен чикмен деп аталады. Жилен мен чикмен татар шапанының бір түрі. Ерлердің бас киімі – такия. Әйелдер киімінің ең көп тараған түрі – ұзын, кең етектегі көйлек. Көйлек сыртынан қамзол киіледі. Әйелдердің бас киімі ретінде қалпақ қолданылады. Аяқ киімдерінің көп тараған түрі (ерлер мен әйелдерде) мәсі.

Қазақ қызы он үшке толғанда бүлдіршін күнінде киген тиын, түрлі тана қыстырған тақиясын алып, орынына «қарқара» деп аталатын бас киім кигізеді. Мұның себебі, қыз бойжетті, енді ол балалық шағымен қоштасты,

енді оны алдынан қызықты да, мағыналы жастық шақ, үлкен өмір күтеді деген ұғымнан туындаған.

Тап осындай ырым жапон халықтарында да бар. 15 – қарашада барлық Жапония бойынша ескі заманнан келе жатырған және барлығы жақсы көретін сити-го-сан, «жеті-бес-үш»-деп аударылатын жапон мейрамы атап өтіледі. Бұл мейрам, тарихи 300-жылдан астам бұрын басталған, 3, 5 және 7 –жасқа осы жылы толған жалпы барлық балалардың тұған күні ретінде саналады. Бұл тақ сандар Жапонияда ежелден магиялық болып саналады, ал оған сәйкесті жас, балалардың өсуінде күрт өзгерісті этапы маңыздылығын бейнелейді.

Сити-го-сан мерекесіне көп дәстүрлі әдет-ғұрыптар және дәстүрлер жалғасады. Мысалға, үш жасқа келген, ұлдар және қыздар үшін, камиоки - «шашты сақтау» -әдет ғұрыпы. өте маңызды болып саналады. Ежелгі Жапонияда балалық шақта, жапондардың ылғи әділетті түрде, мақтанышы болып саналатын, кейіннен ұзын әдемі шаш болып өсу үшін, балалардың шашын тақырлап қырғызады. Камиоки күніне ұлдардың шашын желкесіне байлауға болатындай қылып өсіреді, ал қыздардың шаштарын екі жаққа байлайды.

Камиоки рәсімі жасалатын күні, дәстүр бойынша қауымның ең құрметті қарт адамы балаларға, ағарған шашты және сондайға дейін өмір сүруге тілейтінді білдіретін, ақ жібек матаның кесіндісін береді. Сонымен бірге, аристократ отбасыларында балаларға үш жасында бірінші рет хакама кигізеді (бүрмелі кең балақты шалбар түріндегі, дәстүрлі ерлер киімі). Кейіннен бұл әдет-ғұрып бес жаста өткізілетін болды, дәл сол жаста самурайлар, балаларын үлкендер арасына кіргізіп, феодалдарына көрсеткен болатын.

Қыздар үшін аса маңыздысы ол жеті жас, себебі осы күні оларға бірінші рет кимоно үшін «бойжеткен» белдік –оби тағады. Бұл оби-токи («белдік ауыстыру») деп аталатын әдет-ғұрып, бой жеткендікті рәсімдейді, себебі осы күні өмірінде бірінші рет қыз бала үлкен әйел сияқты киінеді. Үлкен адамдардың әсем кимоноларын киген кішкентай қыздар, өте әдемі және әсерлі болып көрінеді.

2.3 Бүгінгі күн талабына орайластырған киімдер тобы

Тігіншілік әйел мен ерлер киімдерін және түрлі сападағы киімдерді тігуде кең көлемде қолданылып келеді. Бұрынғы заманда жекелеген тігіншілер бай, мен манаптардың ғана қызметін жасаса, бүгінде бір тігіншінің қолынан шыққан үлгі көптеген адамды киіндіре алады деп толық айта аламыз.

Жаға – қандай да болсын киімнің әдемі болып көрінуі көбінесе жағаның формасын таңдай білуге, оны дұрыс пішіп тігуге байланысты.

Жаға негізінен екі бөліктен, жоғарғы қайырма және төменгі тік жағадан тұрады. Жоғарғы қайырма жағасының пішінін, сондай ақ төменгі тік жағалардың көлемін өзгерту арқылы жағалардың алуан түрін жасауға болады. Ол негізінен үш топқа бөлінеді.

Біріншісі – *жабыста жаға*. Бұл әйелдер мен балалар киімдерін тіккен кезде пайдаланылады.

Екіншісі – *тік, қайырма жаға*. Оларды әйелдер мен балалар киіміне де, ерлер киіміне де сала береді. Тік жағалар қайырмасы жоқ, биік, шет, шеті әсем өріктелген болып келеді. Бұл жағаларды әйелдер киімінің барлық түріне, сондай ақ, ер адамдар мен балалардың киіміне қолданылады. Жигаштардың барлық түрінің пішіп тігу әдісі бірдей. Оны тігудің өн күрделісі жағаны мойын ойындысымен жалғастыру. Жалғастыру тәсілдері әр түрлі болады. Және негізінен мойындықтың, ілөктің формасына, сондай ақ тігілетін киімнің матасына байланысты.

Үшіншісі – *ұшы доңғезенін жасалатын жаға*. Жағаны бет жағына айналдырып, бұрыштарын дәліме дәл тегістен келтіріп, жағаны астары жағанын үстітеу қажет. Жағаны өңделмеген кеспелі бұрыштарын ұшпа ұш тегістеп, көктейді. Осылай жасалған кезде жағаның үстіңгі бетінде астарды айналдыруға керекті артық мата пайда болады. Жұқа матадан тігілетін жағаны өңдеген кезде астарды жағаның үстіңгі бетінің мөлшері бойынша пішіп, оған қосып көктейді.

Жейде – (ерлер көйлегі) киілуіне және маусымына қарай жейде түрлі маталардан және трикотаждан тігіледі. Жейденің мөлшерін мойын өлшемі мен қауде мөлшері арқылы анықтайды. Әр размерге жағаның белгілі бір өлшемі мен бойға байланысты ұзындық сәйкес келеді. Жейденің екінші бір түрі түрлі, түсті матадан тігілетін ерлер жейдесі болып табылады.

Желбегей – жейде тәрізлес жеңіл киім. Желбегейдің пішілуі мен әсемдеу деталдары әр түрлі болады. Желбегей ұзын немесе қысқа, күншырашы немесе жағалы болуы мүмкін. Оның киілуіне қарай жүн, жүн аралас, жасанды жүн тағы да басқа маталардан тігеді. Көп тараған желбегейдің бірі тымт матадан тігілген желбегей. Иығына ұзын пагон салынады. Желбегейі жеңсіз болады. Жең ойындысы өріктелі тігіспен жүргізіледі. Қалғасы жансырмалы, әрі жармалы болып келеді. Жағасына, түймелерінің өңіріне, етегіне әсемдік тігіс түседі.

Күлапаралы желбегей – бүгінгі жастар арасындағы мол тараған үлгі. Матаның ұзынша, жалпақ тігіктерімен әсемделген. Тұғас пішіліп, бүктіліп тігілген өңірде сыртылдақтық түймелік болады.

Жеңсіз көйлек – жазғы уақыт пен жазғы демалыс кезіне арналған (сарафан) көйлек. Ол мақта, кенеп, жібек маталардан, трикотаждан жеңсіз болып тігіледі. Оны блузкамен, свитердің сыртынан киетін түрлері де болады. Мұндай жеңсіз көйлекті жүн, костюмдік жеңіл маталардан, өзге де басқа материалдардан тігеді. Жеңіл көйлектер жартылай қыналған, тік

тігілген, тропациялы және белі қыналған, түймеліксіз немесе алдына, беліне дейін түймелік салынған, өңірсіз немесе етегіне дейін өңір салынған, жапсырма және жарма қалталары әсемделген тігісті және де басқа түрлі болып келеді.

Жаздық жеңіл мақта матадан тігілген көйлек (халат) – кеудесі иығынан байланатын тоқыма бауға жиырылып тігілген. Мықын тұсында үлкен жапсырма қалталары бар, олардың да тоқыма бауы бар. Етегіне желбіршек салынған.

Жилет – киілу мақсатына қарай (жұмысқа киетін, сәндік үшін тағы да басқа) жилет түрлі материалдан, жүннен тоқылады. Мақта матадан, жібектен, трикотаждан, былғарыдан, күдеріден тігіледі. Жилеттердің белін қынап, тік, жартылай қыналған қзын, қысқа, жалаң қабат немесе астарлап, синтетикалық мата салып сырып тігеді. Көркемдеп безендіру жағынан жұрын өрнек салынған кашемир орамалдарынан тігілген жилеттер өте әсем болады. Жилетті юпкамен, шалбармен, көйлекпен киеді. Жүн матадан тігілген жилет – ерлерге арналған қынама жилет болып табылады. Алдыңғы бойына көлденеңінен жапсырма, сырт қалта салады. Белбеудің орынына бау тағып сәндейді. Кейде жүн матадан тігілген жилет жартылай қыналған жилеттер де болады. Мұның қолтық асты бөліктері бөлек пішіледі. Түймелері қосылып тігіледі. Алдыңғы бойдың қалтасы қолтық асты бөлікпен пішіледі. Жилетті өрнек тігіспен сәндейді. Ініші бөлек пішілетін жилеттерде киім кең пішіліп, белбеу тәрізді белдік салынып, жапсырма қалта тігіледі. Мойын орындысы інішінің сызығы мен түймеленер жерге өрнекті тігіс жүргізіледі.

Кеудеше – (куртка) жүн, балон, лаке тектес маталардан тігеді.

Балон тектес матадан кең етіп тігілген кеудеше – жеңіл құлпарасымен қоса пішілген. Құлпараның ұйырма жағы мен түймелік қақпағына осы матаның өңін теріс қаратып салған. Жеңінің ұшы мен етегі бірнеше қатар резенкемен бүрмеленген. Жиегі қайырмалы үлкен қапсырмаға қалта салынған. Кеудешенің барлық деталдарына өрнекті тігіс түскен.

Плаштық матадан тігілген кеудеше – қынамасыз, жеңі оюлы інішпен бірге тұтас пішілген. Артқы бойының ініштен төменгі жеріне қара қарсы қатпарлар түседі. Ауызы арт жағынан шығарылған үлкен жапсырма қалтасы бар. Кеуде тұсына барқыттан су жүгірткен.

Плаштық шақпақ матадан тігілген кеудеше – иық сызығы төмен түскен, жеңі тігіліп қондырылады. Артқы және алдыңғы бойларына ініш салынған. Түймелегі сыдырмалы, қалтасының қақпағы қиғаш салынған. Артқы бойында қарама қарсы қайырма қатпар бар. Кеудеше етегі мен жеңі ұшы резенкемен бүріліп, басқа матадан су жүгірткен.

Балон тектес матадан тігілген кеудеше – ініші синтетикалық мақта салынып сырылған. Жағасы тік, тұтас пішілген. Кеудешенің етегі мен жең

ұшы резенкемен бүрілген. Қиғаш түскен қалтасының аузына сырма салынған.

Шақпақ жүн матадан тігілген кеудеше – тік силуэтті, жеңі жеңденікіндей болып пішіліп, манжетпен аяқталады. Тік жағалы, түймелі қақпағы матаның қиғашынан пішіліп, сырылған. Кеудешенің етегіне резенке өткізілген.

Арише матадан тігілген құлпаралы кеудеше – (ерлерге арналған) жеңі тігіліп қосылады. Алдыңғы бойдың жоғары жағында сыдырма салынған, тікжарма қалталары бар. Шалғайында қақпақты тағы екі жапсырма қалтасы бар. Белі сырма белбеумен буылады.

Киім, көпеш ұғымы адамдардың уақытқа және қоғамдық жағдайларға сәйкес, сұлулық тұрғын белгілі бір ұғымын бейнелейтін модамен тығыз байланысты болады. Адамзат қоғамы дамыған сайын бұл көзқарастар өзгереді. Яғни, сән де үнемі жағарып, жасарып отырады. Киімді әркім өз бетінше таңдайды. Таңдау барысында адамның жеке талғамы мен мода агентаға сүйенеді. Жаксы киімге білу де – өнер. Бұл өнерді игеру үшін сән журналы мен баспасөздің белгілі тарауларында жазылып тұратын сән талаптарын білу ақ. Бұған қоса өз талғамын үнемі жетілдіріп, дамытып отыру керек. Бұл ретте, адамның өз мәдениеті, оның моралдық және адамгершілік ұғымы және талғамы мен бейілі үлкен рөл атқарады.

Киім таңдаудағы жаксы талғамды білдіретін кең тараған аспекттардың бірі – әдемілік, сәнділік. Сәнділік ұғымы ең алдымен киім үйлестімділігін, түсі мен сәніне қарай дұрыс құрай білуге, яғни, киім мен аяқ киімінің, бас киімінің, сумканың, қолғаптың бір біріне үйлесіп тұруына тікелей байланысты. Костюмнің сәнділігі түрлі әсемдеудің, деталдардың, әдемілік бұйымдар мен түстердің сан мен сипатын терең ойластыра, нәтиже шығармай қолдануға да байланысты. Қазіргі заманғы киімдердегі сәнді түстердің үйлестімділігі әдетте түрлі реттегі бірнеше топтардан тұрады. Олара жасыл, сарғыш қоңыр мен қоңыр, көк пен көгілдір, сондай ақ көгіз қоңырау, ақ сары, қызыл, ашық жасыл, ақшыл сұр, ашық көк тағы да басқа түстерді сәйкестіре пайдалану арқылы әсемдікке қол жеткізуге болады. Қара немесе көк түсті ақ түспен ақастыра қолдану да сәнді деп саналады. Олар бір бірінен айқын бөлініп тұрады. Мұндайда әр түстің пропорциялары бір үлгіде немесе үйлесімділікте нақты сақталғанының маңызы зор.

Сәнділік ұғымы сәйкес киімнің әсемдігі ғана емес, сонымен бірге нақты жағдайға байланысты киімге білу, адамның шұғылданытын ісіне, жас шамасына сәйкестігі де ескерілуі жағатады. Киімнің сәнділігіне кереғар тұрпайы киіну де бар. Мысалы жұмыс кезінде үлкен сырға, жылтырауық түйреуіш пен бірнеше жүзік тағу киім тобында тым айқын, қанық бояуларды пайдалану, жағасы тым кең ойылған көйлек пен селдір блузка

киу, шалбардың өте тар болуы, бір сөзбен айқанда моданы әсіре қолданудың бәрі талғамсыздықтың белгісі деп танылады.

Қазір сәнді жоққа шығаруға ұмтылатын кей адамдар өздерінің модамен киінбейтінін, сән қумайтынын мақтан тұтады. Бірақ, біздің ойымызша олар қателеседі. Сәннен тыс киім болуы мүмкін емес. Соңғы сәнмен де, сәл бұрынырақтағы модамен де киінуге болады. Киім адамды маңайдағы жұртқа тым оқшау да, ерекше етіп көрсетпеуі керек. Ал, бұл талғамның жоғарылығына тікелей байланысты. Жұрттан ала, бөле жаңа моданы киім де, қазір ұмытылып кеткен, қазір ұмытылып кеткен көне моданы киім де оғаш көрінетінін жасыра алмаймыз. Киім сырт пішінді әсемдеп немесе бұзып қана қоймайды, сонымен бірге адамның өзін қоршаған ортаға қарым, қатынасын да білдіреді. Мысалы, той, жиын, мерекелі сәттерде қалай болса, солай, салақ киіну – ол адамның жиылған жұртпен қоса өзін де сыйлай білмейтінін көрсетеді. Киімге деген талғампаздық адамның өзіне деген сын көзбен қарай аларының белгісі болып табылады. Киімді дұрыс таңдау үшін жас ерекшелігін де ескеру керек. Жастар ашық бояулы, кейде тіпті әдеттегіден ерекше тігілген, көбіне көп спорттық немесе халықтық үлгідегі киімдерді киюіне болады. Өтыз жасқа келген қыз, келіншектер өзінің сыртқы пішініне лайық, бітім сұлулығын айқындап тұратын киімдерді таңдай білулері керек.

Қырықтан асып, жас ұлғайған кезде білінетін тұлғадағы кейбір кемшіліктерді бүркемелеу жағын да ойластырған жөн. Толық денелі жас әйелдер толықтықты жасырады екен деп тым қоңырқай киімдермен шектелмеген жөн. Ең бастысы киімнің түсі мен формасын белгілі бір талғамды сақтап киіну, толық денелі, жасы ұлғайған әйелдердің де ашық түсті маталардан қашқақтауы орынсыз дегенмен, бұл маталар тым қанық бояулы болмауы қажет.

Талғампаздық пен киімді орынды кие білуді адам бойына кішкентай кезінен дарыту керек. Бала талғампаздығы оның өзіне және ата-анасының тәлім, тәрбиесіне де байланысты. Балаларға ыңғайлы, өз денесіне шақ, әдемі киімдерді алу керек. «Өсе келе дұрыс келеді» деп киім алу дұрыс емес, мұндай киім олпы, солпы болып, баланы ығайсыздыққа душар етеді. Ал, қашан шақ болғанша ескіріп те үлгереді. Одан гөрі кішірейген киімнің жең ұшы мен етек жағын жіберіп, ұзартқан әлдеқайда қонымды. Киілу мақсатына қарай киімді бірнеше топқа бөлуге болады. Бұлар: Күнделікті тұрмыста және үйде киетін, сән, салтанатқа киілетін, спортпен шұғылдану және далада демалу, серуендеу үшін киілетін киімдер болып бөлінеді. Бұдан басқа арнайы өндірістік киімдер де болады. Күнделікті киім үшін түрлі маталар, трикотаждар және басқа материалдар, солардың ішінде былғары немес күдері, жасанды мех қолданылады. Бір киім бірнеше материалдан құрастырылып тігіледі. Мата түсітінің ең алдымен модаға лайығы, оның өзінде тым ашық түстен гөрі биязы киілген, алабажақ ірі

гүлді матадан гөрі, шақпақ сызықты, суретті майда түрлісі таңдалады. Үй киімін әдетте мақта, жартылай жүн, химия талшықтарынан жасалған биязылау тықыр немесе түкті маталардан тігеді. Бұршақ, жолақ немесе кергеге қоз секілді классикалық өрнекті маталарды да пайдалануға болады. Мұндай киімдердегі сәндік детальдарды да басқа матамен су жүгірту, әдіптеу, шілтерлі манжет пен жаға қарапайым болуға тиіс. Әйелдер үйде көбіне көйлек, юпка немесе шалбармен, блузка, көйлек, халат кигені тиімді. Алжапқыш өте қажет. Сонымен бірге үйде демалу үшін киетін қарапайым болса да сәнді, ұзын юпка, қыста қалың, жазда жұқа, ашық бояулы, тым тар емес, жарасымды шалбар, тым қымбат емес матадан екі жағын бірден киуге болатындай етіп, сырылған жилет. Немесе жакет болуы мүмкін. Үйде басқа байлап жүретін шәлі мен орамалдың да зияны жоқ. Ерлерге үйде кию үшін белдігі бар кеудеше, мақта, фанелден, шілбарқыттан, кенептен кең етіп тігілген жейделер ұсынылады. Жаздық киімнің түсі қыстық киімге қарағанда неғұрлым ашығырақ, жолақты кергеге көңі, суреттерінің бояуы қанық болуы керек. Үйде киетін шалбарды бір түсті, аяқ қымбат емес дженси, жартылай жүн немесе барқыттан тігуге болады. Салқын кездерде кию үшін жилет, кеудешелердің тоқылған түрі немесе бір түсті жұқа матадан тігіліп, астарына ватин немесе синтетикалық мақта салып сырылып тігілген түрлері де ыңғайлы. Жасы ұлғайған ер адамға бірыңғай, қоңыр, сұр, сұрғылт қоңыр, көк түстер, ал, жастарға – жасыл, қанық немесе ақшыл, көкшіл сұр, қошқыл қызыл, ақшыл көк түстер жарасады. Жұмысқа киетін киімді парша, барқыт, жейделер жиі бар маталардан тігеді. Әйелдердің жұмысқа киюіне, әсіресе ұста ішінара бір бірімен ауыстырып киетін костюмдері мен комплектілер ыңғайлы. Мұнда құрау үшін түрлі киімдердің жиынтығын пайдалана алатын.

Көз келген киімнің ұзындығы мен қалай сәйкес кестелендіріп, киілуі әйелдің жақ шамасына, дене бітіміне тікелей байланысты. Жеке, жеке заттардан тұратын киімдерден ортақ үйлесімділік құрайтын киімдерді топтастыруға болады. Жұмыс костюмін жиі жаңартып, әр түрлі киінуге мүмкіндік туғызады. Костюмдер мен көйлектер дәстүрлі киім болып қала береді. Костюм бір матадан тігілуі де, бір біріне сәйкес келетін екі, үш матадан құрастырылуы да мүмкін. Жұмысқа арналған киімдерді әдетте спорттық үлгімен, қышпа, түймелік қақпақ, сыдырма салып тігеді. Оларды жүн матадан немесе химиялық талшықтардан жасаған жүнге ұқсас маталардан тігеді. Жылдың жылы мезгілінде мата түрімен бірге киім стилі де өзгереді. Нәзік, классикалық үлгіде де, ескілікті үлгінің кейбір элементтеріне ден қою басымдық болады. Жұмыс киімін ақ матадан, ашық түстен, жаға мен манжет салып, етек, жеңінің шетін әдіптеп, немесе тігіске су жүгірту, әр түрлі түймелер, сыдырмалар қадап сәндеуге болады. Киім сәнін белдік, тоғабастар да келтіріп тұрады. Жұмыс киімі ашық

бояулы, қанық немесе түрлі, түсті маталар ұсынылады. Бәрінен де өз формасын жақсы сақтайтын қалың маталар мен трикотажды немесе қимыл, қозғалысқа ығайлы, әрі қыртыстанбайтын маталарды пайдаланған ұтымды.

Жаздық киімдер – марлевка, маркизет, жұқа жібек секілді жұқа әрі денеге жұмсақ маталардан тігілуі керек. Жұмыс киімінің біртегіс матадан басқа тым ашық бояулы емес, гүлді, сондай ақ, химиялық талшықтар қосылған кенеп, мақта, жібек маталардан, кейде қоспасыз, осылардың таза өзінен де тігуге болады. Ерлер қызметке көбінесе пиджак пен шалбарды үйлестіріп кигені дұрыс. Кей өрнекті матадан тігілген пиджакты сонымен сәйкес келетін шалбармен киген де жарасымды. Жұмысқа киюге кеудеше мен жакет өте ыңғайлы. Матадан тігілген кеудешелерді былғарымен сәндейді. Бештеп пен кеудеше тігу үшін майда кереге көзді мағдаларды қолданған жақсы. Кеудешелер мен жакеттерге бешпетке қажалып, тозбау үшін жеңінің шынтағына мата түсіне сәйкес былғары жамау салады. Таза немесе жасанды былғарыдан тігілген кеудешелер мен бешпеттер жүннен және жүн аралас талшықтардан құралған киімдер өте ыңғайлы жұмыс киімі. Ерлердің жұмыс киімі әр түрлі. Бір түсті немесе жолақты болып келеді. Ашық түстілерімен бірге бояуы қанық, қоңыр, қызылдары да сәнге сай келеді. Ақ жейделерді кешкі ресми кешке немесе біркиер костюмдермен киеді. Жұмысқа гүлді суреттері бар жейделерді киюге болмайды. Олар жазда демалған кезде киюге арналған. Ұйық костюмнің немесе аяқ киімнің түсіне сәйкестендіріп алынады. Олар бір түсті болуы керек. Күнделікті киілетін киімге, сырт киімдер: Пальтоның барлық түрлері, плащтар мен көшеге киетін кеудешелер де жатады. Сырт киім тігу үшін дәстүрлі жүн маталар, табиғи және жасанды маталар, капрон мен балон тектес су өткізбейтін мақта, маталарға дейін қолданылады.

Әйелдің дәстүрлі қысқы пальтоларын бір түсті, беті түкті немесе сәл бедерлі жеңіл маталардан тігеді. Жаға үшін үлпілдек мехтан: түлкі, қара түлкі, құндыз, қаракөл пайдаланады. Спорттық үлгідегі пальтоларды қаракөл, құндыз мехтарымен өндеп тігеді. Қысқы пальтолар тігісі белі қынама, жартылай қынама, тік, сондай ақ, белдігі бар немесе трапеция пішінді болуы мүмкін.

Спорттық үлгідегі пальтолар негізінен тік пішінде болады. Қысқы пальтоларға қарағанда күздікке арналғанының түрі көп. Дәстүрлі спорттық үлгідегі классикалық модельдерден сәнді детальдар пайдаланылады. Бұл пальтолар орта жастағы және жасы ұлғайған әйелдерге арналады. Күздік киімнің қысқы пальто, желбегей секілді дәстүрлі емес түрлері жас қыз келіншектер мен спорттық үлгідегі киімді ұнататындарға арналған. Сырт киімнің ерекше бір тобы су өткізбейтін матадан тігіліп, ішіне мақта тартып, жасанды мех немесе одан басқа ыңғайлы жеңіл астар салып тігілген.

Енді маусым аралық киімдер. Мұны қыста да, көктемде де, күзде де киюге алуға мүмкіндік бар. Мұндай киімдерді түрлі плаштық маталардан тігіп, сырып, өрнекті тігіс салып, сыртетпе немесе сыдырма салып тігеді. Бұл үлгіде спорттық үлгінің элементтерін қолданады. Бұлар қалталар, күлшаралар, бүрмелі белдіктер, баулар, иініштер мен тіліктер алмалы, салмалы астарлар, тағы да басқа жең ойындысының кең алынуы, иық сызығының оңша білінбей тұруы бұл киімдердің өз ерекшелігі болып табылады.

Плащ қазіргі кезде жаздық пальтаның орнына жүретін бары. Оның жаңбырды қиетін балон маталарынан тігілгендері де бар. Және тек жазда ғана емес, жүйн матадан немесе жасанды теріден жасалған астары бар, суық мезгілде киюге болатын түрлері болады. Плаштар әр түрлі түсті матадан тігіледі. Бұл сыртқа қиетін ыңғайлы киім болып саналады. Мұны барлық киіммен киюге болады. Жыл мезгіліне қарай киімдерді кию үшін тығыз тоқталған маға, барқыт, шибатқыт бар. Мұндайда бір түсті, жінішке күкірт жолақты мата пайдаланады.

Жүйн немесе басқа маталардан тігілетін юбкалардың алуан түрі болады. Етегі тік немесе бір қатпары бар. Тар юбкалар бірнеше қатпарлы, немесе айналдыра сырмалы. Бір жағына қарай қаусырмалы. Немесе трансция тәрізді, желбірішек салынған тағы да басқа түрлері бар.

Сонымен қатар, әйелдер шілбары да әр түрлі мәнге ие. Олар тік, баласы тарлау да, кең де болуы мүмкін. Оларды түрлі маталардан тігеді. Жүйн маталардан дәстүрлі классикалық немесе спорттық үлгімен тігілген пальтолар көбінесе орта жастағы немесе жасы үлкен еркектерге арналады. Оларды классикалық маталардан, велюр, драптан тігеді. Ал, спорттық киімдерге түрлі түсті маталар кеңінен пайдаланады. Жас жігіттерге қысқа пальто, табиғи және жасанды мөхтен тігілген пальто, жасанды балшықтан тігілген қысқы шолақ пальтолар жарасымды. Бұлардың алмалы, салмалы әртүрлі жылы астарлары бар. Бұлар ұлттық та, дәстүрлі сырт киімдердің орнына киіліп жүр. Бұл киімдерден өзіне тән иініштер, күлшара, бірнеше қалта, белдік, бау, сыртетпе, тағы да басқа спорттық үлгі басымдық ақтарылады. Ерлер плащында дәстүрлі формалар, макинтош секінді үлгі сақталған. Шұға тәрізді немесе басқа да кереге көзді маталардан, сондай ақ плаштық маталардан тігілген кеудешелерді көшеге, сыртқа шыққанда киген ыңғайлы. Әйелдердің сәндік киімі әркімнің өзіне тән ерекшелігімен, стандартты басқаларға ұқсамайтындығымен сипатталады. Сәндік киімнің бірнеше арнайы түрлері болады. Олар: демалыста қиетін жаздық сәнді киім; кез келген маусымға арналған кешкі сәнді киім; салтанатты жағдайларда киілетін киім. Киілу мақсатына қарай түрлі маталардан тігіледі. Олар табиғи және жасанды жібек, жүйн мата, арнайы кештерге арналған жібек, барқыт, парша, жылтырақ жібі бар маталар. Демалыста киілетін киімдер күнделікті киімдерден арағұрлым

сәндірек болады. Ол соңғы модаға сәйкестендіріліп, өте ұқыпты тігілуі керек. Алайда формасы жағынан бұлар жұмыс жағдайында киілетін кәдімгі көйлектер, костюмдер болып табылады. Бұл киімдерге жасанды гүлдер қаду, моншақ, майда шынжыр бау тағу, білезік кию арқылы сәндуге болады. Оларды театрға, музейге, көрмелерге қонаққа киіп барады. Кейін бұл киімдердің әшекейін алып тастап, жұмысқа киюге де болады. Мұндай киімдерді тігу үшін жүн және жібек маталар, сондай ақ трикотаж пайдаланады. Бұл біздің тұрмыстағы неғұрлым жиі пайдаланатын киімдер. Бұларды белгілі бір мерзімге жеткенде жаңартып отырады.

Жаздық сәнді киімнің қала ішіне киілетін және еңбек демалысы кезінде киілетін түрлері бар. Бұл үшін бір түсті немесе түрлі түсті жібектер, жұмсақ мақта маталар пайдаланған жөн.

Кез келген маусымда киілетін кешкі сәндік киімдер жылына бір екі рет қана пайдаланатын киімдерді барқыттан, паршадан, жылтыр немесе жартылай жылтыр маталардан тігеді. Мұндай киімдерді күндіз киюдің қажеті жоқ. Бұл көйлектер күнделікті киімнен ұзынырақ болуы немес сол кездегі модаға орай ұзындықта болуы да мүмкін. Оларды тіккенде күрделі үлгілерді пайдаланып, иықты, мойын мен қолды ашыңқырап тігеді. Мұндай киімдерді кигенде қымбат, бағалы, жылтыр әшекейлер таққан жөн. Салтанатты жайларда киілетін киім өте сирек қолданылады. Әдетте, мкінді киім нақты бір себептермен тігіліп, бір немесе бірнеше рет қана киіледі. Мұндай киімдер үшін өте тиімді маталар пайдаланады. Киімді түрлі шілтер, таспа, ызба баумен әрлеудің, жібек жіппен, ұсақ моншақпен кестелеудің маңызы зор. Барқыттан, шілтерден, мехтан жасалған желбегейлер тіпті жаздықүні киюге болатын платин немесе мех жағалар бұл киімдерді толықтыра байытпа түседі. Мұндай киімдерді толықтыру және сәндеу үшін барынша үлкен талғам керек. Әдетте, мұндай киімдерді ұзын кейде тобықтан төмен етіп тігеді. Шалбар немесе ұзын тілікті тоникадан үйлесімді киім жинағын құрауға да болады.

Ерлердің сәнді киімдері бұлардан неғұрлым аздау. Әдетте, бұл дәстүрлі формадағы, бірақ, өте сәнді датальдармен тігілген костюм ашық түсті, көбінесе ақ түсті көйлек пе сәнді галстуг, көбелек галстуг, галстукке қарайтын түйреуіштер де сәндік бұйымдарға жатады. Сәнді костюм тігу үшін қыста қоңырқай, күңгірт түсті, ал, жазда ашық, жіңішке жолақтары немесе мата түстес ұсақ кереге көзді суреттері бар маталарды таңдайды. Ерлерге арналған пиджак пен жилетке бір матадан, сондай ақ, болар, болмас жылтыры бар матадан да тігуге болады. Салтанатты жағдайларда киетін бір түсті костюмнің жағасы мен өңірлерін атласпен әсемдеуге болады.

Спорттық киімдерді спортпен шұғылдану үшін ғана емес, демалған кезде де киеді. Спорттық костюм үшін маталардың қоңырқай түрлері ғана

емес, ашық, бояуы қанық түрлерін де таңдаған жөн. Қыстық киімге міндетті түрде су өтпейтін матадан тігілген, мықынды жауып тұратын қышқ киімдер кіреді. Жазғы спорттық комплектіге: жеңіл кеудеше, тығыз мақта-матадан тігілген киімдер, шомылу костюмі кіреді. Юбка, шалбар немесе ұзындығы тізеге дейін келетін шалбарлар да өте ыңғайлы. Спорттық белгілі бір түрлермен шұғылдану үшін осындай арнайы киімдер қолдануы тиіс. Соңғы жылдары жастар киімі ерекшелене түсуде. Он бес және жиырма бес жастағылардың киімдері нақты түрдегі күнделікті және демалыс киімі деп бөлінбейді. Көбінесе, спорттық үлгі жас қыздар мен бойжеткендер үшін фольклорлық және романтикалық үлгілер басым болады. Киімнің кейбір түрлері бойжеткендер мен жігіттердің ортақ киімдеріне айналған: Олар: майкилар, барқыт және дженсы матадан тігілген шалбарлар, жемпірлер. Сондай ақ, аяқ киімдерден қысқа қонышты өгістер мен матадан тігілген құнағарлар, шарфтар кейде ортақ үлгіге болады. Жас киімнің бояуы еркін болуы шарт.

Киімнің жаңа түрлерінің ішінен жилеттердің барлық түрлеріне, түрлі маусымдарға арналған киімдерді, дженсы киімдерді қыздарға арналған түрлі формаларды және әр түрлі ұзындықтағы шалбарларды бөліп айтуға болады. Сәнді киімдер дәстүрлі формаларды сақтаған, қыздарда көйлек, жігіттерде бешпет немесе романтикалық немесе фольклорлық үлгіде болып келеді. Оқу бітіру кештеріне немесе салтанатты жиындарға арналған қыздар киімі романтикалық үлгімен, желбершекпен, шілтермен, таспалар арқып кестеленіп, тігіледі. Ал, жігіттерде дәстүрлі костюмдерден басқа бояуы тым ашық емес, жеңіл кеудешелер мен бір түсті ашық жейбелер ұсынылады.

Киімнің көңе ұнамды көрінуіне іш киімдер де елеулі ықпал етеді. Жеңіл матадан тігілген киімнің ішінен шілтер салынбаған іш көйлек, ашық түсті киімнің ішінен – соған сәйкес тек ашық түсті, селдір киімнің ішінен сурет салынбай, тығыз тоқылған дене түстес іш көйлек кию керек. Шалбар киетін әйелдер іш көйлектің орынына қысқа жейде немесе майка киеді. Әйелдер іш киімі дене мүсінің бұзбауына қоңіл бөлуі керек. Әсіресе, кеудекан, белдістерге тікелей байланысты, олық денелі әйелдерді «трашше» деп аталатын денестартқыш кигені жөн. Оның тартпасы айтарлықтай сәнді болуы және бауы дұрыс тағылып тұруы қажет.

Киімді бет, пішінге және мүсінге сәйкестендіре таңдау киім мен адамның сырт пішімінің ара қатынасы жайлы кейбір негізгі заңдылықтарды білуі керек. Бірінші, міндетті түрде ереже: өзінің сырт пішініне сын көзбен қарай білу. Екінші, мінді бүркемелеуге немесе сырт пішінді өзгертуге болатын нәрселерді білу. Отыз, қырық жастарға келген әйелдер өзіне қонатын киімнің белгілі бір бағытын, үлгісін таңдап алып, сол бағытқа сүйенуі, өзінің киген киімінің жарасымды екеніне сенімді болғаны жөн.

Аса толық әйелдердің, денелі әйелдердің киуіне болмайтын киімдер: Тым қысқа киімдер, мықынынан жиырылған кең юпка, жұқа, жібек трикотажынан тігілген кең көйлек, ірі суретті және де жылтырағы бар маталардан тігілген киімдер кимегені абзал. Киюге болатын киімнің жеңіл түрлері: ық сызығының нақты аңғарылып тұрғандары, иық асты жапсырмасын қолдануға болады. Көйлектің алды мен артқы бойының ортасына қатпар салу, мойынды ұзынырақ етіп ою, жағаның кішкентай, өңірдің ұзынша болуы қажет. Бояуы ұнамды маталарды, соның ішінде ашық, біртүсті, орташа және майда геометриялық өрнекті маталарды тігінен ғана емес, көлденеңінен де орналастыруға болады. Бұл мүсіннің бойшаң болып көрінуіне әсер етеді. Моданы қадағалап отырған жақсы. Бірақ, оны адамның өз дене бітіміне келер, келмесін ескерген жөн.

Мықыны жоғары біткен, бөксесі жуан кісіге тым қыналған киім киюге, мата суреттерін көлденең орналастырған немесе бел, мықын бойына сәнді тігіс түсірілген киім кию, жалпақ белдік тағуға, белді қынай буынуға, айналдыра қатпар салған юбка киген жараспайды. Оларға жарасатыны: тік және жартылай қыналған үлгідегі киімдер. Мата өрнегінің тігінен түскені жөн. Көйлек етегін трапеция формасында тік немесе қатпар салып тігеді. Киімнің мықын тұсын білдіретін сызықтардың төменіректе орналасқаны жөн.

Мойыны қысқа, беті жалпақ адамдардың биік жағалы киім киюіне, мойыны биік етіп шарф, орамал орауына болмайды. Мата өрнегін көлденең орналастырып, киімнің алдыңғы бөлігінің жоғары жағынан иініш салу жараспайды. Олар мойыны ашық көйлектер киіп, мойын ойындысын кеңірек етіп, ашық түсті қайырма салған киімдер таңдағаны дұрыс. Жоғары түйме ілінбей тұруы шарт. Шарф пен орамал байлап, мойыннан төменірек иыққа қарай салу керек. Шашты мүмкіндігінше дудыратып, бос жібермеген жарасады.

Мықыны төмен, аяғы қысқа болса, мұндай әйелдер көйлектер мен пальтоның қиығын төменнен салу. Дене мен дене болып жабысып тұратын тар киім кию, көйлек етегін тіккенде мата суретін көлденең орналастыру жараспайды. Оларға етек жағы кеңейе түскен формаларды таңдаған, белді биігірек орналастырған, жалпақ белдік таққан, жакет, жилетті тік етіп пішкен, еудесі мен төменгі жағы бөлек киімдер, костюмдер, сондай ақ дене түстес немесе қара түсті шұлық киген жарасады.

Іші шығып тұратын кісіге тар юпкамен көйлек киген, белдік буынған жараспайды. Оларға костюмдер киген, көйлек, юбка мен шалбарлардың сыртына салған, алдынан сәл жиырылып, иініш салынған юбка мен пальтоның тік немесе етегіне қарай сәл кеңейе түскені, белі қиылмай, тұтас пішілген көйлек киген жарасады.

Белі жуан, балтыры толық, бойы қысқа адамға денеге жабысып тұратын киім, түрлі түсті, алабажақ шұлықтар кию жараспайды. Оларға белі қиылмай, тұтас пішінде, етегі кең тұтас пішіндегі етегі кең пальто мен көйлек киген жарасады.

Біз сондай ақ, осы ретте, киімді күту мәселесіне де тоқтала кеткенді жөн қорудеміз. Өйткені, киіну мәдениетіне оны күте білу де кіреді. Жақсы киімге ұмтылатын кісіге жинақылық, тазалық секілді қасиеттер де тән болуы керек. Үтіктелмеген, дақ түскен, кей жерлері майдаланып кеткен көйлектер мен костюмдерді, жағасы кірлеген, қыртыстанған жейдені киюге болмайды. Түймелердің берік және дұрыс қадалуын, киімдегі төсілген, жартыланған жерлерді дер кезінде жамап, тігіп отыруды ұмытпау керек. Балғары мен күдері киімнің түсімен сәйкес келуі міндетті емес. Егер бұл жамалуларды жақсылап, сәндеп тіксе, әдемілік үшін қолданылған сәйкесті болып көрінеді. Юпка мен шалбар қалталанып кетпеуі үшін жер мезгілінде үтіктеп тұруы керек. Сондай ақ, екі, үш күн қатарынан киген сөн, аларды жел қастырып алған жөн. Бұл басқа киімдерге де, әсіресе жүн және қымбаттық талшықтардан жасалған киімдерге де қатысты. Себебі, мұндай киімдерге түрлі піс сипіп қалады.

Трикотаж бұйымдарды киім ілгішке ілмей, жақсылап бүктеп, киім ошағынан жоюында не сөрелерде сақтау керек. Киім ілгіш көйлектің жағасы мен желдерін озыап тұрмауы тиіс. Киім ілгіш кішкентай немесе бұрыштары там сүйір болса, ауыстырған жөн. Юбкалар мен шалбарларды арнайы киім ілгішке іледі. Мех араласқан немесе таза мехтан тігілген киімнің үстіне басқа киім ілуге болмайды. Онда мех ұйпаланып қалуы мүмкін. Маусым ауысқан кезде бұйымдарды жуып, тазалап, үтіктеп, жақсылап бүктеп, күбден сақтайтын ұнтақты сеуіп, келесі маусымға дейін сақтап қояды. Бұйымдарды әсіресе, мех пен жүннен жасаған киімдерді келесі маусымға дейін екі немесе үш рет тексеріп қарау керек.

Қалта киімнің құрамда бөліктерінің бірі. Қалтаның жансырма, жарма қалта, көз қалта, омырау қалта, ішкі қалта және тағы да басқа түрлері болады. Ориентацияна қарай, жансырма қалта, төсе қалта және омырау, жан қалта болып бөлінеді. Жансырма қалталар қарапайым тік қалта, қиғаш қалта, қақпақты болып келеді де, олар әдіптелген, тілікті бүрмелі, оюлы және сырлы тігуі әдісімен тігіледі. Жансырма қалталарды ілкекті, ілгексіз, тік төрт бұрышты немесе оюлы етіп жасайды. Жансырма қалталарды бүрменен, жиырын, кестелен, әшекейлен тігеді. Жоғары және жан қалталар түрлі формалы: тік немесе оюлы, тік немесе қақпақты тағы да басқа түрі болады. Киімнің үлгісіне қарай жарма қалталарды кейде бүрменің немесе тігістің үстіне салады. Спорттық үлгідегі киімге көп жағдайда қалтаға сыдырма салынады. Қалтаны даярлағанда оның формасы мен тігілген маганың ерекшелігін, технологиялық өңдеу тәсілдерін ескеру керек.

Киімге арналған тері – үй жануарлары мен аңдардың иіленген терісі. Шикізат ретінде аңдардан түлкінің, тиынның, ақ түлкінің, бұлғынның, сусардың, ақ тышқанның, кәмшаттың және басқа аңдардың, үй жануарларынан қойдың, ешкінің, үй қояндарының және теңіз аңдарының: итбалықтың, теңіз тышқанының терілері қолданылады. Теріден жасалған бұйымдардың күтіміне келсек, оларды дұрыс күткенде ғана әсем түрі сақталып, көпке дейін тозбайды. Теріден жасалған киімді немесе басқа киімді шешкен соң қар ұшқындары мен жауын тамшыларын кетіру, ұйпаланған түгін жазу үшін сілкіп жібереді. Сырт киімдердің ұйпаланбай біртегіс кебуі, сондай ақ, созылып, формасын жоғалтпауы үшін киім ілгішке іліп қою керек. Бір сырт киімнің үстіне екінші сырт киімді ілуге болмайды. Сондай ақ, тері құлақшындарын ылғал күйінде бірінің үстіне бірі қойылмайды. Егер түгі ұйпаланып қалса, оны жоғарғы жағынан бастап, арнайы темір тарақпен немесе тісі сирек кәдімгі тарақпен тараған жөн. Тігісі сөгілген немесе аздап жыртылған жерді түгін түзетіп, терінің шелі жағынан тігу керек. Егер түк жағынан тіу керек болса, онда түгін жақсылап тарап, шетінен тігеді. Жыртылған жері көлемді болса, шеберханаға жаматқан жөн.

Теріден жасалған бұйымдарды салқын жерде сақтайды. Жылу жоғары немесе ылғалды бөлмеде тері кеуіп бұзылды. Терісі қатайып, өңін жоғалтады. Жарықтың, әсіресе күн сәулесінің әсерінен тері тез оңады. Ақ немесе ақшыл терілер, ақ тышқан, ақ түлкі, ақ қоян терілері немесе ақ қылшықты терілер жарықтың әсерінен сарғайып кетеді. Сарғайған мехты үй жағдайында тазарту өте қиын. Жарық әсерінен сақтау үшін қараңғы жерде, қара қапшықта сақтау керек. Теріден жасалған бұйымдарға күйе түсірмеу үшін мұхият болған дұрыс.

Пальто - әйелдер мен ерлердің киімінде маусымаралық деп аталатын, су өтпейтін маталардан астар салынып тігілетін жылы, қысқа, сулық деп аталатын полтолар кең таралды. Оларды плащтық матадан немесе қалың маталардан тігеді. Мұндай киімдерді бір бағытқа бағытталған тік немесе көлденең ірі шалу тігістерімен безендіреді. Әдетте, мұндай киімдер спорттық үлгіде тігіледі.

Сулық – (плащ) көктем мен күзде киетін киімнің бір түрі. Оны аралас маталардан, балон типтес матадан тігеді. Сулық тек макинтош түріндегі классикалық үлгіде ғана емес, сонымен бірге басқа да силуэтті, тік трапециялы, қынама белді және тағы басқа да болуы мүмкін. Сулықтар астарлы және астарсыз болады. Оларды сәндеу үшін ызылған әдіптеулер, тігістер, өңірлер пайдаланады.

Аралас матадан тігілген астарсыз сулық – жеңі жартылай реглан. Ойындысы өте төмен. Артқы және алдыңғы бойлары матаның қиығынан пішіледі. Кішкене қайырма жағалы болады. Алдыңғы бойында жарма қалталары болады.

Түймелік – киімнің сәніне қарай түймелік киімнің алдыңғы не артқы бойына, бүйір не, иық тігісіне, сәнді тігіс бойына, юбка тігісінің қосылған жеріне, жең манжеттерінде орналасады. Түймеліктің түймелі, сыртылдақты, сырмалы етіп жасауға болады. Түймелікті өндеуге қажетті фурнитураларды жапсырып, ілгек дайындау ғана емес, сонымен бірге түймеленетін детальдар мен түймелікті тігу, торлау да жатады.

Ортасы тесілмеген, дөңес түймелерді қадағанда оған айналдыра жіп ораудың қажеті жоқ. Тесігі ұзын түймелерді былай қадайды: Былғарыны, таспаны, бауды немесе киім тігілетін матадан суырып алып, ширатқан жіпті тесіктен өткізіп, ұшын бұйымның ішкі жағына түйеді.

Ендігі сөз етіпегіміз әйелдерге арналған шалбар. Бұл киілу орынына қарай түрлі маталардан, жүннен, мақтадан тігіледі. Спорттық шалбарларды көбіне мақта маталардан немесе жүн маталардан тігеді. Сәндік шалбарлар жібек немесе трикотаж маталардан тігілуі мүмкін. Шалбардың пішіні оның киіну орны мен сән үлгісіне байланысты болады. Спорттық шалбарлар және қызметке киегін шалбарлар әдетте мықынға дәл киініп, тізе мен биық тұсы сәл, пәл кеңейе түседі. Сәндік шалбарлар ұзына бойы кең, белінен және балағынан жиырылған, мықындығы бір келкі, балағына қарй тартыл түсетін «банан» тәріздес немесе «галифе» шалбар болуы мүмкін. Түрліше етіп пішілген және әр түрлі ұзындықтағы маталардан тігеді.

Үтікенен қар сашыбауы қазіргі шалбарлардың ерекшелігі болып табылады. Бұл негізінен «банан» типтес шалбарларға тән. Шалбарды етеккі барлық жеңіл киімдермен, етеккі барлық сырт киімдермен киеді. Әйелдер шалбары ұзына бойы тік пішіліп, белдігіне қосылып тігіледі. Белдік тігілер сызықта, шалбардың алдыңғы және артқы бойларында майда қатпарлар бар. Ол шалбардың іш жағынан алдыңғы бойдың ортасына қарай үтіктеледі. Шалбардың алдынан сыдырма салынады. Спорттық үлгідегі әйелдер шалбары белдігі тігіліп қосылады, төмен қарай тарыла түседі. Алдыңғы бойдағы белдіктің тігілер сызығында қалта салынады. Шалбардың балағына резеңке салуға болады. Шалбардың бір түрі жүн матадан тігілетін ерлер шалбары. Классикалық үлгіде пішіледі. Белдігі тігіліп, қосылады. Белдіктің тігілер сызығында шалбардың алдыңғы бойына үтіктелген қатпарлар түсіп, артқы бойында екі жерден сырып тігіледі.

Шомылу костюмі – тұтас немесе екі бөліктен тұрады. Әйелдер үшін ириайы су киімі. Ол негізінен мақта, матадан, трикотаждан тігіледі. Ресенкеден жасалған киім мен аяқ киім шомылу костюмін толықтыратын заттар болып табылады.

2.4 Тігін түрлері

Тігіншілік өнер барысындағы мол әдістермен алуан түрлеріне келсек, кез келген нәрсені көркемдеп, әсемдеп ұстауда алдына жан салмаған қазақ халқының тігіншілік мәселесіде ине мен жіп арасындағы күрделі де сәнді шешімдерге қадам жасағаны анық. Сондай тігін түрлерінің бізге жеткені қырықтан астам болса, этнографиямызды зерттеуші Жағда Бабалықұлы ізденісіне көз салсақ, жүзден астам түрі ұлтымыздың бай қолөнер мұрасы ретінде сақталған екен. Ал, заман ағымы өзгеріп, қолданысқа неше түрлі тігін машиналар келіп, қол еңбегі орынын техника басқан кезде көп тігіс түрлері пайдаланудан шығып қалды. Осы тігін тігудің түрері барысына тақталайық.

Жөргеп тігу – кез келген киімді тігер алдында үлгі алу үшін алдын ала тігу үлгісі. Пішілген матаны жөнге келтіріп алу үшін үлгінің әр жерінен шалып бекітіп, киім тігіліп болған соң сөгіп тастайтын әуелгі тігісті қазақ тігіншілері «жөргеп тігу» деп атаған.

Көктеп тігу – әдетте, киімнен гөрі көрпе қарпығанда немесе түскиізге түрлі бағалы маталардан өрнектер салғанда қолданылады. Көктеп тігетін жіп киім тігетін жіптен екі, үш есе қалың болады. Мұның инесі де жуан. Көктеп тігуге көбіне жуалдыз қолданылады.

Андыздап тігу – жалпақ жұрт киетін киімді тігуде мүлдем қолданылмайды. Бұл тек, шын киімді тігуге арналған әдіс. Андыздап тігуде кебін болар ақ сұрыпты арасын өте сирек етіп, екі қайтара тігіп шығады. Екі тігістің арасы өте алшақ болғандықтан «андыздап тігу» деген түсінік туындаған. Бұл тігістің шығу төркіні діни сеніммен байланысты. Өйткені, тігіс жібі кәдуілгі киімдегідей жиі болатын болса, шаңырақтан өлік жиі шығады. Ал, тігіс арасын алшақ салып, андыздап тігелетін болса өлім бұл үйге көп уақыт жоламай жүреді деген сенім бар.

Шымқап тігу – әдісі әдетте киімге емес, ыдыс болар заттарды тіккенде жиі қолданылады. Шымқап тігу – арасын өте жиі етіп, қылау өтпестей, ине көзіндей саңылау қалдырмастай етіп тігу. Өйткені, ыдыс есебіндегі қаржын мен дорбада, қалтада тұз, ұн, шекер, тары, талқан секілді заттар сақталатын болған. Олар шашылып қалмас үшін ыдыс болар заттың барлығына шымқап тігу әдісі жүргізіледі.

Күрмеп тігу – жастардың, қыз, келіншектердің киімін тігуде, көбіне екі қалта мен жең салуда қолданылады. Қалта мен жеңді күрмеп тігу киімді жиырып, өзінше бір әр береді. Күрмеп тігуде тігінші матаны өте жіңішкелеп қайырып, үстінен бастыра жиі тігеді. Бұның соңында жең ауызы жиырылатын болса, қалтаның жиегі де жиырылып, бүгіліп әсем көрінетін болады.

Кестелен тігу – әдісі дайын киімге қолданылады. Киімді тігіп, дайындап біткен соң, оны әсемдеу мақсатында өңіріне, жеңіне, жағасына

кесте салады. Кестелеп салуда гүлді, жапырақты немесе оюларды пайдаланады. Киімге кесте салу дәстүрі халқымызда бұрыннан бас болғанымен, бүгінгі таңдағы қолданыстағы киімдерде жоққа тән. Бұл әдіс көбіне Қытай қазақтарында сақталған.

Сырып тігу – сырт киімдерді тігуде қолданылатын түр. Көбіне астарына жүн, мақта салып тігілетін шаруа киімдерінің көбі кәдуілгі тігіспен тіккенде астары жиырылады. Сондықтан да, тігінші күпі, нымша, күрте тәрізді киімдерді тіккенде астары мен тысын арнайы құралмен бастырып, яғни, жиналған астарды сырып отырып тігіп шығады. Мұны қазіргі тігіншілері сырып тігі деп атаған.

Тарамыстан тігу – аяқ киімдерді тігу тәсілдеріне тән. Тарамыс жібі алеттегідей мағадан, жүннен емес, ешкі терісінің кепкен сірсінен алынады. Тарамыспен етік, мәсі, кебіс секілді аяқ киімдерді тігеді. Тарамыс өте мықты, жауын, шашын кешкенде шірімейтін, үзілмейтін жіп.

Тепшіп тігу – көрпе, тосек тіккенде қолданылады. Көрпелік матаның екі бетін бір біріне қиыстарып, ортасына мата салмас бұрын әуелі жиі етіп тігіп алады. Бұл қиың жіппен жиі етіп тігіледі. Мұны ұлтымыз тепшіп тігу деп атаған.

Шалып тігу – тәсілі жаман жапсыруда қолданылды. Дөңгелек, үш бұрыш, төрт бұрышты матаны тесікке немесе жыртыққа жапсырып, сырттанан өте жиі етіп шалышып тігіп шығарады. Мұны шалып тігу деп атады.

Киімді сәндеу ерекшелігін баса көрсетіп, бұйымды безендіріп, әрлендіре түседі. Сәндеу үшін таспаны, бауларды, теріні, кестені қолдануға болады. Негізгі немесе безендіргіш матамен сәндеу неғұрлым көп тараған. Оларға шалыншалар, желбіршектер, әдіптеуге арналған майда желбіршектер, жіктеулер көмкере, бүрме, қатырма безендіргіш тігістер және тағы да басқалар жатады.

Шымшымалар – ұсақ қатырлар. Оның ені жіңішке болып, жымшыма неғұрлым ұсақ болса, сәнді көрінеді. Олар әр түрлі, ұзыннан, қиығынан немесе көлденеңінен орналастырады. Шымшыманы бұйымды пішпей тұрып матаның ұзындығынан көкпен тігеді де, үлгіні үстіне салып, бұйымды пішеді. Шымшымамен көбіне көйлек етектерін сәндейді.

Желбіршек – ені онша жалпақ емес үлгі. Мұны матаның қиығынан немесе көлденеңінен дөңгелетіп пішеді. Желбіршек енді бас, аяғында бірдей болу да немесе бір жағына кейде екі жағына қарай да жіңішке түсуі мүмкін. Желбіршектің шеттерін «шеттік» тігісімен тігеді. Яки матаның қиығымен өндейді. Желбіршек көйлекке, юбкаға салынады.

Әдіптеулер – бұлар жалаң немесе тігілуіне қарй қос әдіптеу болуы мүмкін. Мата қиғаштап пішіледі ені мен ұзындығы сән үлгісіне қарай айқындалады. Жалаң әдіптеулердің бір жағы машинамен, екінші жағы оң бетінен тігіліп үтіктеледі. Әдіптеулермен көбіне әйел киімдерін сәндейді.

Желбіреуік – матаны қиғашынан немесе көлденеңінен пішеді. Ортасына жиырылып жиналады. Желбіреуік көйлекке салынады.

Жиектеу – матаның қиғашынан пішіледі.

Қатырма – ортасынан жиырылған желбіршек. Безендіргіш тігістер көйлекке, жакетке, қалың матадан тігілген костюмдерге, көбіне қимабел көйлектерге жүргізіледі. Безендіргіш тігістің түсін мата түсіне қарай таңдап алу керек.

Көмкере-ені таңдап алынған үлгіге орай әр түрлі болуы мүмкін. Сол секілді түсі де әр қилы, бірақ, киім түсімен үндесетін түс болуы шарт.

2.5 Кесте түрлері

Кесте санап тігілетін және жіпті санап отырып кестелеу, және еркін, сурет нұсқасы бойынша санамай еркін тігу, кестелеу деп бірнешеге бөлінеді.

Жай тігістер – *сабақты кесте*. Кестенің бұл түрін тігу үшін өрнектің нұсқалары пайдаланады. Оларды тіккен кезде ине кері шаншылады.

Барқыт тігісі – кестенің бұл түрімен балалардың киімін әшекейлейді. Оның үстіңгі жағасы айқасып келеді де, астынан паралель бағытта екі қатар тігіс түсіреді. Кестенің бұл түрімен кестелегенде жіптерді санап, есептеп отыру керек.

Санап кестелеу – жіп оңай суырылатын матаға кестелейді. Бұл тігіс әдетте тік сызық бойына түсіріледі. Ол бірнеше түрге: терме тігіс, қиғаш тігіс, жай айқыш тігіс, қосарланған айқыш тігіс болып бірнешеге бөлінеді.

Терме тігіс – өрнектің бір шетінен келесі шетіне дейін жіптерін санай отырып, біресе оң жағына, біресе сол жағына қарай матаның жібін бойлап, «инені алға салу» әдісімен тігіледі.

Қиғаш тігіс:

Айқыш тігіс – кестенің ең көп тараған түрі. Бұл тігілуі қарапайым, әрі әдемі кесте. Айқас тігіс кестесін селдір матаға түсірген дұрыс.

Жартыкеш айқыш тігіс – бұл кестенің екі жарты тігісі болады. Яғни, астыңғы және үстіңгі тігістер жіпті үзбей отырып тігеді.

Санап тігілетін кесте – бұл кестені матаның жібін санап отыру арқылы тігеді. Кесте төгілетін мата селдір болуы керек. Кестелейтін жіптің жуандау болғаны дұрыс. Өйткені, ашық жер қалмай, жиі тігіледі.

Өткерме тігіс – кестенің бұл түріне мережкалар (шілтерлер жатады). Олар төмендегідей бірнеше топқа тоқылу барысына қарай бөлінеді: мережка; дінгек мережкасы; мережка жучок; мережка панка; мережка полотнянка.

Кестенің бір түрі біздің ұлттық тігін өнерімізден тыс дамыған. Мұның келген кезеңі орыс елімен араласа бастау мәдениетімізден туындаған. Бұл орыс кестесі деп саналады.

Торлау – жалаң қабатты және қос қабатты. Жалаң қабатты торлау деп тор көздері көлденеңінен және тігінен, бір, бір тігістен түсіріп толтыруды айтады.

Паутинка:

Триан – өрілмеген жіп бойымен торлау. Орыс халық кестесінде бұл торлау әдетте өрілген түрлі, түсті жіппен жақсы үйлесім тапқан. Еркін кестелеудің бұл түріне мата бетіне түсірілген суретті кестелеуді жақырауға болады.

Шым кесте – сурет бойынша кестелеудің бірнеше түрі бар. Шымкестемен өсімдіктің жапырағын, гүлді, сондай ақ геометриялық ою, өрнекті кестелейді. Кестенің бұл түрін кез келген матаға түсіруге болады. Орыс кестесін «инені алға салу» әдісімен матаның түзу жібі бойымен тігеді. Екі жақты түрлі, түсті шым кестенің бір қарапайым түрі. Кішкентай және орташа формадағы өсімдік бейнесі мен геометриялық өрнектегі элементтерді тігуге қолданылады. Бұл кестемен тек өсімдік суретін ғана емес, шын пейізды да бейнелеуге болады. Осы кестемен кестелегенде бір түсті жіптің бірнеше түрі бір, біріне баяу ауысып, құлпыра өзгеріп отырады.

Қиан кестелеу – бұл кестемен қорпенің, жастықтың тыстарын, көйлектерді кестелейді. Кестелеу мәнері ақ кестемен ойып, торлауға ұқсас. Ашырманшалығы формасының тек қана дөңгелек емес, сопақша болып келуінде.

Баумен кестелеу – киімді әшекейлеу үшін пайдаланады. Жіптерден жүн, жасылтарақ жіп қосылған жартылай жүн, ширатылған баумен немесе дайын баулармен тігеді.

Ришелье – қорпенің, жастықтың тыстарын, беторамалдарды, киімді өрнектеуге арналған.

Гобелен – бұл кесте түрі кенепке, шиге тігіледі. Оны жуан етіп ширатылған жіппен тіккендіктен кесте дегеннен гөрі кілем дегенге саяды.

2.6 Жәдігер қолөнері

Тарихымыздағы құрметті киімдер туралы сөз қозғағаны жөн. Бүгінде Қазақстан мұражайын жасап, қалыптастырудың тұғырнамасын әзірлеп, осы істі кеңірек жүзеге асыруға талпынып жатыр. Ақиқатын айтқанда, кешегі үйсіндер, қаңлылар, сақтар, ғұндар деп жүргеніміз де, Түркі қағанаты, Түргештер, Қараханидтер деп жүргеніміз де ең әуелгі қазақ мемлекеттігі еді, соның іргесі еді, асыл айғақтары еді. Солардан қазір қолымызда ештеңе қалмады, баға жетпес рухани байлықтар, асылдар, алғындар тап қазір әлемнің, оның ішінде Ресейдің, мәселен, Эрмитаж сияқты мұражайлардың көрмелерінің көркіне айналып тұр.

Тарихты ел түсініп, ұрпақ ұғыну үшін, халықтың жадында сақталу үшін көзбен көргендей, қолмен ұстатқандай айқын айғақтар керек. Ең өкініштісі, күні кеше елдің көз алдында өткен қазақ хандығынан қалған асыл мұраларды табу қиын бүгінде. Хандар салтанат құрмағандай, ел дәурен сүрмегендей, ел көшкендей тып-типыл жұртта қалғандай, азынаған желдің, құлазыған даланың ортасында қалғандай сезінесің. Біздің құнды мұраға деген ғасырлар бойғы құнсыздығымыз, оған қоса өзінің ата тарихынан, асыл мұратынан, дәстүр-салтынан бездірген Ресейдің империялық пиғылы, одан қала берді кешегі Кеңес одағының ұлттық құндылықтарды жоғалтпақ болған саясаты халықтың тарихқа деген үмітін біржолата осылай үзген. Осының салдарынан қазір әрбір мұражайда таздың басындағы шашы секілді әр жерден қылтып, жылт етіп бірдеңе көрінетіні болмаса, одан өзге ауыз толтырып айтатын көп асыл дүниелер жоқ. Біздің ең үлкен трагедиямыздың бірі осы. Ал тарихынан, дінінен, тілінен, жадынан тұлдай айырылған халықтың ешқашан тұтас ұлт бола алмайтыны әлімсақтан белгілі.

Тәуелсіздік орнағалы бері, “ештен кеш жақсы” дегендей, ел есін жиып, етегін жауып, ата мұрасын ықтияттап, өз тарихын іздей бастады. Соңғы жылдары біздің ұлттық тарихымызға қатысты жарияланған еңбектер аз емес, жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары да баршылық. Қазақстанның әр жерінен біздің бай құндылықтарымыз, асылдарымыз алтынның сынығындай жарқылдап әр жерден көріне бастады. Бұлар: Есіктен шыққан алтын ханзада, батыстан табылған сармат көсемі, Шығыс Қазақстандағы Шіліктіден, Берелден табылған сақ патшалары. Берелден табылған сақ патшасының тал бесігі, билік киесі – самұрық, өзге де асыл бұйымдары қазір біздің Президенттік мәдениет орталығында сақтаулы тұр. Сақ мәдениеті залын жасақтаған. Көптеген тігіншілердің қолынан шығып жатқан түрлі киімдерде де бағзы көйлектер өрнегінің элементтері мол. Тап сондай ғажап дүниенің бірі Президенттік мәдениет орталығының қорына қосылған, осындай ең асыл мұра – Абылай ханның камка тоны.

Абылай ханнан мұра болып Уәли ханға ауысқан, Уәли хан қайтқан соң бәйбішесі Айғаным Байдалы биге тарту еткен алтын зерлі камка тон туралы деректің қазақ ауыз әдебиетінде айтылып келеді. Бұл туралы «Шешендік сөздер» кітабында, осы дүниені ел аузынан жинап, құрастырған

Б. Адамбаевтың еңбегінде жақсы көрсетілген.

Бірнеше ғасыр бойы ұрпақтарының қолынан қолға өтіп сақталған ғажап тон бізге сол қалпында жете алмады. Әруақты бабаны ұлықтаған ұрпақтары ырым етіп, тонның астарын қиып ала берген көрінеді. Тонның астарын соғысқа аттанғандар, әртүрлі қиындыққа ұшырағандар ырым қылып кезінде кесіп алған. Бір ғана жауырынындағы астары қайшы тимей

сол қалпында сақталыпты. Тігіншілер мен сәнгерлердің өңдеуінен өткен тонның жібек астары Үндістан, Қытай, Түркия, Өзбекстаннан да іздестірілді, бірақ табылмады. Мамандардың айтуынша, бұл кезінде Бұқарада қолдан тоқылған үлбіреген жұқа жібек мата екен.

Бұл тонның тарихы туралы сөз өте тереңде жатыр. Зерттеуші және сол тонды көп жыл сақтап, еліміздің көне бір жәдігері ретінде мұражайға өткізуші Хамзе Сәтжанұлының айтуы бойынша, Абылай хан дүние есігінде ата салтымен қамқа тоны бел баласы Уәлиге тиген екен. Уәли бертінде шапқалап, хал үстінде жатқанда әйелі Айғанымға:

– Байдалы би әкемнің оңқайы еді. Мені би өз қолымен жөнелтсе деп едім. Бірақ Байдалыдан дерек жоқ. Жаманатын да естігеніміз жоқ. Тірі болса жасы биыл тоқсан төртте. Мен туралы суық хабар естісе, бір келіп бата оқытып шығар. Келсе күтіндер. Ханның сарайына, халыққа адал қызмет еткен адам еді. Сыйлап, құрметтеп, қайтарында Көксырғанақты астына мінгізіп, әкемнен қалған қамқа тонды иығына жабындар, – деп аманат еткен екен.

Айтқандай-ақ, бір күні Байдалы би ханның сарайына келіпті. Сөйтсе, жігіттер шеткі үйге түсіргісі келген екен. Байдалы би: “Жоқ, мен ханның ордасына арнайы келіп тұрмын, бұл ордада болған адаммын, хан сарайына түзем” – депті, осы кезде бидің дауысын естіп Айғаным шығыпты үйден. Кешірім сұрап, биді хан ордасына түсіріп, бірнеше күн күткен екен. Байдалыны шығарып саларда ханның аманаты еді деп, Байдалының астына Көксырғанақты мінгізіп, атасы Абылайдан қалған осы қамқа тонды иығына жапқан екен.

Байдалы би тоқсан алты жасында қайтыс болып, келер жылы ат шаптырып, ас беріп, Көксырғанақ пен Абылайдың қамқа тоны бас бәйгеге тігіледі. Екі жүз ат қосылған аламан бәйгеден бидің немере інісінің тұттары бірінші болып келіп, тонға, Көксырғанаққа ие болады. Ол осы Хамзекеңнің атасы екен, тоқсан екі жасқа келіп қайтыс болады. Ұрпаққа аманат болып қалған бұл тон ол кісіден Хамзекеңнің әкесінің қолына тиеді. Ол қария да тоқсан алты жас өмір сүріп, ұзақ жасаған жан. Осылайша шапан Хамзекеңнің қолына тиіп, сол әулетте сақталып қалды. Қазақстан Республикасы Президентігік мәдениет орталығын ажарландырып тұрған алтын зерлі қамқа тон Астанаға осылай келген еді.

Тап сондай аса құнды жәдігердің бірі Қазыбек бидің тоны. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы Егіндібұлақ ауылының тұрғыны Алтын Қожахметов ақсақал Президент мәдени орталығына Қаздауысты Қазыбек бидің шапанын тапсырды. Қара қылды қақ жарған би киген қамқа тон 300 жылдан бері ұрпақтан ұрпаққа аманатталып, сақталған.

300 жылдан астам уақыт сақталып келген бұл қамқа тонның астарын да ұрпақтары тәбәрік етіп таратып алыпты. Енді, Президент мәдени

орталығында шапан өңделіп қалпына келтірілді. Абылайхан шапанының жанына қойылып құнды жәдігер ретінде халық назарына ұсынылып тұр.

Абылай ханның қамқа тоны тақілеттес елімізде жәдігер ретінде сақталған тағы бір сән мұрасы Шоқан Уәлихановтың туған қарындасы Тәжінің аққудың мамығымен көмкерілген қаптал шапаны. Сонымен қатар, Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгір ханның әйелі Бәтима тоташтың алтын жіппен зерленген бешпеті ұлттық сән өнеріміздің үлкен мақтанышы деп айтуға болады.

Тарихта аса қастерлі саналатын киімнің бірі -жауынгер қыздың костюмі. Бұл костюм көптеген елді таңданып, таңқалдырып келеді. Өз заманында, Тұмар патшайымның соңына ерген батыр қыздарға қойылатын талап өте жоғары болған. Ол заманда ержүрек қыз жауынгер де, батыр да, ханым да, қалыңдық пен ана да бола білген. Және де, мұндай аса ержүрек жауынгер қызға кемінде он екі дұшпанын өлтірмейінше күйеуге тиуге де рұхсат берілмеген. Ескендір Зұлқарнайынның мыңдаған әскері Тұмар ханымның соңына ерген жүз жауынгер қызға ілесе алмай жеңіліс тапқанын Еуропа тарихшылары таңдай қаға жазуда. Мұндай өмірдің киімге тиісті талаптар қоятыны белгілі.

Бұл киімдерді көргенде бүгінгі Батыс пен Еуропа тамсана қарағаны анық.Себебі, Азия жұртының этникалық жағы Батысты өте қызықтырады. Бүгінгі таңда сәнгерлер арасында Джон Гальяно есімінен озып шыққан тұлға кем де кем. Және ол халық арасында да орасан зор құрметке ие. Өйткені, оның киімдерінің баршасы түрлі этностардың киімдерінің элементтерінен алынған. Өйткені ол эскимостардың, қытайлықтардың, басқа халықтардың этнографиясын көрсетеді. Еуропа мен Америкада кейде басқа әлемдік мәдениет жайында ешнәрсе білмейді. Олар үшін тіпті Қазақстанның өзі – жаңалық. Ал біздің этнографиямыз болса аса бай. Егер де жолы түсіп, Джон Гальяно елімізге келе қалса қолөнердегі бай мұрамызды көріп, бұрын, сонды ойына келмеген ғажап киімдер жасаған болар еді. Қазақ киімінің тарихын зерттеп, біздің ұлттық әшекейлеріміздің әсемдігін адамдарға жеткізу бұл маңызды мәселе. Бұл бағыттағы жасаған жұмыстар да бар. Қазақта үш жүз бар, әр жүзде жүздеген ру бар, ал әркім киіміне қарап, бір руды екіншісінен ажырата білген. Біздің ата-бабаларымыздың өмірінде киімнің керемет мәні болған. Қазақстан дизайнерлердің қолдарынан шыққан ұлттық және бүгінгі күн мәнеріне лайықтап, екі мәдениеттің ортасынан құралған қосынды ретінде шығарған киімдеріміз түрлі елдерде бас жүлделерді бермей келеді. Оның тартымдылығы – оның этно стилдігінде. Этно стиль сол күйінде емес, яғни ол толықтай ұлттық киім емес, дизайнерлер оны жаңа сапамен, жаңа талғаммен жасайды, киімнің тарихын жаңа дәуірлеу аясында сезінуге мүмкіндік береді. Бұл еуропалық киім дизайны, тамаша сәнмен, ол жерде жапсырма қолданылып, інжу-маржан (бисер), моншақтар, тамбурлармен

көмкеріледі, басты сарында Қазақстанның қазіргі немесе 18-19 ғасырлардағы этно стилі ғана емес, Қазақстан жерінде қоныстанған әр халықтың ерте замандағы өрнектерінің стилі де көзге түседі. Қазақстан дизайнерлердің киімдерден Тамғалының, сақ заманының стилдерін көруге болады.

Сәннің дамуы бір ғана стилдің айналасында деп айтуға болмайды. Этно стиль соңғы кездері әйгілі болып келеді, сондықтан да осы стильге деген қызығушылық беталысын түсіруге болмайды. Киім дегеніміз ұлт мәдениетінің бір бөлігі.

Қазақтың ұлттық киімдері – халықтың тамырын тереңге жайған қолданбалы өнерінің сарқылмас қазынасы, қазіргі сән өнері шеберлерін тамашылар құпия сырға толы бай сандық.

Сақ қоғамында халықтың үш тобы болды деген болжам бар. Бұл үш топ үш түрлі формамен киінді. Ол рим тарихшысы Квинт Курций Руф айтқан абызға сүйеніп айтылады. Бұлар: жауынгерлер — сүңгі мен оқ (сәтәйіштар-арбада тұрғандар»), абыздар — құрбандық табағы және айрықша бас киімі бар, қауымшыл сақтар, яғни «сегізияқтар» (соқаға жететін екі өгіз барлар) деп аталады.

Осы үш жіктің өзіне тән дәстүрлі түсі болған. Жауынгерлерге — қызыл, сары - қызыл; Абыздарға - ақ; Қауымшылдарға - сары мен көк түстер. Сондай-ақ көсемдер мен патшалар да болды. Олар әскери жіктердің өкілдері болды. Гректер оларды басилевс — патша деп атаған. Патшаның белгісі жебелі садақ еді.

Сонымен қатар, Сақтар киімінде, әшекей заттарында аңдар бейнесі де сақталды. Өйткені, Сақтар аң стилін Алдыңғы Азия мен Иранға жорық жасаған кезінде қабылдаған. Бұл өнер б.д. д. 7-6 ғасырда қалыптасқан. Аң стилі дегеніміз түрлі жануарлардың бейнелерін ыдыс-аяққа, киімге, тұрмыс заттарына, түрлі әшекейлерге, қару-жараққа салған.

Сақтар күнге, шайығиға, жел-дауылға табынған. Сақтар мифологиясында сәйгүлік ат күнмен, өтпен байланысты болған. Дүниені жаратқан көк тәңірісі Митра, жердікі Варуна, жер астышыкі Индира секілді құдайлар болған.

Сақ мәдениеті мен киімдері туралы айтар болсақ, бірер ғана шолумен емес, тұтас бір тараумен қортындылауға болады. Өйткені, Сақ заманынан қалған көздер бүгінде, еліміздегі ең таңдаулы мұражайлардың алтын қорында сақталынған аса құнды асыл жәдігерлер болып табылады. Осы күнге дейін Жалаулы көмбесі мен Шілікті қорғанынан табылған тың дүниелерді, алтыннан жасалған зергерлік бұйымдарды көргендер таңданып, талайлар тамсанған.

Сақ кезеңінен жеткен тағы бір баға жетпес мұра Есік қорғанынан табылған мына «Алтын адам». Бұл аса құнды, бірегей жәдігерлердің бірі. Болжам бойынша, біздің заманымызға дейінгі 5-6-ғасырларға тән сақ

жауынгерінің тұлғасы өте жақсы сақталған. Сондықтан оны қайта қалпына келтіру қиын бола қоймапты. «Алтын адам» киімі скиф-сібірлік аң стилінде, 4 мыңға жуық эшекеймен безендіріліп, әмбебап әдістермен жасалыпты. Өте шебер өңделген бұл жәдігер «әлемдегі қайталанбас ғажайыптар» қатарына жатады. Бұған қарап халқымыздың сән өнерінің тарихы көне замандарда жатыр деп пайымдауға болады.

Бұл Есік қорғаны Сақ - Скиф кезеңінің ең маңызды ескерткіші ретінде саналады. Қорған б.э.д. 4-ші ғасырға жатқызылады. Қорғанда жалғыз адам сақ дәстүрлеріне сәйкес жерленген; ол Ұлы Құшан империясының бір үлгісі болуы мүмкін. Алтын Адамның бас киімі оқ тәріздес және үстінде платинкалармен өрнектелген сауыт сайман. Оның белбеуі мен қару-жарағы түгелдей алтын. Костюмді Сақ іскері андык стильде 4,000 алтын орнаменттермен өрнектеп жасаған. Оның қаруы (Ақинақ)екі жағынан алтынмен қапталып, 21 алтын аң бейнесімен өрнектелген «Аң» стилінде жасалған шедевр.

Сонымен қатар, ежелгі түркі ұлыстарын сөз еткенде Үйсіндер мәдениеті мен киімі барысына да тоқталуымыз керек. Үйсіндер шаруашылығы жәінде айтар болсақ, олар көшпелілер болғанымен, үй маңында егін де салған. Оған дәнді дақылдары салынған ыдыс-аяқтар, дәнүккіштер тас кетпендер табылуы дәлел. Киімдері байлары жібек пен бизы жүн матадан, кедейлері жай қалын жүннен, былғары, қой терісінен тіктірген. Үйсін қоғамында байлар, жасауылдар, абыздар, кедейлер болған. Әскер басылары мен шенеуніктердің қолында мөрі болған. Жеке меншік те өскен. Ол малға, жер-суға тараған.

Ал, Ғұндар тайпасының қол өнер кәсібі жақсы дамыған (металдан, сүйек пен мүйізден, тас пен саздан, ағаштан, керамикадан жасалды). Сауда, саттық саласы да дамығандығын жібек маталар, айналар, нефриттен істелген бұйымдары көрсетеді.

Тағы бір ғажап: Іле Алатауындағы обадан шыққан жаңалық. Бұл сән өнерінің тарихы алыста жатқандығын тағы да бір дәлелдеді. Есік обасы Алматының шығысында 50 км жерде. 1969-1970 жж. зерттелінді. Іле Алатауы баурайында. Обаның диаметрі 60, биіктігі 6 м. Топырақ үйіндісінің астында екі қабыр - орталықтағы және бүйірдегісі бар. Орталық қабыр тоналған. Бүйірдегісі аман жетті. Жерленген 18 жасар ханзада. Ол киіндіріліп, қару-жарак таққан күйінде жерленген. Ыдыс-аяқтар, бүйіріне 26 таңбадан тұратын екі жол сөз жазылған күміс тостаған жатыр. Басына биік былғары қалпақ-дулыға кигізілген, оның сыртына алтын бұтақтарына құстар қонған, сирек ағашты тау бейнеленген. Дулығаның төбесіне тәж ретінде титімдей арқар бейнесін қойған. Мойнына ұшы барыс бастарымен безендірілген алтын өңіржиек салынған, құлағына бирюзадан салпыншағы бар сырға тағылыпты. Екі саусағында алтын жүзіктері бар. Белбеуінің оң жағына қызыл түсті ағаш қынапты,

ұзын семсер ілініпті. Семсер темірден, оралмалы-орам бедері бар сабы имектеу. Сол жағына ақинақ-қанжар ілінген. Есік обасының салынған кезі б.з.д. 6 ғ. деп есептеледі. Оны зерттеген археолог К.Ақышев.

Қалашықты аршыған кезде металл өнімдері, сүйек, шыны бұйымдары, зергерлік бұйымдар керамиканың үлкен жиынтық-коллекциясы жинақталды. Құйрықтөбенің Х-ХІ ғ-ғы сырлы ыдыстар тобы қызықтырады. Сырлы ыдыстар болып тостағандар, табақшалар, блюдалар, сапты аяқтар, шырақтар болып табылды. Ақ ангоб пен көмкерілген құйма астында мөлдір қорғасындар кең етек жайған. Ою-өрнек қара, қызыл және қоңыр бояулармен орындалған.

Теңбіл көркем суретті керамика кейде ширатпамен аралас күйінде «ұшақ қалағы» дейтін оюмен, өсімдіктердің өсіп жайылып бара жатқан түріндегі керамикалар кездеседі. Айрықша топты негізгі қызыл фонды керамика құрайды, мөлдір құйма ақ және қара бояғыштармен өрнектелген. Ою-өрнектің элементі ретінде сыртында жазуы, эпиграфиясы {ескі жазу тұрағы ғылым} бір медальондарды пайдаланған.

Мөлдір құяры астында ою-өрнек салынған өсімдіктер түрінде, геометриялық ою-өрнегі аралас жапырақтар түрінде қызыл фонды керамикаларда кездеседі. «Таскерен»-мөлдір емес жасыл және қоңыр құймалармен өрнектелген керамикалар тобы да бар. Құмдар, кезелер, су таситын асханалық құмыралар, сапты аяқтар мен дастархан - саз столдары сырлы керамика тобын құрайды. Оюланған және құйма өрнекпе жартылай сопақ, түлдісте түрінде, өсімдік әуеніндегі ХІғ-ғы асхана және дастархан ыдысы да көз тартарлық. Жануарлардың терракотталық мүсіндері табылды. Х-ХІ ғ-да шыны өндірісі кең таралды. Құйрықтөбеде қазба жұмыстары нәтижесінде шыны тостағандар, графиндер, құмыралар, пісу құтылары табылды. Қазба жұмыстары кезінде металдан жасалған бұйымдардың болғандығын ХІ-ХІІ ғ-ң қола құмырасы, сапты аяқтар, құрамы белдіктің бөлшектері айғақтайды.

Олардың арасында жартылай қымбат моншақтар коллекциясы, зергерлік бұйымдар, сырғалар, жүзіктер, білезіктер табылған. Ертерек кезде цитадель құрылысындағы салтанат сарайын фризадан қалған тақтай қалдығы безендіріп тұрған. Онда кілемдер мен киіздермен жабықталған тақтың аяғы бейнеленген. Тақ түбінде тау арқары түрінде бейнеленген екі кішкентай тізе бүккен екі адамдық орындықтар немесе құйрық қамалының иелері болуы мүмкін. Арка тіреулердің төртеуінің төбесінің іші гүл желбезектері түріндегі розеткаларға әшекейленген (шамасы қамал немесе қала) қабырғаларында, пирамида тісті тәж киген екі садақшы бейнеленген. Осы жерде алдыңғы жоспарда бір қолында жұмыр заты бар қолдарын көтеріп тұрған құдай. Басында қанатты тәжі бар құдай бейнеленген. Арқалар арасындағы кеңістік тұрған кейіпкерлермен толықтырылған. Олар өте нашар сақталған. Құдайдың сақталған бөлшектерге қарағанда,

төрт қолы болған. олардың екеуі айтып өткендей жоғары көтерілген, қолдардың екінші жұбы төмен түсірілген. 125x35 см тік бұрышты ағаш тақтай қызығарлық, арканы рельефті топ көрінісі және жеке бейне түрінде жасаған.

Орталық арка-тіреуде бірі-біріне жартылай бұрылып бейнеленген еркек пен әйел. Сөз жоқ атақты, ерекше жандар. Әйел (сол жақта тұр) жамылғы жапқан. Оның жүзі дөңгеленген, жалпақмұрынды, көз қиығы бадам дәні тәріздес. Басында жалпақ бас киімі, маңдайында диадема-қымбат тәжі бар. Оң жақ иығына әр жерінен теңдей байлап қойған бұрымы түсіп тұр. Оң жақ құлағындағы сырғасы жұмыр шар іспеттес. Мойнында алуан түрлі пішіндес моншақты алқа бар.

Еркектің жүзі өте нашар сақталған. Басында бөрігі, қаусырмасы сол жағына қарай жабылатын шапаны бар. Шапанның астында тұрып тұрған көйлектің жағасы көрінеді. Оң қолымен әлгі еркек әйелді құшақтап тұр, оның қолының басы әйелдің иығында жатыр, ал сол қолы, алақан жоғары қарап, әйелдің жүзіне бағытталған. Алақанында ірі зат жатыр. Әйел оң қолымен еркектің сол қолын шынтақ түбінен қысып тұр. Жұптың сол жағында тұрған кейіпкер алдынан бейнеленген. Оның беті дөңгелек жүзді, жалпақ мұрынды, басында тақия сияқты бір нәрсе басында еңсізбір нәрсе бар. Құлақтарындағы сырғалары сопақтау, кішкене шар тәрізді, төсіндегі алқаның шеттерінде кішкене шарлары бар. Ол шапан киген, оның көкірегі ою-өрнек, інжу жапырақтар, асыл тастармен безендірілген.

Өртенген оюлы ағаштан VIII-IX ғғ. көрінеді. Кейіпкер сол қолында әлде бір зат ұстап тұр. Атақты жұптың оң жағына орналасқан бейне де алдынан бейнеленген. (басы сақталмаған). Кейіпкер шапан киген. Қолындағы зат табақ немесе пәтніске ұқсайды. Оң жақ аркада тағы 2 бейненің сұлбасы бар, бірақ олардың тек пішіні ғана сақталған. Сол жақ аркада жалғыз бейне кескіні бұлдырап із қалдырған. Қазақстан мен Орта Азиядағы басқа да мұраларда ағашқа ойып салынған адамдар бейнеленген композиция жоқ.

Қазақстан жерінде кезігетін бейнелеу өнерінің алғашқы нұсқалары палеолит дәуіріне жатады. Олар Қаратау мен Хантау тауларында тасқа қашалған жан-жануарлар тұрпаты түрінде кездеседі. Неолит және қола дәуірінде тасқа бедерленген Баянауыл үңгіріндегі (Павлодар обл.), Таңбалы аңғарындағы (Алматы обл.) бейнелер (бұғы, арыстан, садақты аңшы, арбаға жегілген бұқа, сиыр, т.б.) мен Балқаш к-нің солт. жағасындағы жақпар тастардағы суреттер (келіншектің қасындағы екі ер кісінің жекпе-жек қылыштасуы, т.б.) қазақ жерін мекендеген тайпалардың негізгі кәсібін, әдет-ғұрпын баяндайды. Көптеген шекіме суреттердің сюжеті жыртқыш аңдардың аша тұяқтыларға шабуылына, діни нанымға құрылған. Суреттер нобайына ішінара қына түсті бояу жағылған. Андрон

он мәдениеті мұрасына саналатын геом. өрнекті қыш ыдыстар, қалыптау арқылы жасалған бұйымдар, күн шапағы бейнеленген қола құрал-жабдықтар Орт., Солт. және Бат. Қазақстан аумағында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде ашылды.

“Таңбалы тастағы” (Алматы обл.) б.з.б. 2 ғ-дағы тасқа бедерленген Будда бейнелері (көп қолды Чон-Рай-Сик, Мун-Сак Будда, Манла Будда) шекіме суреттердің озық үлгілерінің бірінен саналады. Осы жартастарда 16 — 17 ғ-ларда салынған суреттер де бар. Діни нанымдағы суреттер Алтай мен Тарбағатай аймағында да ұшырасады. Қола мәдениетінің соңғы кезеңіне саналатын Беғазы-Дәндібай мәдениеті тұсында (б.з.б. 9 — 8 ғ-лар) көне өнер түрлері жаңа үлгілермен толығы түскен. Б.з.б. 7 ғ-да қошпелілер одағаның нығайып, әлеум. құрылысы мен шаруашылықтың дамуына байланысты б.з.б. 4 ғ-да байырғы сақ, ғұн, үйсін өнері гүлденді.

Көп өнері мен сән өнерінің ағаш ұқсату, зергерлік өнері, кесте және кілем тоқу салалары дамыды. Ертіс, Шідерті, Өлеңті, Сілеті, Есік, Түрген, Іле өзендері және Орт. Қазақстан мен Сыр бойындағы, Баянауыл, Сауыр тауларының етегіндегі обалар мен қорымдардан табылған көне заман бұйымдары, жиназдық заттар қошпелі тайпалар өнерінің даму кезеңін көрсетеді. Скифтердің аңғарды бейнелеу нақышы Қара т. үстіртіне қарағанда қазақ жерінде бұрын дамығанын дәлелдейді. 1970 ж. Алматы обл. Есік к. маңынан табылған алтын бұйымдар (“Алтын адам”, бұғы, арсар, жолбарыс, жылқы, барыс бейнелері) да — б.з.б. 6 — 5 ғ-ларда қазақ жерін мекендеген тайпалардың өнер үлгілері.

Баспелі зергерлік өнері бұйымдардан асыл таспен әшекейлеу алғаш түй, үйеңкелерде, кейіннен оғал, қыпшақтарда қолданылған. Сақ дәуірінде бұл әлі көп таралмаған. Үйсін зергерлік өнерінде көркем оймыш, бедерлеу және инкрустация тәсілдері басым пайдаланылды. 6 — 8 ғ-ларда байырғы сақ, ғұн, үйсін өнері негізінде байырғы түрік өнері дамыды. Бейнелеу өнерінің кейбір салаларының аттары қалыптасты. Қолөнеріне маманданған шеберлер (зергер, бәдіші, сәулетші, т.б.) шықты. Суреттер сюжеттік жағынан байи түсті. Жұмырлан жасалған тас мүсіндер, тастан қаналған күл пен биық бейнелері, алуан түрлі оюлар, барельефтер, ағаш, дүйек, асыл тас жұмырлау өркендеді. Байырғы түрік өнері кезеңінен бастап қазақ жерінде мүсін өнері кең етек алды.

Мүсіндер Торғай өз. мен Ұлытау төңірегінен бастап, Сарыарқадан күншығысқа қарай созылып, Алтай, Тарбағатай тауларына дейін, Оңт. Қазақстанда Қаратаудың екі жақ етегінде, Бурылтау, Талас тауларының, Алатаудың жазық алаңқайларында ұшырасады. Мүсіндер Түрік қағандығы (6 — 8 ғ-лар), қыпшақ заманы (7 — 13 ғ-лар) кезіндегі мүсін тастар болып екі топқа бөлінеді. Көпшілігі адам бейнесінің нобайын ғана көрсететін дорекілеу түрде жасалғанымен, ішінара бет әлпеті мен тұлғасы айқын суреттелген жұмыр мүсіндер де кездеседі. 16 — 18 ғ-ларда тас

мүсін қашау жойылып, оның орнына араб жазуларымен әсемделіп, түрлі ою, өрнектермен әдіптеген құлпытастар көптеп жасала бастады.

Байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде кілемдер мазмұнға құрылған суреттермен әсемделсе, 5 — 7 ғ-ларда көп тараған қазіргі қазақ кілемінің үлгілері қалыптасты. Ясы, Отырар, Сығанақ, Тараз, Сайрам, Құлан, Мерке, Баласағұн, т.б. қ-ларда 8 — 12 ғ-ларда өнердің көптеген салалары (көзешілік, бедерлеу, көздеу) өркендеді. Осы заманның киіз үй түріндегі қыш ыдыстары; бедерлеу, кесу, жапсыру арқылы жасалып, түрлі түсті бояумен (қара, қоңыр, сары, қызыл) жылтыратылған қабырға өрнектер мен су құбырлары; ромб не шеңбер түріндегі үлкен әрі анық ұлттық өрнектермен әсемделген теріден, металдан жасалған бұйымдар — өркендеген өнердің дәлелі.

Архит. құрылыстардың сыртқы қабырғалары, ішкі еңселері мен күмбездері ғимарат құрылымымен үндес тартымды өрнектермен әсемделіп отырды. Азия мен Еуропадағы күмбезді архит. құрылыстар секілді қазақтың киіз үйі ежелгі замандардан қазірге дейін халық қол өнерінің үздік үлгілерін жинақтаған қазына іспетті. Киіз үйдің іші мен сырты, бау-басқұры секілді жиһаздық заттары тартымды әрі биязы - өрнекпен әсемделді.

Сәндік, тұтыну заттарынан басқа да басқұр, алаша, тықыр кілем, кебеже, т.б. қолөнері бұйымдары киіз үй ішін безендіруде басты орын алады. Алтын зер және жібек жіптермен кесте тоқу, ағаш ұқсату өнері, ағаш пен сүйекті жымдастыру арқылы көркемдеу, тері ұқсату, зергерлік өнері де күшті дамыған (қ. Қазақ қол өнері). 19 ғ-да Қазақстанда болған орыс суретшілерінің (В.В. Верещагин, т.б.) қазақ халқының өмірі мен тұрмысын бейнелеген картиналары өмірге келді.

1847 — 57 ж. қазақ жеріне жер аударылған Т.Г. Шевченко дала өмірінің көріністеріне құрылған сериялы суреттерінде жергілікті халық тұрмысын шыншылдықпен бейнеледі. Ағартушы ғалым, әрі қазақтың тұңғыш суретшісі Ш.Ш. Уәлихановтың сулы бояу және қаламмен салған портреттері мен суреттері (“Үлкен Орданың қазақтары”, т.б.) 19 ғ-дың ортасында салынды.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақ сырт киімдерін қалай, неден өңдеу бастады.
2. Иік қашша маусымға арналған.
3. Сырмалы шапанның тігілу жолы.
4. Шекпен не үшін бағалы да қымбат саналған.
5. Шекпен қандай өрнекпен әшекейленеді.
6. Шидем шекпен не үшін ең әдемісі деп есептеленді.
7. Сөнсен тон қашша жолмен тігілген.
8. Қамқа тон қашша жолмен тігілген.
9. Күнделікте тұрмыстағы жүргенде жаппай суықтан қорғаған киім.
10. Күрте қандай бөліктерден тұрады.
11. Оңір киімді кімге арнап сызылған.

Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Халық шеберлері шығармашылығын оқу тәрбие жұмыстарында пайдалану // Қ.А. Ясәуи атындағы Халықаралық Қазақ –Түрік университеті – Түркістан, 2006. 66 б.

2. Бейнелеу өнерінің өнертанымдық негіздері // "Орталық Азия өлдерінің мемлекетаралық интеграциялық байланыстарын жаңғырту атты Орталық Азия өлдерінің екінші түркістан интеграциялық форумы" –Түркістан Қ.А.Ясәуи атындағы Халықаралық Қазақ –Түрік университеті 2006 . 310-311б.

3. Kazak Halk Sanatı Üzerine Bir Değerlendirme // " Kümbet Altında"– Tokat, Nisan Mayıs Haziran 2007 Yılı 1 Sayı 1

4. Қазақ бейнелеу өнеріндегі сәлт дәстүрлері көрінісі // Поиск № 2 2007. 231-233 б.

5. Киім өнеріндегі ою-өрнектер - мәдени мұра // Поиск № 2 2007. 237-239 б.

3 ТАРАУ. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИИМДЕРІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК

3.1. Ұлттық киімдердегі ою-өрнектің мәні

Оюлар мен өрнектер туралы зертеген ғалымдар саусақпен санарлық болса, қазақ оюын зерттеуде Садық Қасиманов, Төлеутай Бәсенов, Сапар Төленбаев есімдері айрықша аталады. Ал, қазақтың дүйім оюын ерінбей, жалықпай жинап, оны тұтас энциклопедия етіп шығарған ғалым Ш. Өмірбаеваның еңбегі орасан деп бағалауға болады. Бұл тарауда киім кешекте қолданатын оюлар түрін баян етсек, мұнда негізгі дерек көзі ретінде Ш. Өмірбаеваның еңбегі басты назарда.

Қазақтың ою өрнегі ғасырлар бойы қалыптасып, дамып, өзінің керемет жағымен тамсандырудан бір талмай келе жатқан ұлттық өнер туындысы. Халқымыз туындатқан кез келген қолөнер туындысынан мұның бейнелерін көре аламыз. Ою, өрнектің бізге жеткен түрі өте мол. Кейбір қолөнершілер оның үш жүзден астам түрі болғанын жинақтап, дәлелдеді. Ал, көптеген оюларда гүлдің, құстың, аңның және ағаштың түрін бейнелегенін көре аламыз. Өйткені, ежелгі қазақтардың ұғымында құс биіктік пен көктің, гүл әсемдік пен жастықтың символы болды. Сондықтан да, халқымыз жас адамның киіміне гүл бейнесіндегі өрнектер тоқыды.

Қазақ аңызында көк өгіз жерді қазып, алғашқы екі адамға су шығарып береді. Артынан мүйізімен жерді көтеруге кіріседі. Бірақ, өкінішке орай, белгісіз себептермен бір мүйізі сынады, сөйтіп, дүние кемелі толмай қалған. Қазақтардың кез-келген ою-өрнек композициясында кездесетін тұмар ою мен сыңар оюлар осы оқиғаны ишаралайды. Қытайдың антропоморфты космосы да оңтүстікке қарап иіліп тұр. Мұны біз қобыздан да байқаймыз. Мәселен, күндіз бен түннің, жаз бен қыстың, т.б. ауысуы ою-өрнекте кесте мен бос кестенің арақатынасы ретінде көрініс тапқан. Оюлардан құлақ шыққанда /тісі шыққанда/ бұрылып кетуі, әйгілі «хайуанаттар стиліндегі» тас ғасырынан үзілмеген шарпысу, қажасу, жұту, құсу, кірігу, құбылу сілемдері, қаңтарылмаған дүниені одан әрі бұзылудан сақтау үшін жөн, амал іздеу биполярлық контурды шөгендеу ниетімен туған біртекті процестің тарихи дамуы ғана. Соңғы орта ғасырда ою-өрнектердің басым болып кетуі өнер дамуының өзіне тән ішкі заңдылығы деп танылғаны жөн. Ою-өрнектер мейлінше дерексізденген, өте көне полиэйканизм принципінiң ең жоғарғы сатысы.

Қазақтың ою өрнегі туралы айтар сөз көп. Оның тарихы өте алыстарда жатқандықтан, бұл да халқымыздың ауыз әдебиеті секілді баға жетпес құндылығымыздың бірі болып табылады. Қолөнердің түрлі саласында дамып, жаңарып келеді. Олардың мынадай түрлері бар:

«Тортайшық» айды тұспалдайды. Оның әрбір тармағы төрт ай секілді жай элементтен құралған. Тортайшық элементтерінен шексіздікке ұласатын ою өрнектер құруға болады.

«Жұлдыз» бұл өрнек геометриялық сынық сызықты тұспалдайды. Кейде жұлдыздың натуралды қалпын кестелейді. Жұлдыздың бейнесі композицияланған ою, өрнектердің ортасында кездеседі. Және бес жұлдыздың бейнесі аң анық көрініп тұрады.

«Жұлдызгүл» ою өрнегі бес бұрыш жасап, гүлмен өрнектеліп, бес тармақтан тұратын гүлді тұспалдайды. Тұскиіз, төсекжапқыш, бетерамалдың ортасына және сырт киімнің арқа тұсына немесе шапан етегінің алдыңғы екі бұрышына салынады.

«Жұлдызкүрт» ою, өрнегі ши орауда ши орауда, сырмақтың шеткі жиегіне кездеседі. Ол ақ пен қарадан, қызыл мен жасылдан, көк пен сарыдан бунакталып келеді.

«Күн» ою, өрнегі күнді меңзейді. Күн, ай аспан бейнеленген тұмарлар қасиетті деп саналған. Себебі, діни ұғымда бұлардың магиялық күші бар деп сенген.

«Күн», «Күн кәсі», «Күн сәулесі», «Шыққан күн» оюлары кілемнің, түсінігін дәл ортасына салынады. Сол секілді бұл өрнектер кесте тоқуда немесе асатын, сүйектен ойылған заттарды бедерлеуде, ағ әбзелдерін арнаулы қолданылады.

«Кемпіркөсақ» ою өрнегі бірнеше түстен жолақтар жасап, алма кезек арналасады. Қазақтарда кейбір түстердің нышандық міні бар. Көк түс сенімнің, ақ ақиқатты, қуаныштың, сары ақыл мен парасаттың, қайғы мүшкіл, жасыл жастықтың, көктемнің символы. Қолөнер бұйымдарын жасауда әрбір түс белгілі тәртіппен кемпіркөсақ көркіне лайықтап арналасырады. Бұл өрнектер алаша, қоржын, басқұр тоқуда жиі пайдаланады.

«Егізгүл» бұл өрнек ертеден келе жатқан барлық шығыс халықтарына тән. «Егіз» өрнегінің бейнесі шеңбер, әлем кеңістігі, өлі және тірі табиғат деген ұғымды білдіреді. Шеңбердің іші қас ортасынан бөлінген. Бұл ою, өрнек дүниедегі заттың бәрі егіз деген пәлсапалық ойды білдіреді. Сырт киімде, кілемде, тұскиізде, дөдегеде және батырлардың жауынгерлік киімінде кездеседі.

«Ай гүл» ең көне оюлардың бірі. Ол Пазырық қорғанынан табылған әйел алқасының бетінде бейнеленген. Бұл өрнек Ғұндар дәуірінің ескерткіші болып табылады.

«Мүйіз» қазақ оюының негізгі және ең көне мәнері. Ою, өрнектің бұл элементі мүйізді меңзеуден шыққан. «Мүйіз» ою өрнегі кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сыяқты нәзік қолөнер сәлаларында, пайдаланады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданады. «Мүйіз» элементтері

«аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «қырықмүйіз», «сынықмүйіз», «маралмүйіз», «өркешмүйіз», «қошқармүйіз» тағы да басқа түрлерге бөлінеді. «Мүйіз» өрнегі үй жихаздарына, кілемге, сырмаққа, текеметке, алашаға, көрпеге, тұскиізге қолданылады. Тұрмыстық заттарда күбі, ожау, шанаш, жүкаяқ, торсық, сандық секілді бұйымдарда қолданылады. Сондай ақ, қару жарақтарда, қынап, оқшантай, садақта, киім кешек атаулыда, ат әбзелдеріне, ер тоқымға, айылда салынады. Жалпы бұл элементтердің қолданылмайтын жері жоқ десе де болады.

«Қосмүйіз» ою, өрнегі қойдың, ешкінің, сиырдың екі мүйізін ғана бейнелейді. Және де кейде ырғақ, кейде ілмек деп аталатын оюларды жалпыхалықтық ауызда «қосмүйіз» дейді. Үй жихаздары мен тұрмыстық заттарды, киім кешектерді, қару жарақтарды безендіру үшін қолданылады. Қазіргі кезде «қосмүйіз» оюын сәукелеге, айырқалпақтың төбесіне, шетіне, камзолдың алдыңғы жағына, етіктің қонышына салады.

«Тоғызтөбе» ою ең көне өрнектеріміздің бірі ретінде мәдени шежіреміз іспетті. Бұл өрнек Қимақтар мен Қарлұқтардың қолөнерінде сақталған. Және кезінде «тоғызтөбе» ою өрнегін Айша Бибі күмбезінің кірпіштерін өрнектеу үшін қолданған. Ал, қазіргі кезде қазақ, қырғыз, түркімен, қарақалпақ қолөнерінде кездеседі.

«Арқармүйіз» оюы қойдың мүйізін бейнелейтін оюдың түрі. Бұл элемент «қошқармүйізге» өте ұқсас. Бірақ, оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан бетер көбірек болып келеді. Кілем, тұскиіз, сырмақ, кесте, киім кешек пен үй жихаздарында кездеседі.

«Сыңармүйіз» бұл ою жоғарыда айтып кеткен «арқармүйіз», «қоймүйіз» секілді оюдың сыңар түрін ған бейнелейтін түр. Шеберзаттарға, орналастырылған «сыңармүйіз» өрнек композициясында дараланып тұрмай, жымдасып келеді. Әдетте, «сыңармүйіз» оюы үй жихаздары мен тұрмыстық заттарға, сондай ақ, қару жарақ, киім кешек, тағы да басқа бетіне өрнек салынатын заттардың баршасында кездеседі. Және де текеметті, сырмақты әшекейлейтін олардың жиегінде жүргізілетін өрнектің бір түрі. Қошқармүйіз оюы қойдың төбесімен екі жаққа қарай иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық пішіні аңғарылады. Текеметте, сырмақта, басқұрда, алашада, кілемде, былғарысүйек ағаш, зергерлік бұйымдардың барлық түрлерінде кездеседі. Бұл ою түсті шүберектер мен ойылып, құрғақ, яғни, аппликациялық өрнек түрінде тігіледі.

«Қырықмүйіз» оюы бір біріне жалғаса тармақтала қосылған көпмүйізден құралған ою, өрнектің бір түрі. Ол көбінесе дөңгелек не төртбұрыш ішінде бейнеленеді. Кейде ағаш бұрағы тәрізді тармақталып, жайылып бейнеленеді. Бір бірімен қосылған бірнеше тармақты көпмүйізді

оюлардан құралады. Негізінен қошқармүйіз ою, өрнегінің символдық мәні бақыт пен байлық, береке, мал, жанның көбеюі. Түскиіз, тон, кезім, сырмақ, текемет, сәулет өнерінде молырақ кездеседі.

«Сынықмүйіз» морт сынған тік төртбұрыш жасап, төрт рет ішке қарай иіледі. Бұл ою, өрнек кілемдерді, басқұр мен алашаларды, шилерді, сондай ақ әртүрлі бұйымдарды безендіру үшін пайдаланады. Ал, сырт көрнісі малдың сынған мүйізіне ұқсайды.

«Төртқұлақ» ою, өрнегінің зооморфты немесе өсімдік оюларынан құрылған, ортасы крес бейнесін жасайды. Ортасына крес төртармағы мүйізэлементі қондырылған. Бұл өрнек ең көне оюларға жатады. Алғашқыда «төртқұлақ» ою, өрнегі Пазырық қорғанынан табылған. Төрт тармақты дөңгелек, төрт бұрыш, төрт жапырақ құрайтын ою, өрнектер жасалады. Бұл оюлар кебежеге, жүкаяққа, аяққапқа, батырлар киген шапаның жауырынына, қалқанға, шалбардың тізе тұсына, дөдегенің ортасына немесе шет бұрыштарына салынады.

«Үшқұлақ», «үшжапырақ» ою, өрнектері барлық қолөнерге тән үш мүйізді, үш жапырақты, үш тармақты болып бейнеленеді. Ол, он бірінші ғасырларда Тараз қаласындағы моншаның қабырғалары үшін жапырақты ою, өрнекпен белгіленген.

«Түйебойын» ою, өрнегі түйенің мойнына ұқсап, иіле көтеріліп барып тармақталатын мүйіз оюы. Мұндай өрнек мәнері көбінесе күрделі бір мүйіз оюлармен тұтас келеді де, түйебойын өрнегі сол топта өз алдына ажырауына, өзге денелерден озық тұратын түйенің ұзын мойнына ұқсайды.

«Өркен» оюы өрнегі түйенің қос өркенін бейнелейді. Сырмаққа, текеметке, түскиіздерге салынатын ою өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент. Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін, түйенің қос өркенін, биенің қос емнегін бейнелеу тек симметриялық тепе теңдік ұшын ғана емес, сонымен қатар береке, бірліктің, көбеюдің символын білдіреді.

«Айыр», «ашатұяқ», «айыртұяқ» өрнегі кейде болып бірнеше ітпен аталады. Бұлар пішен ашалайтын айырға ұқсас келеді.

«Ботакөз» ою өрнегі эшекейлі композиция ортасына салынатын немесе бірнеше қайталанып келіп орамалдың шетін көмкере жиектеме түзетін, сырт пішімі ботаның көзіндей ромбы тәріздес геометриялық ою, өрнек.

«Қауқа» оюы тоқыма бұйымдарында қолданылады. Малдың қурап қалған сүйегін тұспалдайды. Алаша, басқұр, бау, тағы да басқа тоқыма бұйымдарында негізгі өрнек ретінде салынады.

«Қарта» оюы төрт түліктің дене мүшелерін меңзеуден шыққан және сол мүшелердің атымен аталады. Бұл өрнек түрлі аңаш оюда, зергерлік бұйымдарда, кесте тігу өнерінде кездеседі.

«Қабырға» бұл өрнекте қарама қайшы түстер қатар алынады. Ақ немесе сары түске қара өрнек жүргізіледі. Бұл өрнек ағаш бетінде бедер түсіргенде кесте тігуді тездетеді. Және де басқұрға да осы өрнектер жиі салынады.

«Омыртқа» оюын кестелерден, өрмешелерден, сүйек пен ағаштан жасалған бұйымдардан жиі көреміз. Бұл өрнек түрі омыртқаның түрін тұспалдайды. Ол әр түрлі үйлесімде түрленіп, ою композициясының жиегіне салынады. Ал, кілемнің жиегіне шет оюы ретінде де қолданылады.

«Жілімшік» оюының атауы малдың жілік сүйектерінен шыққан. Бұл ою қатар екі сызық бейнесінен құралатын буынды өрнек түрі. Алаша, киіз, тысқап, баулар, басқұрларды безендіруге қолданылады.

«Тіс» малдың тісіне, шахмат тақтасына құсақ ою, өрнек. Кесте тігуде бұрыштарын қарама қарсы түйістіріп отыратын тік сынық, сирек тігістердің өрнегінде қолданылады. Мұны «тіс», «иттіс» деп те атай береді.

«Таңдай» ою, өрнегі мал таңдайының бедерін бейнелеуден шыққан. Диоганаль тәрізді өрнек. Бұл ағаш, мүйіз, сүйек заттарының шетіне, киімдердің жағасына, кимешектің жағына салынады. Таңдай өрнегі басқа түркі тектес халықтарда да кездеседі.

«Бөрікөз», «бөріқұлақ» ою, өрнегі бөрінің көзін, қасқырдың басын, құлағын, сондай ақ, «бөріқұлақ» деп аталатын жапырақты тұспалдайды. Бұл ою, өрнектер зергерлік бұйымдарда да және былғарыдан жасалған заттарда да бейнеленеді.

«Итемшек» оюы «төрттайшық» өрнегіне ұқсас. Күрделі элементтен тұрады. «Итемшектің» төрт тармағы айға ұқсас болып келеді. Ал, сол тармақтың астыңғы тұсына салынатын ұсақ екі қатар элементтер иттің емшегін тұспалдап, екі жаққа бағытталып орналасады.

«Иттабан» оюы жұкаяқ пен төсектің аяғына, шидің шеткі орауына, киіз үйдің есігіне, қораның қақпасына салынады.

«Итқұйрық» оюының сырт көрінісі иттің қайқайып тұрған құйрығына ұқсас. Көбінесе сүйек пен ағаштан жасалған бұйымдардың, киіз үй мен есігі және ағаш төсектің бетін бедерлеу, киіз бұйымдарын әшекелей үшін қолданылады.

«Түлкібас» оюы мысықтың, түлкінің бас пішінін тұспалдайтын сопақша дөңгелектер мен алмұрт бейнелерінен құралады. Бұл ою, өрнек сүйектерге, ағашқа, шиге және кестенің бетіне салынады. Сондықтан бұйымдарды сүйекпен әшекейлегенде сүйекпен ойып, «түлкібас» өрнегін түсіреді.

«Алақұрт» өргені тоқылған бұйымдардың, үй жихаздарының шетіне салынады. Түстердің алма кезек түсуіне қарай «қызылқұрт», «сарыалақұрт», «қарақұрт», «буынақ», «буынөрнек» деп аталады. Ол ақ

пен қарадан, қызыл мен жасылдан, көк пен сарыдан бунақталып келетін ұялыша желі.

«Жылан», «жыланбас» өрнектері балалардың тақиясына көз тимесін деп тағатын жыланның бас сүйегіне ұқсас ою, өрнек. Жылан бейнесін тұспалдан тұрады.

«Жыланбауыр» оюы жыланның бауырын көзге елестетеді. Отырар зергері қолданған бұл өрнекте қыздың қасы секілді қиық сызықтар мен тарыдай ноқаттар алмасып түсіп отырады. Ежелгі қыш бұйымдардағы ірек сызықтар жылан бейнесін тұспалдайды.

«Тышқан із» кілем, қоржын, аяққап секілді тұрмыстық жихаздарды өшекейлеуге пайдаланады. Мұндай ою, өрнек композициясы жолақ өшекейімене баянланады. Бұйымның жиектерін әрлеуге қолданылатын үзік сызықтар тышқанның ішін тұспалдайды.

«Құс қанаты» мүйіз оюы немесе шахмат шарлары бейнеленген құс қанаты тәрізді өрнек. Бұйымдарда көп қолданылатын бұл ою қанатын жайып ұшып келе жатқан құсты тұспалдайды. Қазіргі кезде «құс қанаты» ою, өрнегін басқа өрнектермен аралас қолдана береді.

«Құс мойын» оюы құстың мойынын тұспалдаудан туған. Бұлар көбінесе мүйіз мәнерімен жасалады. Ол иіле келген доғал тармақты мүйіздерден, ромбылардан, сызықтардан құралады. Құс атына байланысты өрнектің бәрі қолөнер үлгілерінің барлық түрлеріне тән.

«Құстұмсық» бұл өрнек құстың тұмсығын тұспалдаудан туған. Ол тармақты мүйіздер мен сызықтардан құралады. Мұнда ою ортасындағы сызық ұшы құстың тұмсығына ұқсас етіп қиылады. «Құстұмсық» жүзік немесе «топшық» жүзік сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. Тұрмысқа шыққан қызынан орамалға түйілген «құстұмсық» жүзік келсе ата, анасы қуанып, көршілерін шақырған. Құс бейнесі халық түсінігінде азаттықтың белгісі. Жүзікке қарап әкесі мен шешесі қызының ұзатылған жерінің жақсы екендігін білген.

«Самұрық», «самұрық таңба» қанаты жайылып тұрған екі басты құсты бейнелейтін ою, өрнек. Бұл өрнек Сақ дәуірінен қалған ескерткіш. Екі басты құс халқымыздың қиялынан туған бейне. «Самұрық» оюы негізінен зергерлік бұйымдарда қолданылады.

«Қазтабан» ою, өрнегін Маңғыстау жағында құлпытастарды өрнектеуге жиі қолданылады. Қаздың табанын тұспалған күрделі SS таңбасынан тұрады. Бұл белгідегі «ботамойын» оюынан айырмашылығы қатар орналасқан екі SS қаздың бейнесін тұспалдайды. Қаздың басы мен мойны анық байқалып тұрады.

«Қарға тұяқ» ою, өрнегінде геометриялық және зооморфтық ою бедерлері біріккен. Бұл оюлар алаша мен кілем тоқуда пайдаланады.

«Шет ою» өрнегін «шексіздікке ұластыратын ою» деп те атайды. Өрнектің бір элементі шексіз қайталана береді. Есіктің, текемет, сырмақ, кебеже, киім, кешек пен ыдыс, аяқтың жиегіне саланады.

«Ирек», «ирексу» өрнектері кейде түзу сызықтардың сынықтары, кейде доғал сынықтардың ұштасуы арқылы жасалады. Ондай сызықтар бірнеше қатар сызықтар түрінде қатарласа жүреді. Ал, «ирексу» өрнегінің жасалуы кейде бір иректің іші екінші ирекке қарсы келіп, төртбұрыштар мен сағатбау, саты тәріздес өрнектер жүйесін түзейді. Бұл өрнек бешпеттің, қамзолдың, шапан мен тақияның жиегіне салынады. Зергерлік бұйымдарда: сакина, білезік, қапсырма, алқалардың жиегінде және ши, сырмақ, кебеже, жүкаяқ, табақ ернеулерінде, әдіп тігісте көбірек кездеседі. «Ирек» немесе толқын жолақтары ағын суды тұспалдайды.

«Қолдөңгелек» мал таңбасына ұқсайтын өрнек. «Қолдөңгелек» өрнегімен негізінен киім бұйымдарын, текеметтерді, сырмақтарды әшекейлейді. Ежелгі көшпенділер дүниетанымында күнді тұспалдайтын дөңгелек таңбасында тылмыс бір күш бар деп сенген. Сондықтан, тұрмыста қолданылатын барлық бұйымдардың ортасына күннің тұспалды бейнесі қолданылған.

«Тұмарша» ою, өрнегі үш бұрыш үлгілес болып келеді. Үш гүл, үш бұрыш тәрізді тұмарлар тіл мен көзден сақтау үшін адамдарға ғана емес, үй жануарларына да бойтұмар ретінде таңылады. Кілем бұйымдарының жиегінде, киіз, кілем, текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі.

«Қостұмарша», «сызықтық тұмарша» түйістірілген екі тұмарша үшбұрыш өрнегі қосылады да, екі геометриялық үшбұрыш жасайды. Бұл өрнектің түрі «тұмарша» өрнегі секілді тіл мен көзден сақтай ұғымын білдірмейді, тек, әсемдік әшекей түрінде қолданады. Әдетте, кілем шетіндегі және ортасындағы оюлардың ортасына салынады. Кейде бұл өрнек «аралықгүл» деп те аталады.

«Бағанаөрнек» қора төбесінің арқалығын астына тіреп тұратын діңгек ағашты бейнелейді. Бұл өрнекті заттың, бұйымның ортасына келтіреді. Оны негіз етіп, жаң жағын басқа өрнектермен бейнелейді. «Бағанаөрнек» асадалмен, кебелердің аяқтына, қырларына, аяқ қойғыштың шетіне, піспек саптардың жоғары жанбасына адалбақанның бойында жиі ұшырасады. Және текеметтің орта тұсын көмкеруде де кездеседі.

«Шыныгүл» оюы гүлді тұспалдап тұрады. Бұл өрнек «төрттайшық», «итемшек» оюларына ұқсас келеді. Ол айға, мүйізге, жапыраққа ұқсас элементтерден құралған. Екі мүйіздің қайырылған екі ұшына жапырақ қондырылған, сол жапырақтар бірнеше рет сатыланып, қайталанып отырады.

«Гүл» өрнегі барлық гүл түрін тұспалдайды. Бұл өрнектің түрі қолөнер бұйымдарында үш жапырақтан басталып, он екі жапырақты ою,

өрнекке дейін кездеседі. Кесте тіккенде және киім кешектердің жаңасына, қалтасына, жиектеріне салынады.

«Шытырман» ою, өрнегі көп жапырақты өсімдік пен көп тармақты мүйіз және геометриялық фигуралар аралас келетін күрделі өрнек. Мұндай өрнектер заттардың бетіне көптармақ болып желіленіп келіп, бүтін бір көрністі: жайлау, орман, жазық дала, кең сақараны меңзеп жасалады.

«Түйетабан» түйенің басқан ізін долбарлайтын күрделі ою, өрнек. Ол кейде «қарта», «қарға», «қызылайыр» өрнектеріне ұқсайды. Қатар тұрған SS тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайды. Түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келеді. «Түйетабан» деп аталатын көп гүлді, үлшекбасты тікені бар өсімдік те түйенің табанына ұқсас болып келетін екі жарты, оны кей жерлерде «табақөрнегі» деп те атайды.

«Сыңарөкше» оюы «сыңармүйіз» оюында айтылғандай мүйіздің бір сыңары, Етістің басына ұқсап, қайқиып, қайталанып, шексіздікке ұласа береді. Бұл өрнек негізінен «қошқармүйіз» элементі арқылы жасалады. «Сыңарөкше» оюының бірнеше түрі бар. Олар «өкшегүл», «қосөкше». «Сыңарөкше» кілем, киіз, шымыш, басқұрлар мен аяққапта кездеседі. Ал, «қосөкше» оюларын кілемдер мен басқұрлардың ортасына түсіреді.

«Балта» оюы «балта таңба», «балта таңба» дейтін ру таңбаларынан пайда болған. Бұл таңба «г» немесе «т» әріпіне ұқсас. Мұндай ою тас қап немесе кесекап, түскіні, төсекжанқыш, басқұр бұйымдарында кездеседі.

«Балдақ» оюы бүркіт ұстаған қолдың білегіне келіп тұратын, жоғарғы басы балдақ секілді жарты шағыр формасында келеді. «Балдақ» өрнегі бір бірімен қосыла, шеберлене, бімелене келіп, күрделі өрнек түзейді. Бұл өрнек киіз бұйымдарын әшекейлеуде, кесте тігуде, зат бетіне оюлы бедер салуда қолданылады.

«Мор», «таңба», «бестанба» мал таңбасына ұқсайтын өрнек. Бұл өрнек дүшпенің төртбұрышынан шартты түрде бейнелеу ұғымын білдереді. «Таңба», «бестанба» өрнектерін малға еп салуға, мекеменің ресми таңбасы ретінде және алаша, сандық, керует секілді қолөнер бұйымдарын өрнектеуде пайдаланады.

«Қайнар» оюы малды өлкеде өмірге келген, оюдың түстері салқын түстер шоғырынан құралады. Бұл ою, өрнек жайылымдар мен су көздерінен тапшылық көрген елде пайда болған. Өрнек мал таңбасына ұқсайды. Немесе судың бір тамшысын тұспалдайды.

«Тарақ» өрнегі күнделікті тұрмыста пайдаланып жүрген шаш тарайтын таракқа ұқсайды. Және бірнеше жуан жолақтардан тұрады. Бұл өрнек нақышына келтіріліп, алаша, басқұрларда қолданылады.

«Қолалқа» оюы әшекейлі тізілген мойынға салатын моншаққа ұқсас болып келеді. Қазақ оюларының ішіндегі ең көп тараған оюдың түрі. Өте шебер келесім тауып құраластырылған «қосалқа» оюлары біртұтас

композиция өрнек жүйесін жасайды. Ою, өрнек алқаның, сырғаның, жүзіктің көзіне салынып, көбінесе зергерлік бұйымдарда пайдаланады.

«Кавказ» өрнегі ақ күміске қара, ала өрнек жасайтын қоспаны қазақ шеберлері төрт түрлі заттың: күмістің, мыстың және күкірттің қосындысынан алады. «Кавказ» жүргізіп өрнектеудің Оңтүстік Қазақстан шеберлерінде өзгеше әдісі болған. Қара ала жүргізілген күміс бұйымдарының бетіне үшкір тәрізді арнаулы аспаппен ирек өрнекті де жүргізеді. Және шыны мен ағаш көмірін ұнтақтап, оған мұсатыр араластырып отқа балқытады. Ағаш көмір шынының түсін қарайту үшін қосылады. Осыдан кейін күміс бұйімінің бетіне балқып тұрған қоспаны құяды. Ақ күміске қара ала өрнек жүргізу сақина, білезіктің әрін аша түседі. Және де мұндай қара ала оюмен бедерленгеннен кейін әр түрлі асыл тастарды пайдаланбаса да болады. Күміске түсірілген қара ала өрнектің өзі зергерлік бұйымға көрік беріп тұрады. «Кавказ» өрнегін Орта Азия шеберлері сегізінші, тоғызыншы ғасырларда көлөнерде пайдаланған. «Кавказ» үлгісінен: Кавказ білезік, кавказ жүзік, кавказ өрнек деген мәнер шыққан.

«Су өрнегі» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған жолақты айтады. «Су өрнегі» екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төрт бұрыш бейнелер жасайды. «Су өрнегін» «бес саусақ», кейде «бес гүл» деп те атайды.

«Ромб» ою, өрнегінің сыртқы тұрпаты геометриялық бейнелерден жасалынып, ішіне «кошқармүйіз», «құсқанаты» секілді ою элементтерінен композиция құралады.

«Алаша», «аламыш» өрнектері жарыса жасалған көп түрлі түсті жолақтардан тұрады. Кейде сол жолақтардың ішінде геометриялық бейнелер типтес немесе «мүйіз» өрнектерінің желі түрлерінен құралған түрлі түсті оюлар болады. Бұл «аламыш» өрнегі шахмат тақтасының шаршы сызығы сыяқты жарыса салынған қысқа, кейде ұзын сызықтарынан тұрады. Бұл өрнекпен шиді орауда терме баулар, кілем, алаша және сүйек бұйымдарын көріктендіреді.

«Гүл», «жетігүл» өсімдік тектес ою, өрнектер. Бұларды кесте тоқуда, киім кешектердің жағасына, қалтасының ернеуіне салады. Өрнектің өсімдік тектес бөлігі гүлдермен, жапырақтармен бедерленген. Бұл өрнек көлөнердің барлық саласын қамтиды деуге болады.

«Жауқазын» кәдімгі жауқазын өсімдігін тұспалдайтын ою.

«Жапырақ» ағаштың, барлық өсімдіктердің жапырақтарын тұспалдайтын ою, өрнек.

«Қоза» оюының пайда болуы еліміздің оңтүстік өңірінде өсірілетін ежелгі дақылдың бірі мақта шаруашылығымен байланысты. «Қоза» оюлары ыдыс аяқтарға, бас киімге, басқа да бұйымдарға оқшау салынып

қолданылып жүр. Ал, сәукелеге, шолпыға молынан әшекей тізгенде алақан болып тұратын іші қуыс әшекейлі күмбезше «қоза» деп аталады.

Әр халықтың өзіне тән оюлық белгісі боларын да естен шығармау керек. Қазақ халқының ұғымында бұл белгі Күн. Оюлардан Күн бейнесі бейнеленіп, ортасына крест немесе жұлдыз бейнеленсе, бұл күн оңтүстіктен батысқа, солтүстіктен шығысқа қарай орам жасап, жылжып отырады деген түсініктің көрнісі. Көшпенділер өміріндегі ең жақсы жыл мусымы күз, көктем, жаз. Сол себепті, ою, өрнекті, қолөнер бұйымдарына бейнеленгенде, әдетте алты, тоғыз жапырақты оюлар салынады. Доңгелек шеңбердің ортасында крест салынған оюдың композиция бейнелеу өнерінде өте көп кездеседі. Бұл оюлар былғарыдан, ағаштан, киізден жасалған заттардың дәл ортасына салынады. Кейде шапанның арқасына да түседі. Қолөнерде күн, крест элементтері барлық оюлармен тұтас композиция жасап қолданылады.

Қазақта торсықтың да көптеген түрлері бар. Торсық жолаушы үшін ең қажетті бұйым. Торсық бетіне бедерленген оюлар жолаушыға қатысты күн ашық болсын, от сөнбесін, торсық арқашан суға толсын деген тілек ұғымын білдіреді.

Қазақтарда бүркіт, қаршыға, үкі құстары киелі саналған. Олардың тырнағын күміске отырғызып, қыз, келіншектер, жас балалар киімдеріне сән ретінде іліп, тұмар есебінде тағып жүрген. Ал, үкінің қауырсынын кішкене балалар мен жас қыздардың киіміне қадаған, бойжеткендер киген тақшаның сәнін келтірген. Сонымен қатар, кей киімдерден бір Самұрық бейнеленген оюларды көре аламыз. Бұл халықтың аңыздарға деген сенімдігі мен мифтік ұғымынан пайда болған. Бұл өмірде жоқ құс. Осы құбылжық құстың көздері доңгеленген шеңбер тәріздес. Оның образы адамға үрей туғызғанымен, бейнесі ата, бабаларымыз қоладан, алтыннан мүсін жасағанда жиі пайдаға асырған.

Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы тайпаларымен көршілес тайпаларда скифтердің «аң» стилі өте кең тараған. Олар өз өнерлерін киізге, шапанға, былғарыға салды. Ежелден қалған өнер туындыларында бейнеленген суреттер арқылы ата, балалардың тіршілігінен көптеген мәлімет алуға болады. Бүгінгі күні қола дәуірінен қалған көптеген құнды жәдігерлер бар. Сол кездегі бұйымдар мен қазіргі бұйымдар арасында айырмашылық та көп емес.

Үйсін, Қаңлы мәдениеті Сактар мәдениетінің негіздерін қамтып, оны ары қарай дамытты. Үйсіндер мен қаңлылар тайпалық одаққа біреккен кезде темірден жасалған бұйымдар көптеп жасала бастаған. Осы кезде қарапайым өрнек тоқитын құрал да пайда болды.

Қола, темір дәуірлері өтіп, феодалдық дәуір қалыптаса бастаған алтыншы, сегізінші ғасырларда Алтай мен Монғол жерінде пайда болған Түрік қағанаты Қазақстанда Батыс Түрік қағанатын құрды. Алтыншы,

сегізінші, тоғызыншы, он үшінші ғасырларда Монғол жерінен Батыс Қазақстанға дейін бетін Шығысқа қаратып, тастан ойған балбал тас мүсіндер көптеп жасалынды. Балбал тастардың бетінде сол кезеңге орай сінмен бейнеленген киімдері болды. Сондай ақ, таңы бір тастан жасалған Рун ескерткішінде Күлтегіннің бас киімі бедерленіп еді. Онда ұшуға қомданған құстың бейнесі салынған. Өйткені, сол кездегі түркілер дүниетанымында адам жаны құс секілді ұшып кетеді деп түсіндірілген.

Түрік қағанаты өмір сүрген кезеңдердің археологиялық жәдігерлерінен олар киген киімдердің ізін біле аламыз. Сегізінші, оныншы ғасырларда үстем тап өкілдеріне арнап алғаш рет үй жихаздары мен киім кешектер тіккенін көруге болады.

«Төртқұлақ» оюының кілемге түсірген нұсқасы бүгінгі күнге дейін барлық сырмақта, текеметте, киім кешекте пайдаланып келеді. Бұларда бейнеленген «Құдай әйелдің киімі» өрнегіндегі бас киімі қазақтың ұлттық киіміне келеді. Ал, басындағы шаштың алынып тасталуы сол дәуірдің салты бойынша жерлейтін әйелдің шашы тықырланып алынатын дәстүрден қалса керек. Киізде бейнеленген құдай әйел тақ үстінде тіп тік отырған қалпында бедерленген. Тақтың арқа тұсы мен тіреп тұрған төрт аяғы оюланған. «Құдай әйел қолына» жаң жаққа оюланып, тармақталған өмір ағашын ұстап отыр. Бұл әйелдің маңдайы биік, қыр мұрынды, көзі қысық, қасы тік сызық, құлағы оюланған, ал, желке тұсы тік біткен.

Кілемдегі әйел бейнесі ертедегі аңыздардан алынған. Үстіне жиегі өрнектеліп, шалғайы сол жаққа қайырылған шапан киген. Ал, басында ежелгі бас киімнің бір түрі, қасаба сұлбасы дөңгеленіп, желкесіне тік төрт бұрышты құлама жасап тұр. Бас киімге үшбұрышты пирамида іспетті ою, өрнектер тізбектеле салынған. «Құдай әйелге» қарама қарсы атқа мінген, қыр мұрынды ер адам бейнеленген. Оның шапаны желбіреп, атпен шауып келеді. Ақ киіздегі «құдай әйел» мен атқа мінген адам екі бөлек образды құрайды. «Құдай әйел» діни сенімнен туған бейне. Түркілердің дүниетанымында өлген адамның жаны ғарыш биігінің үш қатарынан өтуі керек деп түсінген. Осы үш ғарыш деңгейін «өмір ағашы» байланыстырады. Бірінші деңгейі тау, екінші деңгейі дүние, үшіншісі шатыр деген ұғым қалыптасқан.

Ғалымдардың пайымдауынша, ою, өрнектің пайда болуының бірнеше себебі бар. Адамзат ғасырлар бойы әсемдік пен сұлулыққа ұмтылған. Сондықтан, сол сұлу нұсқаны тұрмыстық заттарды безендіру үшін пайдаға асырған. Оюлар өнеріне үңілсек, одан белгілі бір ұлтқа тән болып келетін негізгі көркемдік ерекшеліктері бар екендігін көреміз. Сондықтан, ол халықтың бейнелеу, сұлулықты қабылдау мәдениетінің жоғарылығы мен ұлттық қолтаңбамен тікелей сабақтас. Ғалымдар қайсібір ұлттық өнеріне салиқалы баға беру кезінде жоғарыда аталған өлшемдерді басшылаққа алады. Қай халықтың мәдениетіне байыптап көз салсақ та,

сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық ұстанымына сәйкес белгілі бір өнері түрінің басым дамып отырғанына көз жеткіземіз. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде ою, өрнек қатыспайтын саласы жоқ деуге де болады. Ою, өрнек элементтерін бір қазақтың үй жихаздары мен киімдеріне, зерзерлік бұйымдарынан, ер, тұрман әбзелдерін мен қару жарактан да жиі кездестіреміз. Оюлардың даму жолын, тарихын зерттеген ғалымдардың сөзіне құлақ салсақ, оның Құнан төңкерісіне дейін жылдам дамығанын атап айтады. Кеңес кезеңі кезінде қолөнер туындыларын, кілем, түрлі ұлттық киім, кешекті мұражайлардан ғана көруге болатын еді. Қолөнер саласының баршасында бұйымдарды көріктендіру үшін оюлар өте мол пайдаланған. Әрі шебердің өз қолтаңбасы болған. Осының негізінде «Ұлы жүздің үлгісі», «Орта жүздің үлгісі», «Кіші жүздің үлгісі» деген үлгілер пайда болған. Немесе «Адай бөркі», «Дулағ тымақ», «Қызай қамзол», «Семей бешпет» атаулары сол жүздің, рудың үлгісімен заттарды, тігілген киімдерді білдіреді. Бұдан көретініміз оюдың даму тарихы әр аймақта әр түрлі дамығаны. Және әр рудан, жүздің қолөнердегі ерекшеліктері мен дәстүрі сақталғаны. Яғни, бір аймақтың өнерін бүкіл қазақ қолөнеріне тән деп қабылдауға болмайды. Әр аймақтың өз тілдік диалектілері болатыны секілді қолөнерде де өзіндік ерекшеліктері болады.

Қағаз аумағын мекендеген дүнген халқының да бейнелеу өнерінде тек жаңы бар заттардың және өсімдіктердің нақты түрі бейнеленеді. Сол сыяқты дүнген оюында да стильденген қазақ оюы «бұлт» және «тұмар» көзге келеді. Дүнген қолөнерінде оюлардың негізгі элементі ретінде өсімдіктердің, құстардың, аңдардың нақты бейнелері алынады. Олар арыстан, жолбарыс, мысық, бұғы, жылқы, балық, үйрек, қораз, тырна, қоян, гүлдердің түрлері мен қарбыз, қияр және тағы да басқа заттар бар.

Қазақтар құрақ көрпені «үшбұрыш», «төртбұрыш» оюларынан жасаса, Сібір халықтары аң терісінен тігілген тондардың жиегін түрлі геометриялық бұрышталармен өрнектейді. Орыс ғалымдарының зерттеулеріне қарасақ, оюларына ортақ элементтерді пайдаланатын халықтарға: угорларды, кеттерді, эвенкелерді, донғандарды, хакастарды, чукчаларды, коряктарды, ителмендерді, Азиялық эскимостарды, тубаларды, шорстарды, Енесей қырғыздарын, сахаларды, ненецтер мен нысандарды жатқызады. Сібір аймағын мекендеген халықтардың мәдениетін Андронов мәдениетіне жатқызады.

Сібір халықтарының бейнелеу өнеріндегі ортақ ою, өрнектердің қай кезеңде қолданыла бастағаны туралы деректер жоқ. Андронов және Алтай мәдениетінің гүлденуіне Үнді және Иран тектес топқа кіретін еуропойттар ықпал етті. Түркі тайпалары қосымша көне Андронов мәдениетін қабылдаған.

Жыланға байланысты тұспалданған оюлар қазақ халқының көнеден қалған «жыланбас» оюы. Ал, уличилер киімдерін геометриялық крестпен, «тиыніз» оюымен өрнектейді. Қазақ оюларының ішінде «тиынізі» деген ою кездеспегенімен, «тышқан із» өрнегі кездеседі. Жалпы, тиын мен тышқан ізінің үлгісі бірдей.

Үдегейлер кілемге, киімге, тонға бұғының нақты бейнелерін түсіреді. Сол секілді қазақ пен үдегей елдеріне ортақ «қошқармүйіз», «ромб», «гүл», «жылан» бейнесін тұспалдайтын иірімдер қолданылады. Ал, хакастар түрлі түсті матадан құрақ құрау Орта Азия кілемдерінің бейнелеу стилін қайталамайды. Кілемде түрлі стильденген «қошқармүйіз» өрнегі бейнеленеді. Якудтардың сырмақ пен киіздерде бейнеленген «мүйіз» оюлары қазақ және қырғыз нұсқаларында бар. Якуд «мүйіз» оюлары ішке сатыланып қайырылған орам тәрізді болып келеді. Бұл ою жабайы арқардың мүйізін тұспалдайды.

Якуттарда бүршік атқан өсімдіктің бейнесін тұспалдайтын түрлі композиция бар. Олар жалпы осы ұлтқа тән оюлардың негізін құрайды. Бұл оюлар қазақ, қырғыз және қалмақ бейнелеу өнерінде көптеп қолданылады.

Ненецтердің негізгі ою элементі «бұғымүйіз» қазақ, қырғыз, орыс, карель тағы да басқа елдерінде кеңінен қолданылады. Сол сыяқты, ненецтерде қырғыздар секілді өздеріне ғана тән «қоянқұлақ», «сиырмүйіз» ою элементтері кездеседі. Бұл оюлар қырғыз елдерінің қолөнерінде күні бүгінге дейін пайдаланады. Ханты мансилер киімдеріндегі «сынықмүйіз» бен «қарғатұяқ» оюы қазақ оюларының үлгісінде бейнеленген.

Мұндай ұқсастықты тау бөктерін мекендейтін тәжік оюларынан да байқауға болады. Мұнда қолөнердің ең дамыған түрі кестелеп өрнек салу немесе шұлық тоқу үрдісі бар. ғалымдардың зерттеуіне назар салсақ, тәжік шеберлерінің сексеннен астам ою салып, шұлық тоқитын әдісі бар және әр оюдың аты бар көрінеді.

Тәжіктерде үйрек оюы төсек жапқышта бейнеленсе, карельдер мен орыстарда үйрек екі жастың махаббаты мен тойыдың нышандық мәнін тұспалдайды.

Комизыряндарда ағаштан жасалған үйректің мүсіні үйдің төбесіне орнатылады. Сондай ақ, тұрмыста қолданылатын ағаштан ойылған үйрек жанұяның ең бағалы заты болып саналады. Қазақ халқында үйрекке байланысты ою жоқ деуге болады. Бірақ, құстардың ең әдемісі аққуға байланысты ою, өрнектер көп бейнеленеді.

Аққу махаббаттың символы және тазалықтың белгісін білдіреді. Пазырық қорғаны жәдігерінде ақ киізден тігілген аққулар шатырды тіреп тұратын дінгектің төбесіне қондырылған. Яғни, аққудың символдық мәні сонау ежелден бастау алады.

Сак, Үйсін, Қаңлы тайпаларының мәдениеті алғы Азия, шығыс Еуропа мен шығыс Скифтері мәдениетімен тығыз байланысты. Оған дәлел мұрағаттық қазбалар кезінде табылған көне ескерткіштер.

Карель мен скиф елдерінің діни дүниетанымдары мен бейнелеу өнерінде генетикалық байланыс бар. Ресей, Беларусь және украин шеберлері кесте әдісімен өрнектелген беторамалдың ортасына әйел бейнесін орналастырып, жан жағына салт аттылар мен құстарды, жан, жануарларды салған. Карельдерде бұғыға қатысты оюлардың жүздеген түрі кездеседі.

Карельдер бұғы мен жылқының нақты бейнесін колонерде қолданады. Солтүстік карельдерде адам бейнесін бейнеле басым. Әйелдерді кең көйлек киізі бейнелейді.

3.2 Ою-өрнек арқылы іске асырылған колонер бұйымдары

Қазақтың колонерінде қазақ даласының жарты миллион жылдық тарихы бар. Қазақ даласында алғашқы адамдар осыншама уақыт бұрын пайда болған. Осы уақыттан бері мал өсіріп, тері өңдеген, құс өсіріп, аң аулаған, соқа салып, егін еккен адамдар колонердің түр-түрін ойлап тапты, бұйымдарға өзінің арман-ойын, киелі жемістерін ойын бедерледі. Мұражай объектерінен жаялтыраған пәлен гасыр бұрынғы әшекей бұйымдардың өрнектері зер салып қарнған кісіге сол дәуірдегі адамдардың өмір салтынан, тұрмысынан, эстетикалық танымынан хабар береді. Ендеше, колонер тарихы – қазақтану тарихы деудің де жаны бар.

Қазақ оюла мен колонерін зерттеуде еңбегі сіңген Дәркембай Шотпарұлының аталмаш салада ғылыми іденістері көптеп саналады. Оның ұзақ жылдарғы зерттеуінен туындаған «Қазақтың колонері» альбомы – осы бағыт барысынан жөн айтар, жол сілтер үлкен көмекші құралдың бірі.

Қол өнер гасырлар бойы дамып, қанығасып келе жатқан халық шығармашылықтың сарқылмас қайнар көзі, халық мәдениетінің айнасы. Ол талай гасырлар кезеңінен өтін түрленіп, жаңарып келіп, атадан балаға мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі де қасиетті өнер.

Қандай халықтың колонері болса да оның тарихымен, қоғамдық құрылысы, әдет-ғұрып, салт-санасымен астасып қатар өркендейді. Колонер адам баласын әсемдікке, нәзіктікке деген ұмтылысын, сол биытты табиғатты өзінше таңбалап бедерлеуін, сұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытады. Ол арқылы үлкен рухани-эстетикалық тәлім алып, өнер әлеміне қанат қағасындар.

Қазақ шеберлері ағаш, металл, тері, былғары, тарамыс, қайыс, жүн, жіп, шн, қамыс, киіз, мата, тас, бояу, сүйек, мүйіз материалдарын көп қолданады.

Ал бұл материалдарды өндеп, әшекейлеу үшін ою, қашау, құю, шеку, нақыш салу, өрнектеу, бояу, бұрау, ширату, кесу, тесу, илеу, өру, току, иіру, бедерлеу, тігу, сыру, шабу, қақтау, ыстау, лажылау, дәнекерлеу, құрсаулау т.б. тәсілдер қолданылады.

Көптеген халықаралық форумдар мен көрмелерде, байқауларда қазақтың қолөнер бұйымдары басқа халықтар қолөнер туындыларынан шоқтығы биік түсіп жатпаса, кем түспейді.

Қазақтың қолөнер тарихы – жастарға эстетикалық тәрбие беруде маңызы зор ғылым. Туған халқының материалдық мәдениетін қолөнер арқылы зерттеп-біліп, оның бүгінгі тұрмысымен біте қайнасып жатқан тұстарын қолмен ұстап, көзбен көріп, сезінуден артық қандай тағылым бар?

Ою-өрнек – өнердің өте көне әрі күрделі түрі. Халықтың сенім-нанымы көкжиегі, дүниетаным көкжиегі мен қолөнердің тығыз байланысының бір дәлелі – қолөнерде жапырақ-өмір бейнесінің жиі кездесуі. Қазақтың ежелгі діни наным-сенімі бойынша жер астында өскен үлкен көк теректің жапырақтарына жер бетіндегі адамдардың аты жазылған. Бір жапырақ үзіліп түссе, бір адамның өмірі қиылады. Қобыз, асатаяқ секілді саз аспаптарында сылдырмақ түрінде ілінген жапырақ бейнесін талай рет көрген боларсыз. Тіпті, қазық, ат байлайтын мама ағаш, ұстын, тіреу тәрізді шаншылған тік заттардың бәрі көк теректің символы іспеттес. Осы қобыздың өзі әлем бейнесіне ұқсайды. Қобыздың аржасы мен шанағы бөліп қарағанда – көк өгіздің басы, ал шанағы – жұмыр жер, мойыны мен басы – көк терек тәріздес. Басындағы салпыншақтары көк жапырақ пен көк кептерлер. Жапырақ – тірі адамдар, ал көк кептерлер – әруақтар.

Қолөнер мен мәдени танымның біртұтастығы мынадай. Қазақта «көзі ашық адам» деген тіркестің мағынасын екінің бірі білмейді. Ал осы тіркестің қолөнердегі «балықкөз» деп аталатын өрнек түрімен астасып жатыр.

Қазақ ұғымында бұл өрнектің мағынасы «білім», «ғылым» дегенді білдіреді екен. Ендеше, өрнек пен фразеологиялық тіркестің жақындығы өзінен-өзі байқалып тұр. Қарап отырсақ, қазақтың қолөнерін зерттеу арқылы тілдік ерекшеліктерді, мәдени тарихымызды, діни наным-сенімдердің даму жолын, халқымыздың салт-санасын зерттеп білуге болады.

Ағашқа ою салу өнері, әсіресе, солтүстік аудандардан бастап, бүкіл Қазақстан аумағына кеңінен таралған. Стилистикалық тұрғыда ол қазақтың халықтық қолөнерінің басқа да барлық түрлерімен, ең бастысы, киізден және былғарыдан оюлап көркем бұйымдар жасаумен тығыз байланысты.

Киізден оюлап жасалған дүниелер, өрмелер мен тоқымалар кестелеу және халық өнерінің басқа да түрлері тәрізді ою-өрнек салынған ағаш бұйымдары киіз үй жиһазының сәнін келтіріп, үйге қажетті тұтыну аспаптарын толықтырған, сөйтіп, өнер туындысына айналған. Қиықтардың ағашты өңдеп, пайдалануы ең алдымен, оның көшпенді өмір салтының қажетін өтеуге байланысты болған. Киіз үйдің сүйегі мен есігі, босағасы, керегесі ағаштан жасалған. Киіз үйдің сүйегіне әдетте ою салынбаған, ал есік пен жиналмалы босағаларға ою ойылып, олар түрлі бояулармен әшекейленіп отырған. Кейде, әсіресе, салтанатты ордалардың ағаштары сүйекпен, алтын, күміс, мыс-жезбен оюлап безендірілген. Көшпенді өмір салтына қарамастан қазақтардың ағаштан жасалған үй жиһазы болған, мысалы төсек, сандық, адалбақан, кебеже т.с.с. Ағаш сандықтың да, мысалы, азық-түлік, киім-кешек, төсек-орын салатын түр-түрі болған. Сондай-ақ, теңдер мен көрпе-жастық, кілемдер мен төкөмет-сырмақтарды жинайтын жұқаяқтар болған.

Ал бұйымдарынан ағаш табақ, астау, шара, тостаған, қымыз құятын тегене мен әшекейлі ожау, шынықап, келі-келсап, піспек, қасыққа дейін бәрі ағаштан ойылған. Оларға және ою-өрнек салынып, сырланып, немесе сүйек, металлмен өрнектеліп безендірілетін болған. Ағашқа ойылған оюлардың композициясы мен үлгісі де қазақтың халықтық қолданбалы көшпелілік тәрізді қарапайымдылығы және көрнектілігімен ерекшеленеді. Жалпы түс пен орнектердің теңдігі, жекелеген бөліктердің жиі-жиі қайталанып отыруы да қазақтың үлгісі. Солардың арасында ең көбірек кездесетіні – қошқар мүйіз, екі басы тұйықталып келетін пір қайырма, 8 образды белгілер мен шеңберлер, төртбұрыштар, ромбтар, жатырақ формалы пірме орамдар, т.с.с. Ою салынған бұйымдардың әшекейлік шешімі олардың үлкен-кішілі көлеміне қарамастан, оюдың жекелеген бөліктері мен элементтерінің бәрі жалпы сәнінің жарасым тұтастығына бағынған.

Қазақ оюшылары оюдың түрлі тәсілдерін меңгерген, тесіп ою, бедерлеп ою, жанап қырлап ою, жалпақ ою, т.с.с. Кейде олар оюдың негізгі жүйелерін қосымша өңдеп отырған. Орта Азия халықтарынан, әсіресе, қырғыздардан ерекшелігі, қазақтар ою үстіне металл жапсырып, не сүйек салып безендірген.

Металл жапсырмаларын көбіне сандықтар, кебеже мен қобдишаларға, қымыз құятын тегенелер мен тостаған, әшекейлі ожауларға, киім ілетін адалбақан, не ат әбзелдерін ілетін ілгешектерге қолданған. Ал ою үстіне сүйекпен өрнектеу төсек пен есік, жұқаяқтарға, кейде ағаш ердің алдыңғы жағына орналастырған. Сүйекшілер қажетті оюды алдымен сүйектен кесіп, содан соң оны құрастырып, безендіретін бұйымның үстіне түймебас күміс шегемен жапсыратын болған. Ағаштың ою салынатын беті алдын-ала арнайы өңдеуден өтеді, оған салынған оюдың өзі кірігіп

жапсырылатын металл кесіндісінің қалыңдығына қарай ұңғыланады. Соның нәтижесінде ою үстіне жапсырылған металл мен ағаштың беті бедерсіз, біркелкі жазық болып келеді. Қазақ шеберлері көбіне қаптамалы өрнектеуді қолданған, мұнда бұйымның бетіне оюланған сүйек тұтастай жапсырылып, қапталады. Ондағы сүйектен ойылған әрбір өрнек жеке-жеке орналасқанда текемет-сырмаққа салынған оюдың композициясындай жалпы жарасым тауып, бір-бірімен әдемі үйлеседі. Аса қымбат бағалы дүниелерді жасағанда сүйекке алтын-күміс жапсырмаларын қосып безендіретін болған. Сүйекші шеберлердің еңбегі өте жоғары бағаланған. Сондықтан сүйектен ойылған әдемі жиһаздар көбіне дәулетті адамдардың төріне көрік берген.

Қазақ шеберлері қайыңның қатты безінен қымыз ішетін тостаған, саптаяқтар ойған. Қымыз құятын ожаулардың өзі де әр алуан қалыпта жасалған. Салтанатқа ұсталатын ыдыс-аяқтарға күмістелген өрнектермен қоса ірі асыл тастар салынып зерленетін болған.

Қымыз құятын үлкен шаралар мен ет тартатын табақтар әдетте әшекейленбеген. Оның тек сирек қолданылатын кейбір түрлері ғана томпақ бедерлі, немесе түймебасты күміс шегелермен әшекейленген. Күмістің өзі кейде қарайтылып, безендірілген.

Ою салынған дүниелермен қатар станокта жонылған ыдыс-аяқтар кеңінен қолданылған. Оларға әдетте әшекей, ою салынбайтын болған. Ағаштан түйін түйіп, ою ойған қазақ шеберлері қолөнер туындыларының ең басты құндылығы олардың алуан түрлі ою өрнек үлгілерін кеңінен қолдану арқылы сол көркем шығармаларында көшпенділер өмір-тірлігінің мәні, дүниенің жұмбақ сырлы жаратылысы жөнінде ой түйген халық түйсігін поэтикалық тұрғыда тұлғаландырып отырғандығында.

Бұл көркем туындылар жанды дүниенің суретін бейнемелеу жөніндегі исламның қатаң қағидасы шеберлердің шығармашылық еркіндігіне шек қойып, оларды бейнелеу өнеріндегі шарттылық пен схематизмге мәжбүр еткендігінің сөзсіз айғағы. Алайда халықтық хас шеберлер тапсырыс берушілердің қалауына орай, әрі қолдағы материалдарға икемделіп, белгілі бір қалыппен шектелген ою-өрнек өнерінің өзінде де дүние, тіршілік туралы өз тұжырымдарын төтенше қолтанбаларымен қалдырды. Тіпті өздеріне ғана тән, өзгелер қайталай алмайтын орнаментация жүйесін жасады.

Табиғаттың бай қазынасы: темір, ағаш, бас, балшық, тері, жүн, аң мүйіздерін ата бабаларымыз кеңінен игерді. Өз істеріне жаратты. Тек, пайдаланып қоймай, жасаған бұйымдарына әр түрлі көркем әшекейлер мен оюлар, адамдар мен жануарлардың бейнелерін әсем безендіріп, өрнектей білді. Сол замандардан бастап, қазақ халқының тамаша көркем қолөнер дәстүрі қалыптасты. Өкініштісі, қазақ халқының бай қолөнерінің көбі бізге жетпеді. Олар біртіндеп ұмытыла бастады. Мақтаулы, құнды

бұйымдар жасаған қолөнер шеберлерінің тәжірбиелері өздерімен бірге жоғалып отырды. Қазір қарапайым тігіншілердің өзі саусақпен санарлық. Үлгісі кейінге жете бермейді.

Қазақ халқының көне дәуірден өшпес болып, ұрпақтан ұрпаққа, әкеден, балаға сабақтасып, өзіндік тарихымен, әдет, ғұрпымен, сәндік, көркемдік жолымен, кәсіптенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген – қолөнері.

Қолөнердің халықтың әлеуметтік, салт, тұрмысында алатын орыны қаншалықты биік, жоғары екеніне сене алсақ, оның ішіндегі тігіншілікті нақылшына келтіріп, әсемдік пен әдемілік дүниесінің ауқымын кеңейткен еді, өрнек. Олай болса, бұл бөлімде айтылғанымыз: өткен өмірімізбен бірге өшпей мұра болып, материалдық мүліктерімізбен қатарласып, сабақтасып келе жатқан тігіншілік турасында болмақ.

Тігіншілік өнердің таралуы – қолөнер, тұрмыстық заттардың шығуымен, өркендеуімен тығыз байланысты. Бұл олардың ішінен орын ала береді. Олардың даму сатысына халықтың әлеуметтік сана сезімінің, болмыс тіршілігінің, жаңданып, мәдениетінің өсіп, тұрмыс жағдайларының жақсаруына да әсері болды.

Сонымен қатар, тігіншілік өнердің өркендеуіне ата бабаларымыздың сенімдік, талап-маңыздық дүниесі, қоршаған табиғат аясы, өскен ұясы, туған жердің қасиетті топырағы мен толағай тауларының құлпырған бояуы мен түрі, шикілік байлықтары да көп ықпал етті. Әр халыққа, әр ұлтқа тән тігу мәнері мен үлгілер дәстүр алды. Пішу, үлгі алу және басқа материалдарға көшіріп әсемдеу жолдары дамыды. Киімге, кілемге, сырмақ пен текеметке деген тігіншілік қолқарас пен тігу түрлері қиыптасты.

Соның бірімен киім тігіп, жүнін де пайдалана білді. Басында жүннен төселіп, көрселері болса, келе, келе жүннен арқан мен жіп жасауды, одан өзіне қажетті киімдерді жасуды үйренді. Осынау табиғи жүндерді қолдана бергені халықтың жүннен түрлі қолөнер бұйымдарын жасауын туындатты. Соның бірі киіз еді. Киіз арқалы текемет, қазақ үйінің киіз бөліктері, туырлық, ізік, түтілік, баулар, басқұрды есуді үйренді. Міне, осыдан кейін ғана өнер заттарына кірісті. Сырмақ, кілем, түскиіздер қымбатты, бағасы жоқ өнер туындылары болып есептелінеді. Олар ғасырлар бойы тәжірбиелерден туған, ұрпақтан, ұрпаққа жалғасқан көшпенділердің дала кеңістігіндегі көрмесінен өткен шығармалар еді.

Қазақ тігіншілік өнері – бай, классикалық негіздегі іргелі өнер.

Қазақстанда дін иелері бірнеше ғасырлар бойы бейнелеу өнеріне тиым салып келгені мәлім. Бұл тігіншілікке де әсер етті. Тек, олар мен өрнектер арқылы кестелеп тігуге тиым салынған жоқ. Он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы ғасырдың басында халықтың таланаттылығы да, өнердің осы бір қиялға бай шеберлігі мол саласынан көрінеді. Өзінің

талай тайпалардан құралған, ата, бабаларының ғасырлар бойығы дәстүрлерін бойына жиған қазақ халқы өз заңдығына, өз талғамына сай күнбе күнгі тұрмыста қажетті бұйымдарды өндіруді өрістеткен. Бұл бұйымдар алғашқы кездерде рудың, елдің, үй ішінің керегіне жараса, кейінірек, сауда алмасу қажеттілігі үшін өндіріліп отырды.

Көпшелі және жартылай көпшелі тұрмыс жағдайында негізінде мал шаруашылығы өнімдерін өндеумен байланысты өнерлердің мағызы зор болды. Мысалы, әйелдер қой жүнінен жіп иірген. Ол жіптен өрмек тоқып, шекпен, шалбар сыяқты сырт киімдер, қаршық, қоржын, киіз үйдің түрлі бауларын дайындаған. Қой жүнінен үйге жабатын түрлі түсті киіздер басылу дәстүрге енген.

Киізді оюлап, түрлі текеметтер басты. Шидем, бас киім, аяқ киім секілді кейбір киімдер, тоқым секілді заттар дайындалды. Теріден саба, торсық секілді ыдыстар, аяқ киім, белбеу істелді. Сүйектен де әр түрлі нәрселер жасалды. Сүйек сәндікке, түрлі бұйымдарды нақыштауға пайдаланды.

Қазақтың халық шеберлері жасаған, үлкен талғаммен өрнектеліп істелген бұйымдарды зерттеудің, олардың нұсқаларын жариялап, отырудың ғылыми маңызы зор. Өйткені, бұл қазақ халқының этногенезісінің аса маңызды тың мәселелерін шешуге, оның ұлттық дәстүрлері мен өзгешеліктерін, тайпалар арасындағы айырмашылықтар мен өзара ықпалдарын анықтауға, сол секілді басқа халықтармен байланысын байқауға көмектеседі.

Бүгінгі таңда біздің қолымызда жәдігер ретінде сақталған киізден жасалған әр түрлі бұйымдар бар. Соның ішінде сырмақ, текемет, тұскиіздің алуан түрлері, айшықтап кесте тіккен қоржын, әбдіре, сандық тыстары бар. Үй тұрмысында қолданылатын айна қап, аяқ қап, кереге қап секілді заттар кездеседі. Оюлар киіз басу тек қазақтың ғана еншісіне тиетін өнер емес. Мал шаруашылығымен айналысатын басқа да көпшелі елдерге тән, ортақ нәрсе. Киіз басумен еліміздің барлық бөлігінің тұрғындары айналысқан. Бір қызық жері пайдаланатын зат біреу, ол, жүн. Ал, осыдан жасалған киіздердің әр жүзге, әр руға тән өзіндік ерекшеліктерін анық байқауға болады. Өзгешеліктері киіздің жасалуында емес, безендірілуінде. Бірін бірі қайталамас өрнектерінде.

Қайсібірінің аты жөні де белгісіз, бірақ іші мәшһүр талантты халық шеберлерінің затына таңдай қақпай қарай алмайсыз. Шебердің қолданар орынына қарай сырмақ па, текемет пе, тұскиіз бе... сәндік әшекейді таңдап, оны бүгінгі ұрпақтың зор бағасына лайық, көркемдіктің ең бір жоғарғы сатысына дейін көтеріп, безендіре білгені бізді ғажап таң қалдырудан талмай келеді. Көріп көңіл толтырар мұралар бір күннің, бір жылдың емес, ғасырлар бойға халық мәдениетінің өнердің көрнісі. Мұнда әр түрлі ұрпақтың үлесі бар.

Көлемі жағынан киіз үйге тұтастай дерлік төсеуге жететін төсеніш киіздің бір түрі – текемет.

Текемет – көлеміне қарай ірілі, уақты сәнді әшекей өрнектері болады. Әлбетте, өрнекті киіздің негізгі түрін ашатын басқа бір айшықты суретпен салады. Өрнекті басқа түсті жіптен созып салады. Өрнектің көріктілігі халық шеберлігінің ой, қиялына, суреткерліген байланысты әр жерде әр түрлі. Оюларды түсіріп балған соң киіз басуды әрі қарай жалғайды. Пісіре келген өрнектік жүндер киізбен бірігіп, белгілі бір нақтылығын, түзулігін жойып, әсем бір суретке айналады. Жоғарыда айтылғандай өрнектер, белеңдірудің бұл түрлері тәжік, қырғыз, әсіресе өзбек көркемөнерінде кәсір де бар. Қатарлап тартылған әр түрлі жолақтар текеметке айшықты өң беретін болған.

Сырмақ – әр түрлі киізден ойылып жасалатын киіздің бір түрі. Сырмақ басу негізінде Орта жүзде арғын, керей, батыста қыпшақ руларында көп тараған.

Сырмақ жасудың атадан балаға таралып, дәстүр болып келе жатқан өңіндік салты бар. Әр ұрпақ өкілдері өздерінің жаңалықтары мен соны элементтерімен сырмақ сыру өнерін толықтырып, байытып отырған. Текеметті емес, сырмақ даярлауда алдын ала өлшеніп, нақты белгіленген үлгілері болады. Оюлар қатаң тәртіппен орналастырады. Сырмақтың ақ киізі бір бөлек, қара киізі бір бөлек басылып, екеуін беттестіріп, үстіне ою үлгілерін салып, бормен сызып үлгілейді. Бор орнына бұрындары тұз бен көмір, сабын қосып қайнатып, бор тектес зат дайындайтын болған. Ақ және қара түсті екі киізді бірден ойып, үлгілеп алатын болған. Сосын ойылған оюдың ағын қарасына шартып, қиюластырып тігеді. Құрастырылған оюды сол қаныппен тұтас үшкен киізге жапсырады. Оюлардың құрастырылуы жерінің, тігістің үстін бастыра жиек басады. Жиектің жіптің шірілу де, қабатталуы да басқаша және оның түсі, бояуы да айырмай тұратын ашық түсті болады. Текеметтей емес, сырмақ мықты келеді. Кейбір сырмақтарды жарты ғасырдан артық төсеуге жарайды. Жоғарыда айтылғандай оюларды құрастырып, үстінен басып тігу біткен соң оюларды тұтастай сырады. Ақ киіздің үстінен ақ жіппен, қара киіздің үстінен қара жіппен ұсақ етіп, түгелдей тігіп шығады. Сырмақ сонда шымыр да, қатты болады. Оның төзімділігі де осында болса керек.

Қазақтар сырмақты қойдың табиғи, ақ не қара, қоңыр, боз, көңілді жүндерінен қарама қарсы деген екі түрін алып, оюлап жасайтын болған. Бертін келе бұл дәстүр бұзылып, Жетісу бойында сырмақтың киізі ашық түсті бояуға боялып оюланатын болды.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары шамасында сырмақты түсті киізден оюлау Шығыс Қазақстан өлкесінде белең алды. Қазақ сырмақтары бояулары бір бірімен үйлесімді, оюларының жатықтығымен ерекше көз тартады. Ақ пен қара оюдың қосылар тұсына қызыл жиек жүргізу де

оюыда нәзіктендіре түседі. Жоғарыда жазылғандай, түрлі түске боялған киізден сырмақ сыру дәстүрі мен оюлар ұқсастығы қырғыз халқында бар. Ол қырғыз бен қыпшақтың аралас қонып отыруынан болар. Түрлі түсті киізден белгілі бір жүйеге келтіріп, құрап, оюлап түскиіз тігу дәстүрі де қазақта кеңінен қолданылған. Бертін келе киіз орынына мауыт, шұға, мақпал, баркыт пайдаланылды. Киізден құрап үй тұрмысына қажетті аяққа, ыдыс аяқ салатын қоржын, сандық қап, жастық қап, айна қап секілді бұйымдарды да қолдан әшекейлеп тігетін болды. Әр түрлі жіптен кестелеп тігетін өрнек басу дәл қазіргі кезеңде де халық көркемөнер шығармашылығының негізгі бір дамыған саласы болып есептелді. Қазақ қонақжай халық болғандықтан арнаулы бірбөлек қонақ үй болады. Оның жасау, жабдығы да күнделікті қолданылып жүргендей емес, өте сәндікпен безендірілген бұйымдар тұтылады.

Тұсқа айшықты түскиіз ілініп, төрге оюлы текемет төселеді. Оюлы текемет коздің жауын алардай айшықты өрнекпен өрнектеліп, әр түрлі шашақпен өте әсем безендірумен ерекшеленетін киіз бұйымдарының ішіндегі ең бір бағалы жасау. Оюлы текемет те өте сыйлы қонақтардың құрметіне ғана ұсталатын болған. Көбіне оюлы текеметті қызға жасау ретінде дайындайды. Мерекеге, тойға біртөселер төсеніш киіздер шаңқан ақ киізден басылып, өрнектері ашық түске, қызыл, көк түске малынған киізден тігілетін болды. Кейіннен өрнекті жібек немесе шұға тәрізді кездемелерден айшықты етіп басқан. Мұндай текеметтер өрнектерінің ерекше нәзіктілігімен, көз тартарлықтай әсемдігімен ерекше назар аударарлық болған.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бергі жасалған бұйымдарда жаңа бір сипат көріне бастайды. Біз бұл жерден қазақ тігіншілік өнерінің де белең алғанын байқай аламыз. Ол Қазақстанның Ресей еліне қосылуына байланысты қазақ тіршілігіне фабрика кездемелерінің ене бастағаны. Күнделікті тұрмысқа қажетті заттар үшін киіз басып, одан жасау, жабдық дайындаудан гөрі дайын кездеменің жеңіл екенін жұрт айтырлықтай түсінді. Осы тұстағы жәдігерлер туралы айтсақ, музейлерде мақпал мен шұғадан жасалынған түскиізден көптеп ұшырасады. Сондай ақ жоғарыда аталған маталар мен киізді айшықтап безендіру де кеңінен тараған. Әлбетте, қазақта ыдыс, аяқ, табақ сақтайтын қазіргідей ағаш бұйым болмағанмен, діл сол кездің тұрмысына лайық аяқ қаптары өзіндік қызметімен қазіргіден еш кем түспейтінін көре аламыз. Сонымен бірге, әбдіре, сандық тыстары да бұйымды қорғау, сақтау ниетімен тігілгенімен, оның киіз үйдің ішін жабдықтап, безендіруде қосылар жасау екенін есте ұстаған жөн. Өйткені, олардың көркем ою, өрнегі киіз үйдің ішкі бояуларымен үндестік тауып, тұтасып жатады.

Отбасының қарапайым мүлкінің көркем өрнектелуіне қарап, тап сол жихаздың иесін, оның жинақы бейнесін кестенің сыршыл түйінен

аңғаруға болады. Аяқ қап атқарар міндеті бірдей болғанмен, формасы, сыртқы пішіні, көркемдік көрнісі еліміздің әр өлкесінде ір түрлі болды. Кейбіреулері төрт текше, қайсібірі доғал болып келеді. Ал, оған әр түрлі қиықтан құралып жапсырылған ою аяққаптың өн бойына, көлеміне өте иік, жеңіл сипат алады. Сырмақ, текеметке қолданылатын күрделі оюдың мұнда кейбір ғана элементтері пайдаланады. Әрине, жүннен күнделікті тұрмыс қажетіне жарамды бұйым дайындауды тек қазақ табиғатына ғана тән нәрсе деуден аулақпыз. Соның ішінде қырғыздарға да ортақ екенін олардың тігіншілік өнерінен айқын көре аламыз.

Ал, осылардың, Алтайдағы Скифтер ұрпағының обаяқорғандарынан табылған киіз бұйымдарымен белгілі бір дәрежеде ұқсастық, генетикалық, туыстық мән табуы бізді еш таңқалдырмайды. Алтайлық скиф тайпалары да киізді бетендіріп, түрлі заттар жасауда қазақтар қолданған әдіс, тәсілді қолданған. Әр түрлі киізді оюластыру, бірнеше кездеме қиықтарынан тұрған, Құран өрнектеу, ою шетін әр түрлі жіппен жиектеу оларда да кездеседі. Ал, қолданар әдіс ортақ болғанымен, дайындалар зат, пайдаланар орын әр басқа.

Ауқатты үйлерде тұрмыс жағдайы көтеретіндер түскиізді қымбат матадан, оның ішінде жұқа үлбіретін жібектен, бағалы шүғадан, қамқадан жасайтын болған. Осындай бағалы матадан тігілетін түскиізді әр түрлі жібек жіптермен әліптеп кестелейді де, қалың киізге жапсырып тігеді. Киіз мұнда астар ретінде пайдаланады. Ол көбіне керегеден жел, суық өткізбейтін қасиетін ескергендігінен болар.

Бертінірек, он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бері қазақ жеріне де түрлі кездемелер тарай бастағанда астарға киіз ретінде қалың мата маталар қолданылды. Бірақ, түскиіз сол «түскиіз» деген атауын сақтап қалды.

Түскиіз жасайтын қазақ ісмерлерінің кесте тігу мәнері де жалпы Орта Азия шеберлері қолданар тамбур тігісі болғанымен, өзіндік ерекшелікке бай, соңғы уақытта баспа, оқалап зер салып тігу кең қолданылады. Әлбетте, оқамен зерлеп, тек киім кешекті ғана сәндеген. Кейде бұл әдісті қымбат деген түскиізге пайдаланған. Осы тұста тамбур тәсілдері кесте туралы бірер сөз тарта кетсек: Ол жалпыхалықтық тілде «біз кесте» деп аталады. Гүлшоғының үлгісін сырттай, жағалай шалып тігіп бейнелеген соң оның ішіне жаппай бізбен қатарлап, тігіс түсіріп, жапырақ бейнесін тігіспен бояп шығады. Сәнді көріну үшін кейде жапырақ ішін әр түрлі жіппен шалады. Ал, қара макпал үстіне алтын түсті өрнекті зерлеп басқан. Ал, өрнектің орналасу тәсілі бір бірімен тұтас оюлар емес, жекелеген әдемі гүл шоқтарынан тұратын еді. Қара макпалға тігілген алтын зерлі кесте айшықты өң береді. Түскиіз шеті қымбат аң терісінен жұрындайтын да сәнді тұстары болды. Мұндай бағалы түскиіздер қызға жасау ретінде немесе жаңа түскен келінге енші беру кезінде арнайы тапсырыспен

жасалды. Отау үйдің көркі болатын мұндай жасаудың атқарар тағы бір міндетті бар. Ол жас келінді тіл мен көзден, жат пиғылдан қорғайды деген халық сенімінен туындаған. Осындай қорғаушы міндетті атқарар халық ұғымындағы тағы да бір қасиетті зат үкі. Қазақтар үкіні ырымдап, қыз бұрымына, сәукелеге, жаңа туған сәбидің бесігі мен жас келіннің шымылдык, тұскизіне қадаған. Үкі он тоңызыншы ғасыдың соңында жасалған тұскиізден де кездеседі. Басқұр, алаша, тақыр кілем, түкті кілем секілді қолөнер бұйымдарының баршасының негізі бар. Бәрі де өрмек тоқуға негізделген. Ал, оның көркемдік жағынан байыту, мәнерлеп өрнектеу әр тұста айшықты бояу қолдану әр заттың сипатына, тоқушының өр қиялына, іскерлігіне байланысты әр жерде әр түрлі.

Басқұр мен киіз бау үйдің керегесі мен уығының біріккен жерін жасыру мақсатымен жасалады. Ол екіншіден, сәндік жихаз есебімен де саналады. Сондықтан, оны термелеп, өрнек салып, әсемдеп тоқиды. Басқұрға өрнек тоқу кезінде салынып отырады. Ол үшін өрнектің тақтасының екі бетіне әр түрлі айшықты өң беретін сәнді жіптер жүргізіледі. Тоқу кезінде осы жіптерді жұптап іліп алып, белгілі бір өрнек салып отырады. Бірнеше құлаш басқұрды теңдеп етіп бөліп, қатарынан құраса, әдемі терме алаша болып шығады. Көбіне, өрнектің көз тартар жағын қарастырып, тақтаның бір бетіне қызыл, бір бетіне көк жіп жүгіртеді. Сонда қызыл түсті көк, көк түс үстіне қызыл өрнек орын алады. Мұндай қарапайым әдісті пайдаланғанда өрнек те бір сарынды, екі түстің қайталануынан ғана жасалынып отырады. Мұндай тоқыма, алаша бұйымдар күнделікті тұрмыста көп қолданылып жүр.

Бізді қатты қызықтырады: тұскиіздің жаппай кестеленіп, айшықты өрнектелуі. Әлбетте, қазақ әйелдерінің киім кешек, кимешек, жастық тысын, шымылдық сүлгі сыяқты шағын мүлікті баспалап, кестелеп тіккенін білеміз. Ал, тұскиізді жаппай кестемен безендіру – өнердің өнерін қажет етер нәрсе. Өрнектердің мүлтіксіз дәлме дәл орналасуы, қайталануы, тігілуі ғажап ақ. Қазақ тұскиіздері мен қырғыздарда да кездесетін тұскиіздер түрі кездемесі, өрнегі оюларының орналасуы, біз кестесі бір біріне өте жақын. Осылай бола тұра қазақ кестелерінің өзіне тән ерекшеліктері тағы бар. Ол – мың бұралған шиырлы, өсімдік тектес өрнегі, салтанатты мәнері, ашық түсті кесте жіптері, оқалы зерлі жиегі.

Қырғыз халқының тұскиіздерінде қолданылатын безендірудің бір түрі матадан тұскиіздің ұзын бойын бойлай салынатын үшбұрыштар қазақ шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдарда кездеспейді. Мұндай тұскиізді тек Жетісу жерінен бірді, екілі ғана көруге болады. Ол да қырғыздармен іргелес отырған оңтүстік аудандарда ішінара ғана ұшырасады.

Қазақ халқы теріден, үй тұрмыс тіршілігіне, шаруашылық қажетіне жарайтын әр түрлі, ер кісінің сыртқы киімдері, ер тұрман, қамыт сайман,

айыл әбзелдерін, азық түлік қаптарын, сұйық сақтайтын ыдыстарын жасаған. Әсіресе, көнек торсықтар өзіне лайық үлгілермен безендірілген.

Халық шеберлері табиғаттың мол байлығын өздерінің күнделікті тұрмысына жаратуға бойұсына бастағанын ертеден ақ білеміз. Соған кереге тұтылар киізді шимен ауыстарғаны қарапайым ғана мысал бола ашды. Даланың шиін өріп, тоқып кәдеге жарату қиын да, күрделі жұмыс болғанымен, оны көркемдеп, мәнерлеп, әдемі кілем іспетті дүние ету оңай іс емес. Шиге салынар өрнек киіз бұйымдарына салынар мәндердей күрделі болмағанымен, бояуының ашық, өрнек оюларының анық, айшықтылығы көрушіге жақсы әсер берері сөзсіз. Шиді кереге мен киіз аралығына құрады. Жаздың ыстық күндері киіз үйдің керегесін түріп тастап, тек иімен ғана жауып қояды. Шиден ауа жаұсы өтетіндіктен, үйдәгілерге даладан салқын леп соғуына мүмкіндік береді. Сондай ақ шиді қазақ, ошақ жаққа да пайдаланған.

Қазақ халқының атадан балаға таралып келе жатқан өнері – зергерлік. Металдан түрлі әшекей бұйымдарын дайындауда қазақ шеберлері көп жақын үлгілер қолданып кетті. Халық таланттары – зергерлер металды әшекей бұйымдарына айналдыруда өте биік талғаммен қарап, қолданылар орнына қарай өзіндік нақыштарды таба білді.

Өбездердің түрлі жүзік, білезік, алқа, сырға, шолпы секілді сәндік әшекейлерімен қатар белбеу, алтын айыл, әбзелдері, төсек, әбдіре сынды үй мүліктері бәрі, бәрі алтын, күміс сүйекпен нақышталып, өрнектеліп, безендірілді. Соның ішінде әсіресе, күміс көп қолданылған. Талғамы биік, қалың таланттары күмістің қасиетін ескере отырып, орынын тауып қолдана білді. Қазақ зергерлерінің қолынан шыққан заттар қарапайым да өзінің өзгелері мен нақыштарының ашық, байсалды да, байыпты өрнектелуімен ерекшеленеді. Оларға, әсіресе, қызыл, арзанқол әшекей мен әлем, жәлем болу жат. Күмісті көркемдік құралына айналдыруда зергерлер пайдаланар жеріне қарай нақыштау, бедерлеу, қалып арқылы дайындау, ойып күміс орнату, күміске ақық тас орнату, қарайту секілді түрлі әдіс тәсілдер қолданылған.

Бүгінгі әшекей бұйымдарында кездеспейтін зергерлік көркем заттың бірі – құдағи жүзік. Бізге жеткен жәдігерлер арасында Адай руының зергерлері соққан неше түрлі бағалы жүзіктер бар. Ал, осындай құдағи жүзік Қазақстанның барлық жерінде бола бермеген. Құдағи жүзіктің атқарар міндеті, ерекше белгісі болған. Ол өте үлкен сый құрметтігі, әлтипаттың айғағындай. Бұндай жүзіктің соғылуы да ерекше. Жүзік екі саусаққа қатар киілер, екі шеңберден тұрады. Оның көмкерілу де, ақық тастары да бағалы болған. Мұндай жүзіктер қазір сирек кездеседі. Ертеректе қолданғанда оның өзінің мәнісі болды. Мұндай жүзікті қалыңдықтың шешесі күйеу жігіттің шешесіне сыйлар еді. Екі жүзікті біріктірілуі жаңадан отау тіккен екі жастың ендігі жерде осы жүзіктей

қатар баянды өмір сүруін тілейтіндей. Сондықтан да, бұл жүзік – құдағи жүзік деп аталады.

Әйелдер тағар әшекейдің бірі – сырға. Халық таланттылары қалдырған алуан үлгілері бар. Олар да таза алтын. Күмістен соғылып, әр түрлі нақышталып, гаухар, ақық тас орнатылып безендірілген. Оның қайсыбіреулері иыққа дейін түсіп тұрады. Ал, мұндай ауыр сырғаларды құлақтың артына, бұрымға тағып қоятын болған.

Қазақ халқының ерте ғасырдан келе жатқан өзіндік көркем өнерінің тағы бір түрі сүйектен ойып, бедерлеп, өрнек түсіру. Қазақ даласынан табылған көне байлықтар, әшекейлі сәндікбұйымдар, аттың айыл, тұрман әбзелдері, тіпті тас дәуірінің соңғы кезеңінің мүліктері екенін білдіреді. Одан халқымыздың ою, өрнек өнерінің тамырының тереңінен алынатын, сүйектен өрнектеп, әшекейлеп бұйым жасаудың өте ертеден ақ келе жатқанын дәлелдейді. Сүйектен ойып өрнек салушыларды қазақтар «шебер» деп атаған. Шеберлердің есімі көпке әйгілі болып, қалаған заттарын жасатуға, жұрт күншілік жерлерден келіп жататын көрінеді. Сүйек пен ағаш бұйымдарының бетін, аттың қамыт, сайман, ер тұрманын, музыкалық аспаптарды безендіреді. Халық арасында сүйектен бұйым жасайтын шеберлердің жұмысы аса зор қолданысқа ие болған. Сүйекпен өрнектелген ағаш бұйымдары өте ауқатты үйлерден ғана кездесті. Ал, оның есесіне, ағаштан ойып, шебер көркемделіп істелетін нақыштар күнделікті үй, тұрмысы бұйымдарында, қазақ жерінің барлық бөлігінде дерлік ұшырасады. Ағаштан ою жасау, яғни, ағаштан түйме тую де халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрі өнерінің бірі. Тіпті, киіз үйдің ағаш бұйымдарының бәрі жерлік үйдің сәндік жихаздарына сай көркемделген десек артық айтқандық емес. Ағашқа оюлар оюдың көркемдік мәнері үйге көрік берерліктей нәзік нақышталған. Басқа да бұйымдардағы ою, өрнектің түр түсі жағынан ұқсас, тіпті, толықтырып тұрушы әсем де, сәнді келеді. Ағаштан ою оятын шеберлерді халық «ағаш ұстасы» деп атайды. Халық арасынан шыққан сүйектен бұйым жасайтын шеберлер де, ағаш ұсталары да ер адамдар болған. Ағаштан ойылар оюдың да әдіс, тәсілдеріне байланысты түрлері болған. Халық шеберлері ағаштан ойып әр түрлі ыдыстар да дайындайтын. Астау, тостаған, ожаулардың алуан түрлерін жасаған. Соның бірі қайыңнан ойылып істелген қымыз ішетін тостак.

Қазақ халқының ою өрнек өнері ерекше бай, оның ашық та, анық бояулары, салтанатты, сәнді оюлары ерекше көз тартады. Айшықты сырмақ, текеметтері, мәнерлі өрнекті ағаш төсек, сандықтары, әр түрлі тақтадан тұратын алашалары, түскиіздерінің бояулары мен өрнектері үйлесіп, үндестік туып, бояулар симфониясын құрайды.

Талай ғасырлар бойы даламен сырласып, көшіп, қонып жүрген халық табиғаттан сұлулық тани біліп, бояуларды табиғатпен астастыра

қолданды. Ақ отаудың киізіне басылған қызыл ою халқымыздың ақжарқын бейнесіндей, сәнді де, көңілді рай танытады. Аты беймәлім көптеген халық шеберлерінің қолтаңбалары ғасырдан ғасырға мұра болып таралып келеді. Оны әрбір ұрпақ өкілдері көркемдік жағынан қолданылар орынына, формасына қарай сәндік бояудың, әшекей мен ою, өрнектің соны үлгілерімен байытып отыр.

Бақылау сұрақтары

1. Қаңқа оюы қандай бұйымдарда қолданылады?
2. Уй жиһаздарын, киім кешектерді алғаш тіге бастаған ғасыр.
3. Бұғының пақты бейнесін ою ретінде қолданғандар?
4. Қазықтардың ағашты өңдеп, пайдалануы немен байланысты болған?
5. Қайыңның қатты безінен ойылып жасалынған заттар.
6. Көлемі жағынан тұтастай киіз уйге жететін төсеніш киіздің бір түрі.
7. Екі сәусеққа қатар киелетін, екі шеңберден тұратын жүзік атауы?
8. Қазақ халқы үшін қызыл ою не мағынаны білдірген?
9. Бисқұр мен киіз бау қандай мақсатта жасалынған?
10. Қазақ тігіншілік өнері қай негіздегі өнер?

Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Түркі кілем тоқу өнерінің тарихы // "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті хабаршысы" – Қызылорда. 2003 ж. 241-243 б.

2. Түрік тікпәр кілем тарихы // "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті хабаршысы" – Қызылорда. 2003 ж. 104-107 б.

3. Gökşen Kılımleri. "TC.Atatürk Üniversitesi Güzel Sanatlar Enstitüsü" – Erzurum. 14 . 2005. sayfa.103–109

4. Кілем өнері арқылы оқушыларға тәрбие беруге студенттерді дайындау жүйесі // "Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық интеграциялық байланыстарын жаңғырту атты Орта Азия елдерінің екінші Түркістан интеграциялық форумы" – Түркістан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ – Түрік университеті 2006 . 30-33 б.

5. Кілем өнерінің өнертанымдық негіздері // "Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық интеграциялық байланыстарын жаңғырту атты Орта Азия елдерінің екінші түркістан интеграциялық форумы" – Түркістан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ – Түрік университеті 2006 . 33-35 б.

6. Қазақ кілемінің көркемдік ерекшеліктері // "Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық интеграциялық байланыстарын жаңғырту атты Орта Азия елдерінің екінші түркістан интеграциялық форумы" –Түркістан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ –Түрік университеті 2006 . 7–9 б.

7. Kazak Halı Kilimlerinin Sanatsal Özellikleri // "Türk Dünyası Aylık Fikir Kültür Araştırma Dergisi Yüce Ereğ" –Ankara. 37. 2006. sayfa.24–26

8. Kazak Türklerinin El Sanatı Zenginliğı // "Türk Dünyası Aylık Fikir Kültür Araştırma Dergisi Yüce Ereğ" –Ankara. 38. 2006.sayfa.18–20

9. Түрік әлеміндегі қалы кілем үлгілері және оқыту әдістері // Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ –Түрік университеті –Кентау

ГЛОССАРИЙ

Жадағай – сырт киімнің өте қарапайым түрі. Бұл негізінен көшпелі қоғамда шаруалардың киімі боп танылған.

Жарғақ шалбар - иленіп, өңделген теріден тігіледі. қызғылт түске боялып, түрлі-түсті өрнек салынады. Бұл сәнді киімді кезінде батырлар, бектер мен билер, сал-серілер салтанатқа киген.

Има – нымша секілді сыртын матамен қарпымай, ішкі астарын мақтамен көмкергенмен, сыртын биязы жүннен тоқыған сырт киімнің жеңіл түрі.

Ішік - сырты матамен тысталып, түрлі аңның терісінен жүнін ішіне қаратып тігілген қысқы сырт киім.

Қалыңдық шапан - қалыңдықтың сырт киімі. Асыл матадан алтын жіппен зер салынып, өрнектеліп тігіледі. Етегіне өсімдік тектес өрнектер кестеленеді.

Қамқатон – екі түрлі жолмен тігіледі. Оның бірі қамқа деп аталатын жылтыр қамқа жүнді, аңның терісінен түгін сыртына қаратып тігіледі. Екіншісі алтын күміс жіптерден, зерден тоқыған матадан тігіледі. Бұл тоннан екеуі де аса бағалы.

Қамзол – көбірек сыртынан киілетін киім *Қамқатон* – екі түрлі жолмен тігіледі. Оның бірі қамқа деп аталатын жылтыр қамқа жүнді, аңның терісінен түгін сыртына қаратып тігіледі. Екіншісі алтын күміс жіптерден, зерден тоқыған матадан тігіледі. Бұл тонның екеуі де аса бағалы.

Күпі – матамен тысталып, ішіне түйенің, қойдың жабағы жүні салынып тігілетін сырт киім. Күпі өте жеңіл және жылы болады. Күпі ерлерге де, әйелдерге де, балаларға арналып тігіледі.

Күпі – матамен тысталып, ішіне түйенің, қойдың жабағы жүні салынып тігілетін сырт киім. Күпі өте жеңіл және жылы болады. Күпі ерлерге де, әйелдерге де, балаларға арналып тігіледі.

Күрте – жеңсіз жеңіл киім.

Келепан – көктемде төлдеген қозының күзде қыркып алынған жұмсақ жүнінен иіріп жасаған, балаларға арнап тігілген етексіз, жеңіл сырт киім.

Күйеу киімі – қалыңдық күйеуі болатын жігіттің өзге жігіттерден айшықталып тұруы үшін ғана емес, той сәні үшін де ерекше костюм.

Нымша – өте қарапайым, кез келген қалың матадан ішіне қалың етіп мақта сыру арқылы тігіледі. Жағасыз, етегі қысқа, өңірі түймелі болып келетін шаруа әйелінің киімі. Тұрмыстық қолданысқа байланысты қазақтар нымшаның бірнеше түрін тіккен.

Оқалы немесе зерлі шапан – қымбат матадан жағасы мен өңіріне зер салынып, арқасы мен етек жеңі оқалы жіппен өрнектеліп тігілетін сырт

киім. Арқасына күн тәріздес дөңгелек өрнек, өн бойына өсімдік тектес оюлар салынады. Ертеректе мұндай шапандарды хан – сұлтандар, ауқатты адамдар киетін болған.

Сәукеле – бойжеткен қыздың ұзатылу тойында киетін сәнді бас киім.

Сұр – елтірінің бір түр. Бұл киім негізінен халықтың әлеуметтік жағдайы жоғары, бай тобының еншісіндегі киім саналған. Тіпті, мырза, бағландар елтіріні өңдеу арқылы «алтын сұр» деп аталып сәнге енген киімді таңдаған. Ал, біз сөз етіп отырған сұр киімі толық өңделмеген, қарапайым теріден жасалған жеңсіз, етексіз жеңіл сырт киім.

Тон – қазақтың ұлттық киімдерінің бірі.

Шапан – қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрлі киімі.

Шекпен – тек қана түйенің жүнінен тігілгендіктен бағалы да, қымбат.

ТЕСТТІК ТАПСЫРМАЛАР

1. Бойжеткен қыздың ұзатылу тойында киетін бас киім?

А. Сәукеле

С. Айыр қалтақ

Б. Борік

Д. Жекей тымақ

В. Тымақ

2. Сәукелені той өткен соң жаңа түскен келін қанша уақытқа дейін киіп жүретін болған?

А. бір жыл

С. үш жыл

Б. екі жыл

Д. төрт жыл

В. жарты жыл

3. Сәукеле неше бөліктен тұрады?

А. 5

В. 4

Б. 6

С. 3

Д. 7

4. Сәукеле қандай бөліктен тұрады?

А. Тәж, тобе

Б. Тәж, құлақ бау, артқы бау

В. Құлақ бау, артқы бау, қиық бау, желбезгей

С. Тәж, артқы бау, қиық бау

Д. Тәж, тобе, құлақ бау, артқы бау, қиық бау, желбезгей

5. Қызақтың танымында қыз бала неше жасқа жеткенде ұзатылады?

А. 15 жас

С. 13 жас

Б. 16 жас

Д. 14 жас

В. 18 жас

6. Қазақ байлары арасында қызының сәукелесін қанша жылқыға жасағандары кездескен?

А. 85

С. 75

Б. 100

Д. 60

В. 90

7. Сәукеле қандай асыл тастармен әшекейленеді?

- А. Моншақ, інжу маржан, гауһар*
- Б. Инжу маржан, гауһар, лагыл, жақұт*
- В. Инжу маржан, гауһар*
- С. Моншақ, лагыл, жақұт*
- Д. Гауһар, лагыл, жақұт*

8. Шаштың сәукелеге жалғасқан тұсын асыл тастан көз орнатқан қандай түйреуіштермен бекітеді?

- А. Алтын*
- Б. Күміс*
- В. Алтын, күміс*
- С. Темір*
- Д. Жауап жоқ*

9. Қазақ қызының сәукелесі әдетте неше қарыс болып келеді?

- А. 5, 6*
- Б. 3, 4*
- В. 4, 5*
- С. 6, 7*
- Д. 7, 9*

10. XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Кіші жүздің Байсақал атты байының қызының сәукелесін Кенесары ханының ағасы Саржан төре неше жүз байталға бағалаған?

- А. Бес*
- Б. Алты*
- В. Төрт*
- С. Жеті*
- Д. Үш*

11. Сәукеленің негізгі бөліктері

- А. Тәж, төбе, құлақ бау, артқы бау*
- Б. Тәж, құлақ бау, төбе*
- В. Құлақ бау, артқы бау*
- С. Тәж, төбе*
- Д. Артқы бау, төбе*

12. Е. Жанпейісовтың пікірінше, сәукеле лексемасы неше толық мағыналы сөздің бірігуінен тұрады?

А. 3

С. 4

Б. 1

Д. Жауап жоқ

В. 2

13. Көптің бірі тілімізде қолданыстан шығып қалған мағынасы күшірткен сөздердің бірі

А. Қазіне

С. Байлық

Б. Мүлік

Д. Кебін

В. Жиназ

14. Сәби жүрегіне алғашқы рухани нәр беретін бірден бір қазық

А. Шидехана

С. Сүндет той

Б. Тысау кесер

Д. Ертегілер

В. Бесік жсыры

15. Этнографиялық деректерге қарағанда әйелдер шашын қос өрім етін ұштарына не тағады

А. Шап Бау

С. Шолпы

Б. Қызыл жіп

Д. Дұрыс жауап жоқ

В. Жіп

16. Ойын, тойға киетін киімдер қалай аталады?

А. Иітік

С. Дұрыс жауап жоқ

Б. Сырттық

Д. Камзол

В. Бір киер

17. Қазақтың ертеден келе жатқан және Орта Азия халықтарының дәстүрлі киімдерінің бірі

А. шапан

С. бешпет

Б. камзол

Д. берілген жауаптардың бәр

В. ішік

18. Тек қана түйенің жүнінен тігілгендіктен бағалы да, қымбат киім

А. Шекпен

С. Бешпет

Б. Шапан

Д. Дұрыс жауап жоқ

В. Қамзол

19. Шекпенді қай мезгілде киеді

А. Қыста

В. Көктемде

Б. Жазда

С. Күзде

20. Матамен тысталып, ішіне түйенің, койдың жабағы жүні салынып тігілетін сырт киім

А. шапан

С. шекпен

Б. бешпет

Д. Күпі

В. Қамзол

21. Көйлек сыртынан киетін түрлі киімдер бар болса, ең көп қолданысқа енгені

А. Қамзол

С. Нымша

Б. Бешпет

Д. Шекпен

В. Күрте

22. Сырт киімнің өте қарапайым түрі

А. Шапан

С. Бешпет

Б. Қамзол

Д. Шекпен

В. Жадағай

23. Қазақтың ертеден қалыптасқан және ер адамдардың бас киімінің ел арасынан кең тараған ұлттық бас киімі

А. Бөрік

Б. Тақия

В. Қалтақ

С. Жауап жоқ

Д. Тымақ

24. Ерлердің салқын мезгілде киетін бас киімі

А. Борік

С. Берілген жауаптардың бәрі

Б. Тұмақ

Д. Малақай

В. Қалпақ

25. Егде ейелдер киетін бас киім

А. Кимешек

С. Жауап жоқ

Б. Сәукеле

Д. Малақай

В. Жаулық

26. Жастардың, қыз, келіншектердің киімін тігуде, көбіне екі қалта мен жең салуда қолданылатын тігіс түрі

А. Күрмен тігу

С. Андыздап тігу

Б. Кестелеп тігу

Д. Шымқап тігу

В. Көкпен тігу

27. Көз көлген киімді тігер алдында үлгі алу үшін алдын ала тігу үлгісі

А. Жорғап тігу

С. Шымқап тігу

Б. Андыздап тігу

Д. Кестелеп тігу

В. Көкпен тігу

28. Арасын өте жиі етіп, қылау өтпестей, ине көзіндей саңылау қалдырмастай етіп тігу әдісі

А. Шымқап тігу

С. Кестелеп тігу

Б. Кестелеп тігу

Д. Андыздап тігу

В. Жорғап тігу

29. Дайын киімге қолданылатын тігу әдісі

А. Сырып тігу

С. Шалып тігу

Б. Кестелеп тігу

Д. Андыздап тігу

В. Тарамыстап тігу

30. Көбіне астарына жүн, мақта салып тігілетін және сырт киімдерді тігуде қолданылатын тігіс түрі

А. Шалып тігу

С. Тарамыстан тігу

Б. Жөргеп тігу

Д. Кестелеп тігу

В. Сырып тігу

31. Әдеттегідей матадан, жүннен емес, ешкі терісінің кепкен сірісінен алынатын жіп, және ол аяқ киімдерді тігу тәсілдеріне тән тігіс түрі

А. Тарамыстан тігу

С. Кестелеп тігу

Б. Шалып тігу

Д. Дұрыс жауап жоқ

В. Жөргеп тігу

32. Көрпелік матаның екі бетін бір біріне қиыстарып, ортасына мата салмас бұрын әуелі жиі етіп тігіп алатын және көрпе, төсек тіккенде қолданылатын тігіс түрі

А. Жөргеп тігу

С. Теніш тігу

Б. Шалып тігу

Д. Андыздан тігу

В. Тарамыстан тігу

33. Жамау жапсыруда қолданылатын, дөнгелек, үш бұрыш, төрт бұрышты матаны тесікке немесе жыртыққа жапсырып, сыртынан өте жиі етіп шалмалап тігіп шығарады. Мұндай тігісті қалай атайды

А. Күрмен тігу

С. Кестелеп тігу

Б. Көктеп тігу

Д. Шалып тігу

В. Сырып тігу

34. Өрнектің бір шетінен келесі шетіне дейін жіптерін санай отырып, біресе оң жағына, біресе сол жағына қарай матаның жібін бойлап, «инені алға салу» әдісімен қандай кесте түрі тігіледі

А. Барқыт тігісі

С. Жай тігіс

Б. Санап кестелеу тігісі

Д. Айқыш тігіс

В. Терме тігіс

35. Өсімдіктің жапырағын, гүлді, сондай ақ геометриялық ою, орнекті қай кестелеу түрімен кестелейді

А. Санап кестелеу

С. Айқыштан кестелеу

Б. Шымкесте

Д. дұрыс жауап жоқ

В. Қиып кестелеу

36. Бұл кестемен көрпенің, жастықтың тыстарын, көйлектерді кестелейді

А. Қиып кестелеу

С. Шымкестелеу

Б. Айқыштан кестелеу

Д. Жай кестеле

В. Санап кестелеу

37. Бұл кесте түрі кепенке, шиге тігіледі. Оны жуан етіп ширатылған жіппен тіккендіктен кесте дегеннен гөрі кілем дегенге саяды

А. Гобелен

С. Айқыштан кестелеу

Б. Ришелье

Д. Санап кестелеу

В. Жай кестелеу

38. Көрпенің, жастықтың тыстарын, беторамалдарды, киімді орнектеуге арналған

А. Гобелен

С. Шымкестелеу

Б. Ришелье

Д. Дұрыс жауап жоқ

В. Стлан

39. Жінгерден жүн, жылтырақ жіп қосылған жартылай жүн, ширатылған баумен немесе дайын баулармен тігеді және киімді әшекейлеу үшін пайдаланатын кестелеу түрі

А. Ришелье

С. Баумен кестелеу

Б. Айқыштан кестелеу

Д. Гобелен

В. Стлан

40. Әрбір тармағы өрт ай секілді жай элементтен құралған ою түрі

А. Қошқар мүйіз

Б. Жұлдыз

В. Төртайшық

С. Жұлдыз құрт

Д. Дұрыс жауап жоқ

41. Бес бұрыш жасап, гүлмен өрнектеліп, бес тармақтан тұратын гүлді тұспалдайтын ою түрі

А. Жұлдыз

С. Қошқар мүйіз

Б. Жұлдыз құрт

Д. Жұлдызгүл

В. Төртайшық

42. Бірнеше түстен жолақтар жасап, алма кезек орналасатын ою түрі

А. Жұлдызгүл

С. Кемпірқосақ

Б. Төртайшық

Д. Жұлдыз

В. Жұлдыз құрт

43. Қазақ оюының негізгі және ең көне мәнері

А. Жұлдыз

С. Мүйіз

Б. Кемпірқосақ

Д. Дұрыс жауап жоқ

В. Қошқар

44. Ең көне өрнектеріміздің бірі ретінде мәдени шежіреміз іспетті бұл өрнек Қимақтар мен Қарлұқтардың қолөнерінде сақталған. Және кезінде Айша Бибі күмбезінің кірпіштерін өрнектеу үшін қолданған ою түрі

А. Қосмүйіз

С. Тоғызтөбе

Б. Төртайшық

Д. Жұлдыз құрт

В. Кемпірқосақ

45. Қойдың мүйізін бейнелейтін оюдың түрі, бұл элемент «қошқармүйізге» өте ұқсас

А. Төртайшық

С. Арқармүйіз

Б. Тоғызтөбе

Д. Дұрыс жауап жоқ

В. Жұлдыз құрт

46. Бір біріне жалғаса тармақтала қосылған көпмүйізден құралған ою, өрнектің бір түрі. Ол көбінесе дөңгелек не төртбұрыш ішінде бейнеленеді

А. Қошқар мүйіз

С. Сынық мүйіз

Б. Қырықмүйіз

Д. Арқармүйіз

В. Төрттайшық

47. Морт сынған тік төртбұрыш жасап, төрт рет ішке қарай иіледі. Бұл ою, өрнек кілемдерді, басқұр мен алашаларды, шилерді, сондай ик әртүрі бұйымдарды безендіру үшін пайдаланады.

А. Сынық мүйіз

С. Қырықмүйіз

Б. Қошқар мүйіз

Д. Арқармүйіз

В. Төрттайшық

48. Күстің мойынын тұспалдаудан туған. Бұлар көбінесе мүйіз мәнерімен жасалады. Ол иіле келген доғал тармақты мүйіздерден, ромбылардан, сызықтардан құралады

А. Қошқар мүйіз

С. Төрттайшық

Б. Жұлдыз

Д. Құсмойын

В. Сынық мүйіз

49. Мал таңбасына ұқсайтын өрнек негізінен киім бұйымдарын, текеметтерді, сырмақтарды әшекейлейді

А. Қолдөңгелек

С. Жұлдызгүл

Б. Құсмойын

Д. Төрттайшық

В. Сынық мүйіз

50. Көп жапырақты өсімдік пен көп тармақты мүйіз және геометриялық фигуралар аралас келетін күрделі өрнек. Мұндай өрнектер заттардың бетіне көптармақ болып желіленіп келіп, бүтін бір көрністі: жайлау, орман, жазық дала, кең сақараны меңзеп жасалады

А. Қолдөңгелек

С. Жұлдызгүл

Б. Құсмойын

Д. Шытырман

В. Сынық мүйіз

51. Өрнектің бір элементі шексіз қайталана береді. Есіктің, текемет, сырмақ, кебеже, киім, кешек пен ыдыс, аяқтың жиегіне салынады және бұл өрнекті шексіздікке ұластыратын ою деп те атайды.

A. Қолдөңгелек

C. Жұлдызгүл

B. Құсмойын

Д. Шытырман

B. Шет ою

52. Үш бұрыш үлгілес болып келеді. Үш гүл, үш бұрыш тәрізді тұмарлар тіл мен көзден сақтау үшін адамдарға ғана емес, үй жануарларына да бойтұмар ретінде таңылады. Кілем бұйымдарының жиегінде, киіз, кілем, текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі

A. Шытырман

C. Тұмарша

B. Сынық мүйіз

Д. Дұрыс жауап жоқ

B. Қолдөңгелек

53. Әшекейлі тізілген мойынға салатын моншаққа ұқсас болып келеді. Қазақ оюларының ішіндегі ең көп тараған оюдың түрі

A. Жұлдызгүл

C. Қолалқа

B. Тарақ

Д. Дұрыс жауап жоқ

B. Қолдөңгелек

54. Екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төрт бұрыш бейнелер жасайтын ою түрі

A. Қолалқа

C. Су өрнегі

B. Тарақ

Д. Аламыш

B. Алаша

55. Кәдімгі жауқазын өсімдігін тұспалдайтын ою

A. Алаша

C. Жұлдызгүл

B. Жауқазын

Д. Гүл

B. Аламыш

56. Ағаштың, барлық өсімдіктердің жапырақтарын тұспалдайтын ою, орнек

А. Жұлдызгүл

С. Жапырақ

Б. Жауқазын

Д. Дұрыс жауап жоқ

В. Гүл

57. Қоза оюының пайда болуы неге байланысты

А. Мақтаға

С. Жапыраққа

Б. Жапыраққа

Д. Дұрыс жауап жоқ

В. Гүлге

58. Бұл оюдың кілемге түсірген нұсқасы бүгінгі күнге дейін барлық сырмықта, текеметте, киім кешекте пайдаланып келеді. Бұларда бейнеленген «Құдай әйелдің киімі» өрнегіндегі бас киімі қазақтың ұлттық киіміне келеді

А. Дұрыс жауап жоқ

С. Жұлдызгүл

Б. Қоза

Д. Төртқұлақ

В. Аламыш

59. Бұл ою жыланның бауырын көзге елестетеді. Отырар зергері қолданған бұл өрнекте қыздың қасы секілді қиық сызықтар мен тарыдай ноқаттар алмасып түсіп отырады. Ежелгі қыш бұйымдардағы ирек сызықтар жылан бейнесін тұспалдайды

А. Дұрыс жауап жоқ

С. Тышқан із

Б. Жыланбас

Д. Жылан

В. Жыланбауыр

60. Тоқылған бұйымдардың, үй жихаздарының шетіне салынатын орнек түрі

А. Алақұрт

Б. Аламыш

В. Тышқан із

С. Дұрыс жауап жоқ

Д. Жылан

Тест килттери

1A	16B	31A	46B
2A	17A	32C	47A
3B	18A	33D	48D
4D	19B	34B	49A
5A	20D	35B	50D
6B	21A	36A	51B
7B	22B	37A	52C
8B	23A	38B	53C
9D	24D	39C	54C
10A	25A	40B	55D
11A	26A	41C	56C
12B	27A	42C	57A
13A	28A	43C	58D
14B	29B	44C	59B
15A	30B	45C	60A

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVIII и начала XIX вв. – Алматы, 1971. – 634 с.
2. Гродеков Н.И. Үйленуге қажетті шарттар – құдалық, ұрынтой // Күйеу келтір, қыз ұзату. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер, 1987.
4. Юдахин К. Кыргызча-орусча сөздүк. – М., 1965.
5. Древнетюркский словарь. – Л., 1969.
6. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1, 2, 3-т. 1997.
7. Туркмено-русский словарь. – М., 1956.
8. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Спб., 1893-1911. – Т. I-IV.
9. Русско-туркменский словарь. – М., 1956.
10. Юдахин К. Кыргызча-орусча сөздүк. – М., 1965.
11. Жанпейсов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Наука, 1989.
12. Жәнібеков Ә. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996.
13. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995.
14. Сланов. Ғ. «Дөң асқан». Алматы: Жазушы, 1989
15. Кекілбаев Ә. «Құс қанаты». Алматы: Жазушы, 1989
16. Кекілбаев Ә. «Ең бақытты күн». Алматы: Жазушы, 1989
17. Кекілбаев Ә. «Аш бөрі», Алматы: Жазушы, 1989
18. Сланов Ғ. «Замандастар», Алматы: Қазмемкөркемәдеббаспа, 1985
19. Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. – Алматы: “Мектеп”, 1985.
20. Серғалиев М. «Өнеге»-Алматы: Жазушы, 1989.
21. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: “Дайк-Пресс”, 1999.
22. Руденко С.И. Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагиза. Антропологические особенности западных казахов // Материалы ОКИСАР, Казаки. – Л., 1927. Вып. 3.
23. Қыдыралин У. Қазан төңкерісіне дейінгі Маңғыстау қазақтары. Филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1996.
24. Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб., 1910.

25. Нұрдәулетова XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерекшеліктері: Филол. ғыл. канд. дисс.

26. Уәлиев Н. Кейбір этнографизмдердің лексика-семантикалық аясы // ҚР ҰҚА Хабарлары, 2000. №2.

27. Батыс өңіріндегі тұрғындар тілінің лингвогеографиялық сипаты. // Көркем әдебиет тілінің өзекті мәселелері. “С.М.Исаев оқулары” аясында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы қаласы. ҚҚ том. 30 сәуір 2003 ж. Қайнар университеті. Б.

28. Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб., 1910.

29. Ж. И. Мұхамбетов. Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні.

30. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б

31. Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.

32. Русско-якутский словарь. – М., 1968.

33. Бекмұхаметов Е. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. – Алматы: Қазақстан, 1977.

34. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2001.

35. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995.

36. Аронов Қ. Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты: филол. ғыл. канд. ...дисс.: 10.02.02. – Алматы, 1992.

37. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1 – 4 кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.

38. Хайуанаттар туралы қазақ ертегілері (аңыздар, ертегілер, мысалдар). – Алматы: Ғылым, 1979.

39. Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993.

**Тасмағамбетова Айткүль Рахимбайқызы
Адамқұлов Нұралы Мерекебайұлы**

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМІ МЕН ҚОЛӨНЕР ТАРИХЫ

Оқу құралы

Пішімі 60x84 1/16
Тығыздығы 80 гр./см². Қағаздың ақтығы 95% .
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.
Көлемі 112 бет.

“Отан” ЖҚ баспаханасында басылып
шығарылды ҚР, Алматы, Сатпаев к., №90.
e-mail: otan88@mail.ru